

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

Алтайбаев С. Қ.

ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ЖЕКЕ БАСЫ

**ҚАРАҒАНДЫ
2016**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

Алтайбаев С. Қ.

ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ЖЕКЕ БАСЫ

Оқу құралы

**ҚАРАҒАНДЫ
2016**

ӘОЖ 343.93(075.8)

КБЖ 67.52я73

А 46

Рецензенттер:

- заң ғылымдарының кандидаты, доцент **М. Қ. Ынтықбаев**;

- заң ғылымдарының кандидаты **Б. Б. Коцегулов**

Алтайбаев С. Қ.

А 46 Қылмыскердің жеке басы: *Оқу құралы*. — Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2016. — 100 бет.

ISBN 978-601-7536-88-6

Оқу құралы «Криминология» курсының жоспары бойынша жалпы бөлімде қаралатын тақырыптардың бірін толық қарастыруға арналған. Еңбек «Криминология» курсының басты бөлімдерінің бірі қылмыскердің жеке басын жан-жақты тереңірек оқып білуге бағытталған.

Осы еңбек оқу нысанының барлық түріндегі студенттерге, ведомстволық оқу орындарының курсанттарына, сондай-ақ магистранттар мен докторанттарға, оқытушыларға көмекші құрал ретінде ұсынылады.

Оқу құралы күндізгі және сырттай оқыту факультетінде «Криминология» пәнін оқыту үшін II, III, IV және V курс курсанттарына арналған.

Еңбек қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастамасымен дайындалды.

Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылады.

ISBN 978-601-7536-88-6

ӘОЖ 343.93(075.8)

КБЖ 67.52я73

© Алтайбаев С. Қ., 2016;

© ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы, 2016;

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда елімізде қылмыстылық мәселесі өзіне ерекше назар аудартуда. Қылмыстылық пен оны тудыратын себептерді толық зерттемей, оның қауіптілігін төмендетпей құқықтық-демократиялық мемлекетті одан әрі дамыту мүмкін емес. Соған қатысты Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2014 жылғы 1 қарашадағы «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» Жолдауында, Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасының «Қазақстан — 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында басым міндеттердің ішінде «заңның шексіз үстемдігін және заңды сақтаушы азаматтарды қылмыстылықтан қорғауды орнықтыру қажет» деп атап өткені бар.

Қылмыстылық өзінің шеңберінің өсуімен қазіргі уақытта ұлттық қауіпсіздікке және елімізде жүргізіліп жатқан реформаларға қауіп төндіруі сөзсіз. Демек, бұл мәселені шешу жолы ретінде қылмыстық құқық бұзушылықтың, қылмыстылықтың негізгі себептерінің бірі болып табылатын қылмыскердің жеке басын жетік зерттеу, оның практикалық маңызын ашып көрсету алдағы мақсаттардың бірі болып табылады.

Бұл мәселенің өзектілігі, ең алдымен, қылмыстық құқық бұзушылық жасаушыларды ғылыми тұрғыдан танып білмейінше қылмыстылықпен ықпалды күрес жүргізу мүмкін емес екендігінде болып отыр. Соның ішінде «қылмыскер тұлғасы» мәселесі қылмыстылықтың мәнін түсінудің кілті болып табылады десек қателеспейміз.

Қылмыстық құқық бұзушылықты адамдар жасайды, қылмыс адамдар арасында жасалады. Сондықтан да адам мәселесі ескі және үнемі жаңа да мәселе болып табылады. Ол ауқымды және күрделі, өйткені «адам еңбек пен қарым-қатынастың субъектісі, ол — әлемнің құрушысы және қайта құрушысы, жердегі құндылықтардың жинақтаушысы, материя дамуының жоғары нысаны — қоғам өкілі».

Қылмыстылықпен күрестің барлық сатысында, қылмыстық жауаптылыққа тартудан бастап және жазаны орындау процесімен аяқтағанға дейін қажетті шарт пен міндетті қылмыстық әрекет жасаған кінәлінің жеке басын зерттеу болып табылады.

«Адам» ұғымында оның мәнінің ажырамас әлеуметтік және биологиялық жақтарының біртұтастығы бекітілген. «Тұлға» ұғымына тек ерекше әлеуметтік белгілер тән. Тұлға — бұл адамның әлеуметтік бет бейнесі, қоғамның әлеуметтік даму, қалыптасып және өмір сүру процесіндегі оның болмысы. Олай болса, «қылмыскердің тұлғасы» деген ұғымды қолданған кезде қылмыс жасаған адамның тек «әлеуметтік бейнесі» деп түсінуіміз қажет.

Қылмыстық құқық бұзушылықты уақытылы және нәтижелі ескертуді тек қылмыскердің тұлғасына назар аудару арқылы ғана қол жеткізуге болады. Себебі, тек адам — қылмыскердің себепкері. «... тұлға — қылмыстық мінез-құлық механизмнің барлық сатысының негізгісі және маңыздысы болып табылады... Сондықтан қылмыскер тұлғасы мәселесі криминология мәселелерінің ең күрделі және жетекшілерінің біріне жатады»^{1, 124–126}.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды, оның тұлғасының қалыптасу процесін, оның әрекетіндегі қоғамға қарсы бағыттылықтың пісіп жетілуіне жағдай жасайтын ішкі және сыртқы жағдайларды, әлеуметтік және психологиялық факторларды зерттеу — жеке қылмыстық әрекеттің себебін едәуір толық ашуға апаратын жолдардың бірі ғана емес, сонымен бірге жалпы қылмыстылықпен күрес жүргізудің бірден-бір тиімді жолы болып табылады.

Әрине, қылмыскер тұлғасын, оның қоғамға қауіптілігін, тұлғаның бұзылу деңгейін дұрыс сипаттау және бағалау үшін, ең алдымен, жағымды және жағымсыз әрекеттерінің жасалуына жол ашатын барлық қасиетін, тұлғалық ерекшеліктерін объективті түрде ескеруіміз қажет. Ендеше, біз қылмыс жасаған адамның бойынан жеке және жалпы белгілерге ие индивидті, қоғамның толық құқылы өкілін, біздің болмысымыздың, өкінішке қарай, көлеңке жағын ашатын адамды көруіміз қажет.

Қылмыскердің жеке басы мәселесі — криминология ғылымында өзекті проблема ретінде қарастырылуы, бұл проблеманың негізгі себебі — адамдардың қоғамға қарсы мінезінің қылмыспен байланыста болуы. Қылмыскерлердің қатарына қоғамда жүрген әрбір адамды тенеуге болады, яғни сыртқы формасы заң бұзушылыққа бармайтын адамға ұқсас болса да, сол жеке тұлғаның қандай кәсіппен айналысатынын біз біле бермейміз. Сондықтан қылмыскердің қатарына — көшеде қарақшылық жасаған кәмелетке толмаған жасөспірімді, тапсырыспен көлікті ұрлайтын кәсіби ұрларды, алдын ала өзінің құрбанын тандап алған қылмыскерді, қандай да бір отбасындағы «тәрбиелі» әкені, айналасына қауіп төндіруі мүмкін деп танылған момын адамның себепсіз, өзінің туысқанына қатыгездікпен қылмыс жасаушыны, өзінің сәбиінің өмірін айуандықпен қиған әйел адамды және қоғамда жүрген тағы басқа адамдарды қылмыскер ретінде қарастыруға болады. Бірақ, әрбір жеке алынған ешбір теория, ешбір формула, ешбір ғылыми ойлар, қылмыс деген атауы бар алуан түрлі мінез-құлық формаларына толықтай жауап бере алмайды.

Қылмыскердің жеке басы, оның маңыздылығына, зерттелуіне, құрылымына, типологиясына жаңаша көзқараста ғылыми теориялық және практи-

¹ Криминология: Учебн. / Под. ред. В. Н. Кудрявцева и В. Э. Эминова. — М., 2000.

калық ұсыныстар беріп, әрі қарай дамытуында негізделеді. «Қылмыскердің жеке басы» ұғымының ғылыми және практикалық мәні мен маңыздылығына қатысты криминологтар арасында түпкілікті шешімін тапқан пікір жоқ. Қылмыскердің жеке басына жүргізілген психологиялық және әлеуметтік зерттеулер тынымсыз жүру үстінде. Бұл мәселеге байланысты бір-біріне қарама-қарсы көзқарастар да бар. Жалпы оқулықтың атауы «Қылмыскердің жеке басы» деп аталғанымен қылмыскердің жеке тұлғасы қарастырылады. Қазақ тілінде «тұлға» ұғымы жағымды мағына береді.

ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫ

ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕР

Қылмысты алдын алу бар назарды қылмыскердің жеке тұлғасына аударғанда ғана табысты болады, себебі тек жеке тұлға ғана оны жасаудың басты себепкері болып танылады. Сондықтан жеке тұлға — қылмыстық әрекеттің барлық механизмінің негізгі және маңызды бөлігі деуге болады. Осындай әрекетті тудырып отырған оның ерекшелігі алдын алудың тікелей объектісі болуы керек. Қылмыскердің жеке тұлғасы тақырыбы криминологиядағы ең басты әрі даулы мәселе болғандықтан, бұл тақырып көптеген пікірталас тудырып келеді.

Қылмыскердің жеке тұлғасын зерттеу жалпы жеке тұлғаны зерттеудің бір түрі. Жеке тұлға — адамның әлеуметтік қасиеті, жеке тұлға — саналы, сөйлей алатын және әрекетке қабілетті адам. Адам жеке тұлға болып тумайды, ол қарым-қатынасқа түсу барысында қалыптасады, ендеше қоғамсыз жеке тұлғаның қалыптасуы мүмкін емес. Бұл адам қылмыскер болып тумайды, ол жеке тұлғаға қолайсыз адамгершілік қасиеттердің әсер етуі нәтижесінде қылмыскер болып қалыптасады деген сөз.

Тіпті, қылмыстық құқық бұзушылық сияқты өзіндік салада адам қоғамдық тіршілік иесі болып әрекет етеді. Сондықтан оны бойына адамгершілік, құқықтық, әдеп және өзге де көзқарастар мен құндылықтар қалыптасқан, жеке психологиялық ерекшеліктері бар қоғамдық психологияның әртүрлі формасын тасушы ретінде қабылдау керек. Жалпы, ол қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттің бастауы, оның субъектілік себебі болып табылмайды. Қылмыскердің жеке тұлғасы өзге адамдармен болған әр алуан және жүйелі өзара әрекеттестік үдерісінде қалыптасқан, әлеуметтік жағынан маңызды теріс қасиеттердің жиынтығы. Әрекеттің, түзетуге болатын, таным мен қарым-қатынастың субъектісі ретінде жеке тұлға, аталған қасиеттермен шектеліп қана қоймайды.

Ғылыми және практикалық мақсаттарда қылмыстың жеке тұлғасы қылмыстық әрекетке кінәлі адамдарды біріктіруі тиіс. Қылмыстық құқық бұзушылық зорлау мен алаяқтық сияқты әртүрлі қылмыстан тұратындықтан, қылмыскердің жеке тұлғасы түсінігі де осы қылмысты жасаушы тұлғалардың жиынтығы. Сондықтан криминология барлық қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған жеке тұлғаны зерттемей тұра алмайды, олар криминологиялық танымның заты болуы керек, себебі ол қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда маңызды орын алады. Қылмыскердің жеке тұлғасы туралы түсінік, негізінен, шартты және формальды екенін мойындау керек, себебі белгілі бір әрекеттерді қылмыс құрамына жатқызу заң шығарушыға

байланысты. Ал ол бұрын қылмыстық құқық бұзушылық деп танылған әрекеттерді қылмыстық жауапкершіліктер алып тастауы мүмкін. Сондай-ақ, көптеген қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың, әсіресе абайсызда қылмыс жасағандардың бойында қылмыскерге тән мінез-құлық болмауын да есепке алған жөн. Қылмыскердің жеке тұлғасы туралы түсінік аса қауіпті және қатерлі құқық бұзушыларды анықтаудың белгісі бола бермейді.

Қылмыскердің жеке тұлғасында ерекше мінез-құлықтардың болуы олардың қылмыс жасаған тұлғалардың бойында міндетті түрде болуы керек деген сөз емес. Қылмыскерлердің кейбірінде бұл мінез-құлықтардың болмауы оларды қылмыстық мінез-құлықтың себебін анықтау үшін зерттеудің қажеті жоқ дегенді білдірмейді. Дегенмен қылмыскерлердің негізгі бөлігінің белгілі бір ерекшеліктері бар. Дәл осы факт қылмыскердің жеке тұлғасын жеке, дербес әлеуметтік және психологиялық тип екеніне мүмкіндік береді. Оның өзіне тән ерекшелігі қылмыскерлердің рухани әлемінің ерекшелігін, олардың әлеуметтік орта ықпалына деген жауабын анықтайды.

Жалпы, қылмыскердің жеке тұлғасын өзіне тән қасиеттері бар әлеуметтік және психологиялық модель деп анықтауға болады. Қылмыскерлерге қоғамға жат көзқарастар, адамгершілік құндылықтарға деген теріс ой және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоғамдық қауіпті жолды таңдау немесе теріс нәтижені болдырмауға қажетті белсенділік танытпау тән болады. Бұл анықтама қылмыстық құқық бұзушылықтарды қасақана жасағандарға да, абайсызда жасағандарға да қатысты.

Қылмыскердің жеке тұлғасын криминологиялық тұрғыда зерттеу оның қылмыс жасауға итермелейтін қасиеттері мен ерекшеліктерін анықтап, баға беру арқылы жүзеге асырылады, ол, ең алдымен, қылмыстың алдын алу, соның ішінде сотталған түзелгеннен кейін оны қайталауға жол бермеу мақсатында жүргізіледі. Бұл үш тараптық криминологиялық проблеманың пайда болуына ықпал етеді: қылмыскердің жеке тұлғасы, қылмыстық әрекеттің себебі мен механизмі, қылмысты алдын алу. Дегенмен қылмыскердің жеке тұлғасы басты проблема болып есептеледі, себебі оның криминологиялық ерекшеліктері басты және қылмыстық әрекеттің себебі болып табылады. Сондықтан ол профилактикалық әрекеттің объектісі болуы керек. Бұл сыртқы әлеуметтік факторларды есепке алмау керек деген сөз емес. Біріншіден, жеке тұлғаның криминогендік ерекшеліктері аталған факторлардың ықпалынан қалыптасады. Бірақ жеке тұлғаға «бекіп қалған» олар дербес күшке айналады. Екіншіден, қылмыс жасауға сыртқы орта, жағдаяттар әсер етуі, тіпті итермелеуі мүмкін. Ендеше жеке қылмыстық әрекет механизмінде қылмыскердің жеке тұлғасы сыртқы факторларға қатысты басты рөлді атқарады. Сондықтан қылмысты жасауды жеке тұлғаның өмірлік нақты жағда-

яттармен қарапайым өзара әрекеттестігінің нәтижесі ретінде ғана қарап қоймау керек. Қылмыстық құқық бұзушылық — жағдаяттық факторлармен өзара әрекеттестікке түсетін жеке тұлғаның криминогендік ерекшеліктерін жүзеге асырудың салдары.

Жоғарыда аталған қасиеттерге ие адам қылмыс жасауы мүмкін деген факт қылмыстық құқық бұзушылық әрекет үшін міндетті емес. Бұл қасиет әрекеттер жүзеге асуы да, аспауы да мүмкін, ол мұндай әрекетке кедергі келтіретін, тіпті болдырмауға қабілетті, жеке тұлғаның өзіне де, сыртқы жағдайларға да байланысты.

Қылмыскердің жеке тұлғасын зерттеу құқықтық негізде құрылуы керек — заң тексеріліп отырған тұлғаны қылмыс субъектісі деп тануы керек. Сондықтан қаралып отырған санат белгілі бір уақыт шеңберін қамтиды: түзету анықталғанға дейінгі сәтке дейін емес, сот куәландырған — қылмыс жасаған сәттен бастап қылмыстық жазаны өтегенге дейін. Жазаны өтегеннен кейін адам қылмыскер емес және қылмыстық жеке тұлға ретінде емес, қылмыстық жолға қайта түсуге, әсіресе қылмысты қайталап жасағаны туралы сөз болғанда, бейімді тұлға ретінде қаралады.

Ендеше қылмыстық құқық бұзушылық жасағандарды ғана емес, шындығында қылмыс жасамаса да, өмір салты, қарым-қатынасы, көзқарасы және бағдары қылмыс жасауға бейім екенін білдіретіндерді де зерттеу керек. Осыған орай, криминологиялық салада маскүнемдер, нашақорлар, қаңғыбастар, жезөкшелер және қоғамға жат ұсақ бұзақылықтар жасаушы тұлғалар тексеруге алынады.

Қылмыскердің жеке тұлғасын зерттеу проблемасын төрт «бөлікке» бөлуге болатын қандайда бір алгоритм ретінде жүргізуге болады:

1) қылмыскердің жеке тұлғасының қалыптасуы, жеке тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және жасаған кездегі нақты өмірлік жағдайлармен өзара әрекеттестігі;

2) қылмыскердің жасаған қылмыстық құқық бұзушылығымен байланысты әділдік орнату кезіндегі жеке тұлғасы;

3) қылмыскердің жазаны өтеу кезеңінде, соның ішінде бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеу кезіндегі жеке тұлғасы;

4) босап шыққаннан кейін жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік туумен байланысты жаңа жағдайларға бейімделу кезеңіндегі жеке тұлғасы.

Ұсынылған жіктеумен қатар оны зерттейтін ғылымдардың жетістіктері мен әдістерін тарта отырып, қылмыскердің жеке тұлғасының негізгі аспектілерін жіктеуге болады. Мұнда қылмыскердің жеке тұлғасының келесі аспектілері бар: пәлсапалық (философиялық), әлеуметтік, психологиялық, этикалық, экономикалық, демографиялық, құқықтық, медициналық.

Оған бір тұтастықты беретін, қылмыскердің жеке тұлғасының басты бөлігін ашып алу аса маңызды. Жеке тұлғаның тұтастығын оның жоғарыда аталған психологиялық, демографиялық, құқықтық және т. б. барлық белгісін жай ғана санап шығу деп түсінуге болмайды. Мұндай санамалау сырттай жан-жақты қамтуды білдіргенімен, шындығында қабылдаудың тұтастығын жоғалтуға әкеп соғады. Қылмыскердің жеке тұлғасын әлеуметтік және биологиялық ерекшеліктері бар, психология арқылы ықпал етуге бейімді, қоғамдық қарым-қатынастардың субъектісі мен объектісі ретінде қарастыру керек. Жеке тұлғаның тұтастығы туралы түсінік оның өмір салты мен әрекетіндегі тұрақтылық, жеке тұлғаның қайшылықсыздық түсінігіне сәйкес келеді. Кез келген жеке адам — бұл тұтастық, ол әр адамның бүтіндігі емес. Басқаша алып қарасақ, оның бүтіндігі немесе қайшылықсыздығы бар-жоғы — тұтастықтың әр алуан, жеке бір өзіндік формасы ғана.

Тұтастық идеясының құндылығы сонда, ол жеке тұлғаны бүтіндей оның компоненттерімен (құрылымдық бөліктері) бірге көруге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың бір-бірімен және бүтіндей өзара байланысын да көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бүтіндей дамудың өзіндік бір заңдылығы да бар және бұл даму оның биологиялық әрі әлеуметтік табиғатының, тарихы мен дамуының өзіне тән ерекшелігіне қарай нақты жүйе үшін маңызды. Басқаша айтқанда, жеке тұлға мен оның қылықтары нақты адамның өмір жолының заңды сәйкестіктері анықталған кезде ғана түсінікті болады. Жеке тұлғаның өзіндік тұтастығын да, оның барлық заңды сәйкестігін де жеке адам сезіне бермейді.

Қылмыскердің жеке тұлғасы теориясын криминологияның белгілі бір даму кезеңінде пайда болған қандай да бір реттелген және жүйеленген білім ретінде қарастыру керек, ол қылмыс жасағандарды, олардың дамуын бейнелеп және түсіндіріп береді. Криминология ғылымы қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі жеке тұлғаны зерттеуден басталған.

Қылмыскердің жеке тұлғасы туралы білім ғылыми теориядан тұрады, біріншіден, себебі бұл жай ғана белгілі бір әлеуметтік құбылыс туралы білім жиынтығы немесе қосындысы емес, күрделі ұйымдастырылған, жүйеленген, іштей тұйық және логикалық тұрғыда жалпы қарама-қайшылықсыз жүйе, оның өзіндік қағидасы, идеялары, ойлары, фактілері мен түсініктері бар. Екіншіден, криминологияның бұл саласы тәжірибеде тексерілген мәліметтері бар, эмпирикалық зерттеулерге сүйенеді, қылмыскердің жеке тұлғасын, оның негізгі қасиеттері мен қалыптасу механизмін және т. б. барынша толық сипаттап және түсіндіріп бере алады.

Бұл сипаттаулар мен түсіндірулер толықтай негізделген. Үшіншіден, ол жеке қылмыстық мінез-құлықты болжауға мүмкіндік береді және мұндай болжам жасаудың әдісін дайындауға жағдай жасайды. Төртіншіден, нақты

теория қылмысты жеке алдын алу және қылмыскерлерді түзетуді жүзеге асыру кезінде кеңінен қолданылатын, көптеген тәжірибелік ұсыныс пен кеңестерге негіз бола алады.

Қылмыскердің жеке тұлғасын зерттеудегі жетістіктерді санамағанда, бұл жеке тұлғаны криминологиялық зерттеу қылмыстық әрекеттің себебі мен механизмін түсіндіруге мүмкіндік береді. Сондықтан да қылмыскердің жеке тұлғасы туралы білім өзге де теориялардың, соның ішінде, ең алдымен, қылмыстық құқық бұзушылық әрекет теориясы мен қылмысты жеке алдын алу теориясының да тұжырымдамалық негізі ретінде маңызды рөл атқарады.

Қылмыскердің жеке тұлғасы туралы ғылыми түсініктер әртүрлі теориялық негіздерден: философия, социология (әлеуметтану), психология, криминалистика және әсіресе қылмыстық құқық ғылымдарынан құралған және қылмыстың алдын алу мен тексеру, сотта қылмыстық істі қарау, қылмыскерлерді түзету бойынша әрекеттерде қолданылып келеді. Арнайы криминологиялық зерттеулер де ерекше рөл атқарды. Жалпы, бұл теорияның қалыптасуы қоғамдық тәжірибенің қажеттіліктерімен, қылмыстық құқық бұзушылықпен тиімді күресуді арттыру қажеттілігінен қалыптасты. Әрине, бұл теорияның, жалпы криминология ғылымының да қатал, тікелей және тура анықтама жасауда қоғамдық қажеттілік болған жоқ. Қажеттіліктің туындауы жаңа білім немесе ғылыми пәндердің пайда болуы үшін жеткіліксіз. Ол үшін ғылымның өзінде проблемаларды шешудің алғышарттары пісіп-жетілуі тиіс, себебі оның өзіндік қозғалу заңдылықтары бар.

Қылмыскердің жеке тұлғасы туралы білім пайда болмас бұрын зерттелетін құбылысты схемалау (немесе дәріптеу) пайда болды, мысал ретінде антропологиялық мектеп шеңберінде пайда болған, туа біткен қылмыскер (қылмыстық жеке тұлға) туралы ілімді алуға болады. Қылмыстың табиғаты мен себебі туралы отандық криминологиялық теорияның қалыптасуы басты ерекшелігі қылмыскердің жеке тұлғасының әлеуметтік жаратылысын мойындау болып табылатын тұжырымдама құруға мүмкіндік берді. Бұл тұжырымдаманың көмегімен, биологизаторлық және социологизаторлық сипатының қателіктеріне қарамастан, қажетті жеке тұлғаның басты қасиеттері мен ерекшеліктері сипатталды.

ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ ТҮСІНІГІ, КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСКЕРЛЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Қылмыскер тұлғасы, оның түсінігі, құрылымы, қылмыс жасаған адамның әлеуметтік мәнін білдіретін қазіргі криминология мәселелерінің бірі

ретінде жетекші құқықтанушылардың басым көпшілігімен негізделген түрде қарастырылуда.

Қылмыскер тұлғасы туралы мәселе криминологиядағы біршама күрделі және түрлі талас тудыратын мәселенің бірі болып табылады. Бұл мәселенің маңыздылығы, ең алдымен, қылмыстық құқық бұзушылықта адам қылығының әрекеті және әрі нақты адамның еркін білдіруі ретінде, оның өзіндік сипатының және ерекшелігінің мәндік жағынан шығады.

Сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның тұлғасы қылмыстық саладағы көптеген ғылымның мұқият зерттеу объектісі болып табылады. Криминологиялық зерттеу объектісі: қылмыс жасаған жекелеген адамдар; қылмыскерлердің әртүрлі контингенті (кәмелеттік толмағандар, қылмысты қайталап жасағандар); қылмыскерлердің әртүрлі криминологиялық типтері болып табылды. Ал міндеті — қылмыстылыққа және қылмыстық құқық бұзушылықтарға жақын себептік байланыстарды анықтауға мүмкіндік беретін, себептік кешендерді, тізбектердің сипаттамалар шеңберін жіктеу. Қылмыскер тұлғасының ерекшеліктерін зерттеу, «криминология» ғылымы қалыптасқан тұтастай ғылыми бағытты тудырды. Сондықтан да бірде-бір криминолог қандай да бір мектептің өкілі болсын, қандай да бір бағыт ұстансын, ол қылмыс жасаған адаммен байланысты мәселеге көз жұмып өтіп кете алмайды. Ол адамды қысқаша «қылмыскер» деп атайық. Бұл түсінік формальды түрде қолданылады және ол адамның ешқандай ерекше қылмыстық бейнесін көрсетпейді және оның қылмыс жасау фактісін білдірмейді^{2, 274—275}. Бұл ұғымды туа біткен қылмыскер идеясының жақтастары қолданатын «қылмыстық адам» ұғымынан ажыратып қарау керек.

Қылмыскер тұлғасы. Бұл сөздің астында не жатыр? Бұл ұғымның әртүрлі анықтамасы бар, криминологиялық ілім тұлғаны біртұтас адамның әлеуметтік сапасын білдіретін құрылым ретінде қарастырудан бастау алады. Тұлға қоғамдық қатынастар процесінде қалыптасады, яғни ол — адамның әлеуметтенуінің жемісі. Оның үстіне, адамның әлеуметтік және биологиялық бастаулары бірге болады. Әлеуметтік пен биологиялықтың арақатынасында биологиялық әлеуметтілікке бағыныштылық қатынаста болады және ол «адам бейнесі» түрінде көрініс табады. Биологиялық өзінің бойында адамның генетикалық және әлеуметтік байланысын шоғырландырса, әлеуметтік тек маңызды әлеуметтік белгілерді қамтиды. Жеке тұлға ішкі жан дүние (сана) мен сыртқы (қызметінің) жиынтығы болып табылады. Жеке тұлғаның мәнін бұлай анықтау философияда бұрыннан қалыптасқан. Адамның тұлғасы оның әлеуметтік ортамен оның өмірлік қызметі байланы-

² Криминология / Под. ред. А. И. Долговой. — М., 1996.

сының арақатынасы арқылы көрініс тапқан әлеуметтік-психологиялық қасиеттер мен сапалық белгілер жүйесін білдіреді.

«Адам» ұғымында оның мәнінің ажырамас әлеуметтік және биологиялық жақтарының біртұтастығы бекітілген. Тұлға — бұл «адамның әлеуметтік бет бейнесі», қоғамдағы әлеуметтік даму, қалыптасып және өмір сүру процесіндегі оның болмысы. Олай болса, «қылмыскердің тұлғасы» деген ұғымды қолданған кезде қылмыс жасаған адамның тек «әлеуметтік бейнесі» деп түсінуіміз қажет.

Тұлға дегеніміз кім? Бұған байланысты келесідей парадигмалар бар: Тұлға — әлеуметтік қатынастар субъектісі ретіндегі индивид; индивид тұлға болады. Қылмыскер тұлғасы — индивидтің қылмыс жасау сипатында көрінетін психикалық ерекшеліктер жиынтығы.

Тұлға — бұл қоғамдық қатынастар жиынтығы. Бұл марксистік көзқараста тұлға қоғамдық қатынастар субстраты ретінде қарастырылады. 30-жылдардағы дискуссия нәтижесінде криминологияға тыйым салынған болатын. 1965 жылы дәл осындай мәжілісте кеңес криминологиясын жаңғырту ұсынылды. «Введение в криминологию» деген кітап шықты, бірақ онда қылмыскер тұлғасы туралы сөз болмаған, себебі 30-шы жылдағы мәжіліс қылмыскер тұлғасына қатысты мәселелерді, соның ішінде, ломброзияндық қайта көтерілген болатын, себебі тұлға сөзіне мүлдем тыйым салынды. Тұлға сөзі кейіннен ғана айтыла бастады. Тұлға — қоғамдық қатынастар жиынтығы, бұл белгілі бір дәрежеде дұрыс, бірақ тұлға туралы барлық нәрсе осымен айтылып қоймайды.

Тұлға — бұл индивидуалдық, қайталанбастық. «Адам» және «персона (тұлға)» түсініктері ажыратылады. Адам ұғымы кең деп саналады, себебі кез келген адам — тұлға емес, керісінше, кез келген тұлға — адам.

Қылмысты жасау фактісі тұлғаны қоғамға қайшы сияқты сипаттайды. Бірақ, ол бүкіл оның мазмұнын аша алмайды және түсіндірмейді. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаны алып қарағанда, К. Маркстің айтуынша, тек қана құқық бұзушы ретінде қарастырмай, оны одан да тереңірек ойланып қарастыруымыз керек. Яғни, «құқық бұзушыны мемлекет адам ретінде көруі тиіс..., жүрегі бар, мемлекеттің тірі бөлшегі ретінде; Отанды қорғайтын әскер ретінде; Сотта туындайтын қандай да бір куә ретінде; қоғамдық функцияны атқаратын қоғам мүшесі ретінде; отбасының иесі ретінде және ең өзектісі болып — мемлекеттің азаматы ретінде көруі тиіс», — дейді.

60-жылдардың аяғында И. И. Карпец «Қылмыстық құқық үшін «қылмыс субъектісі» деген өзінің мазмұны бойынша да өте дәл және дәстүрлі түсініктің толықтай жеткілікті» екендігі туралы пікірін айта отырып, осылайша «қылмыскер тұлғасы» деген түсінікке қарсы шыққан болатын.

Криминологияда қылмыскер тұлғасы ретінде қоғамға қауіпті әрекет жасаған кінәлі адам тұлғасы түсініледі. А. А. Герцензон: «Қылмыскер — индивид, нақты өмірлік жағдайға байланысты ондағы қоғамға қарсы аморальдық көзқарастарының барына байланысты қоғамға қауіпті әрекет жасаған», — деп анықтама береді. Профессор Н. С. Лейкина өз алдына: «Қылмыскер тұлғасы — бұл осы адамға тән қоғам мүдделеріне жағымсыз көзқарастарының және оны шешу үшін қоғамға қауіпті жол таңдау немесе оның нәтижелерін тойтаруға деген белсенділік танытпау нәтижесінде қылмыс жасаған адам тұлғасы», — дейді.

И. И. Карпец және В. Б. Сахаров сынды профессорлар қылмыскер тұлғасы ретінде қылмыстық заңды бұзған кінәлі адамды сипаттайтын әлеуметтік және әлеуметтік маңызды қасиеттер, белгілер, қатынастар жиынтығы және оның қоғамға қауіпті мінез-құлқына әсер ететін басқа да мән жайлар мен шарттардың ұштасуын түсінеді.

Н. С. Лейкинаның қылмыскердің жеке тұлғасына берген анықтамасы біршама тереңірек және нақтырақ болып табылады. Ол жерде «қылмыскер тұлғасының» түсінігі қасақана қылмыс жасаған адамдарды да, жағдайлық, қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын ала ойластырмаған адамдарды және абайсызда қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды да қамтиды.

Қылмыскер тұлғасы қылмыс субъектісінің әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-рөлдік, әлеуметтік-психологиялық қасиеттерінің жүйесі ретінде зерттеледі. Қылмыскер тұлғасына қатысты оның бойындағы әлеуметтік және биологиялық арақатынас да қарастырылады.

Қылмыскер тұлғасын қалған басқа адамдар көпшілігінен ажыратып көрсету құқықтық және әлеуметтік (әлеуметтік-психологиялық) өлшемдер негізінде жүзеге асырылады. Қылмыскер тұлғасын тек құқықтық өлшем тұрғысынан анықтау, оны қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам ретінде қарастырады. Бірақ, мұндай тұрғыдан қарау қайталама элементтерін көрсетеді. Қылмыскер тұлғасының мұндай түсінігі «формальді сипатқа ие».

Сондықтан құқықтық өлшем қажеттілік жағдайында әлеуметтік өлшеммен (әлеуметтік-психологиялық) толықтырылуы керек, оған сәйкес қылмыскер тұлғасына қандай да болсын қоғамға қарсы бағыт (бағдар) немесе жекелеген қоғамға қарсы сипаттар белгілі бір дәрежеге тән.

Бұл жағдай тек кәсіптенген қылмыскерге ғана емес, сондай-ақ абайсызда немесе аффект жағдайында қылмыс жасаған адамға да қатысты. Аталғанға қылмыстық заңды бұзбаған, бірақ өздерінің қоғамға қарсы әдеттерін көрсеткен, мысалы, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, қылмыстық жолға түсуі мүмкін адамдарды да зерттеу кіреді. Яғни, жоғарыда аталған мағынадағы қарастырылып жатқан ғылым саласының ескерту шараларына

құқық бұзушы тұлғасымен қатар, басқа да адамдар категориясы кіреді. Жалпы алғанда, тұлғалық қасиеттер туралы барлық және жеке қылмыс субъектісіне қатысты олардың қылмыс себептеріне қатысты маңызды мәліметтерді құрайды, ал өз алдына жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтарды ескерту шараларын таңдауда қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық құқық бұзушылықты уақытылы және нәтижелі ескертуді тек қылмыскердің тұлғасына назар аудару арқылы ғана қол жеткізуге болады. Себебі, тек адам — қылмыстың себепкері. Тұлға қылмыстық мінез-құлық механизмінің барлық сатысының негізгісі және маңыздысы болып табылады. Сондықтан қылмыскер тұлғасы мәселесі криминология мәселелерінің ең күрделі және жетекшілерінің біріне жатады.

Тіліміздегі «тұлға, жеке тұлға» ұғымдары «адам, ... қандай да бір қасиеттердің иесі... немесе «бір адамға тән, оның жеке тұлғалығын білдіретін қасиеттер жиынтығы...», «қоғамда жеке адам индивидуум...» деп анықталады. «Жеке тұлға» дегеніміз — адамның мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы. «Қылмыскер» сөзімен «қылмыс жасаған адамды» (жеке мағынада) немесе «қылмыс жасаған немесе жасап жатқан адамға тән оның даралығын құрайтын қасиеттер жиынтығы»^{3, 23} деп көрсетуге болады.

Криминологтар бұл қасиеттер жиынтығын қылмыстық істерді тергеу мен қарау үшін пайдаланады, сондай-ақ жеке ескерту әдістемесі мен негізін жасау кезінде зерттейді. Нақты бір қылмыскерге ғана тән қасиеттер мен сипаттарын зерттеп, оған байланысты оның қылмыстық құқық бұзушылық әрекетінің себебін айтуға болады, алайда бұл тұрғыдан қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы себептерін анықтау мүмкін емес. Сондықтан қылмыскердің тұлғасын топ деңгейінде және «қылмыс субъектісінің» жиынтығы ретінде біртұтастай, яғни типологияны пайдалана отырып зерттеу қажет. Мұндай зерттеуде жасаған қылмысының ұқсастығына және қылмыстық құқық бұзушылық әрекет субъектісінің жеке қасиеттерінің мазмұнына байланысты қылмыскерлердің категориялары мен типтері зерттеледі. Осылайша, қылмыскердің тұлғасы — бұл адамды және оның қоғамдық өмірдің әртүрлі жағы мен көріністеріндегі әлеуметтік маңызды және индивидуалды белгілердің, қасиеттердің сапалық белгілердің және басқа да көрсеткіштердің белгілі бір жиынтығы немесе олардың жүйесі болып табылады.

Қылмыскер тұлғасын зерттеу ең алдымен ол қылмыс субъектісі бола ала ма, қылмыс құрамын бекіту үшін және қылмыстық құқық бұзушылықты дәл саралау үшін маңызды рөл атқара ма және қылмыс құрамының белгі-

³ Криминология / Под. ред. Н. А. Беляева. — СПб., 1992.

лерін мәнді белгілерін анықтауға көмектеседі. Қылмыскер тұлғасын зерттеудің басты бағыттары мыналар болып табылады:

- кінәлінің әрекетінде қылмыс құрамын анықтау;
- жауаптылық сипаты мен дәрежесін белгілеу;
- жазаны жекелеу;
- сотталғандардың түзелу және қайта тәрбиелену дәрежесін анықтау;
- құқық бұзушылықпен күресте қоғамның қызметі;
- кінәлімен қылмыс жасауға түрткі болған себептер мен шарттарды анықтау және жою;
- соттық және тергеу материалдарын жалпылау.

Сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам тұлғасын қарастырғанда, заң оның қылмыстық әрекетінің жеңілдететін және ауырлататын жақтарын нақты қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу себептері мен шарттарын анықтау мақсатында зерттеу қажет. Осылайша, құқық қорғау органдары қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу барысында және нақты қылмыскердің қылмысты жасау себептері мен шарттарын зерттеуі қажет. Қылмыскер тұлғасы — бұл оның қылмыс жасауға итермелеген оның кінәсін ауырлататын немесе жеңілдететін жеке қасиеттерінің жиынтығы.

Қорыта келе, айтып өтетін нәрсе криминологияда қылмыскердің тұлғасында бастысы — оның қылмыстық мінез-құлқын тудыратын ортамен немесе қылмыстық құқық бұзушылық алдындағы жағдаймен байланысты қоғамға қарсы қалыптасу сипатындағы механизмдері, нысандары, жолдары, қайнар көздері, мәні және табиғаты болып табылады. Яғни, қылмыстық құқық бұзушылық жасау себепін түсіндіруге мүмкіндік беретін қылмыскер туралы барлық мәлімет. Мұндай зерттеу нәтижелері қылмыстық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу мәселелерінің криминологиялық қарсы шара қолдану жұмыстарына негіздеме болып табылады.

Статистика, ғылым ретінде өмірдегі көптеген жағдайды жинау, талдау шығаратын мөлшерлі мәліметтер жиынтығы ретінде қалыптасқан. Яғни, қылмыскер тұлғасының криминологиялық мінезін, психологиялық жақтарын, қылмыстық құқықтың белгілерін, әлеуметтік-демографиялық және т. б. қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы жинақтары барлық қылмыстық құқық бұзушылық жасаушыға тән болып келеді. Мысалы: әрбір бесінші қылмыстық құқық бұзушылық маскүнемдік жағдайында жасалады, сондай-ақ адам өлтірудің ішінде 50 % (пайызы) тұрмыстық жағдайда жасалады, ұрлықтың көптеген түрі мүліктік қылмыстардың құрамына кіреді деген сияқты қалыптасқан мәліметтер тек қылмыстық құқық бұзушылықтардың көлемдік жағын ғана емес, сонымен қатар қылмыскерлердің қылмыстық құқық бұзушылықты жасау типтерін одан әрі зерттеуге мүмкіндік береді.

Басқаша айтқанда, осындай статистикалық мәліметтерді ала отырып қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілі бір түрі қаншалықты түрде дамыған, сол қылмыстық құқық бұзушылық түрінің әлеуметтік типтерін зерттеп дамыту үшін қажет. Қазақстан Республикасында жыл бойына қылмыстық құқық бұзушылықтардың қандай түрі көп таралған және оның қоғамға қауіптілігі қаншалықты дәрежеде болып отыр, яғни бұл мәліметтер негізінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың таралғандығын, сондай-ақ қылмыскерлердің типтерін зерттеуге мүмкіндік береді.

«Іс-қимылдың неге криминалдық варианттың таңдады» деген сұрақ жалпы детерминацияны емес, нақты себептілікті талдауды керек етеді. Оған жауап беру үшін қылмыскердің әлеуметтік сипаттамалары — қылмыскердің жеке басы зерттеледі.

«Қылмыскер тұлғасы» туралы жалпы түсінікті иелене отырып, оның «қасиеттеріне», яғни, ең алдымен, ол неден тұратынына көшуге болады.

Бұл жағдайда қылмыскер тұлғасы екі аспектіде зерттеледі: біріншіден, әлеуметтік байланыс және әсер ету объектісі ретінде. Екіншіден, белсенді мақсатты бағытталған қызмет субъектісі ретінде.

Қылмыскерді зерттеуде бір-бірімен тығыз байланысты екі жол бар: әлеуметтік-типологиялық және әлеуметтік-рөлдік. Әлеуметтік талдауды этика-құқықтықпен толықтыру маңызды. Әлеуметтік-психологиялық жол әдеттегі нормадан ауытқу механизмдерін түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық зерттеу жолы қылмыскер тұлғасын жеке зерттеумен толықтырылуы керек. Қылмыстық құқық бұзушылықтан қылмыстылыққа өткен сайын психология аясы тарыла бастайды. Қылмыскер тұлғасын зерттеудің барлық деңгейінде этика-құқықтық зерттеулер өз мәнін сақтап қалады.

Тағы бір айта кететін мәселе, заң әдебиеттерінде қылмыскердің тұлғасы мәселесі кеңінен талқылануда. «Қылмыскер тұлғасы» ұғымының ғылыми және практикалық мәні мен маңыздылығына қатысты криминологтар арасында түпкілікті шешімін тапқан пікір жоқ. Бұл мәселеге байланысты бір-біріне қарама-қарсы екі көзқарас бар:

1. «қылмыскер тұлғасы» ұғымы «қылмыс жасаған адам» немесе «қылмыс субъектісі» түсініктерімен біртұтас емес.

Мұндай көзқарас авторлары терең негізделген пікірді айта отырып, ол бойынша құқықтанушылар жоғарыдағы ұғымдарды, ал социологтар тұлға, индивид, адам ұғымдарын ажырата қарастырады.

2. Авторлардың екінші тобы, «қылмыскердің тұлғасы» ұғымының ғылыми және практикалық маңыздылығына күмән келтіреді, олардың ойынша заңды сақтаушы азаматтардың жағымды мінез-құлқынан ажырататын қылмыскер тұлғасын сипаттайтын ерекше қасиеттермен сапалық белгілер жоқ

деп есептейді. Қылмыскер тұлғасы деген ұғымның өзі қылмыстық заңды бұзған және қылмыстық құқық бұзушылық әрекет жасаған адамды білдіреді, сондықтан өзінің мазмұны жағынан дәстүрлі және өте дәл қылмыс субъектісі ұғымын пайдалану жеткілікті.

Сонғы көзқарас төмендегі негіздер бойынша дұрыс емес:

«Қылмыс субъектісі» — бұл қылмыстық-құқықтық түсінік және ол қатаң анықталған белгілерден тұрады: 1) жеке тұлға (адам); 2) есі дұрыс; 3) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытында қылмыстық жауаптылық туатын жасқа жетуі. Осылайша, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытында 14 немесе 16 жасқа толған есі дұрыс тұлға қалыптасуының белгілі бір сатысында тұрғанның өзінде ерекше сипаттар, қасиеттер мен сапалық белгілерді үйлестіретін адам, күрделі қылмыстық мінез-құлық механизмнің әсерінен оны қылмыскер тұлғасына айналдырады.

Қылмыс субъектісі (белгілі бір жасқа толған, есі дұрыс адам) қылмыскер тұлғасы болуы мүмкін емес, бірақ бұлар бірінен кейін бірі тұратын ұқсас емес кезекті түсініктер, олар қылмыстық құқықта әртүрлі қызмет атқарады: біріншісі (қылмыс субъектісі) — қылмыстық жауаптылық негізіне кіретінді шарттарының бірінің қызметін, екіншісі (қылмыскердің тұлғасы) — дараландыру қызметін атқарады.

Жоғарыда аталған қылмыскер тұлғасын жоққа шығаратын көзқарастың қате екені теория тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ құқық қорғау органдарының тәжірибелік тұрғысынан да белгілі, өйткені оны тәрбиелеу, алдын алу және мәжбүрлік сипатты бағыттағы жұмыстарының негіздері жойылады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды заң сақтаушы азаматтардан ажырататын қандай да ажырататын қасиеттер мен сапалық белгілері жоқ болса, онда қандай превенциялық жұмыстар жүргізуге болады.

Қазіргі кезде таралып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірі экономикалық қылмыстар, олар көптеген түрінің көбейіп кетуіне байланысты қылмыскердің тұлғасын жетілуіне қиыншылықтар тудырады. Яғни, экономика саласында қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету жолында бухгалтерлік құжаттарды бұрмалауда кішігірім алдаушылықтан бастап, көлемді ақшалай операцияларды, есеп жүргізуін бұзуға дейін жететіндей түрлі қылмыстық құқық бұзушылықтың болуы себеп болып отыр. Сондықтан экономика саласындағы жалпылама қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарағанда қарастыру, зерттеуде өзгешелігі бар.

Г. И. Шнайдердің дәл тауып айтқаны бойынша, әр адамның бұл қоғамда өзінің алып тұрған орнына қарамастан, не қылмыскерге, я болмаса қылмыскердің құрбанына айналып кетуі әбден мүмкін. Кәметке толмаған ересек балалардың екінің бірі өмірінде міндетті түрде бір рет болса да ұсақ-түйек

қылмыстық құқық бұзушылыққа барады, ол, мысалы: ұрлық, бұзақылық, вандализм.

Күндердің күнінде әрқайсымыз әр жағдайда белгілі бір қылмыскердің қолынан зардап шегеміз.

Бүгінгі күннің қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарына және зардап шегудің қатеріне біз мынадай мысалдарды келтіре аламыз. Мысалы, базарлардағы таразылардың дұрыс, тура болмауы, белгілі бір заттардың үстінен баға қосып сату, жала жабу, ұрып-соғып денсаулыққа зиян келтіру, сонымен қатар оның автокөлігінің радио-антенасын, дөңгелегін шешіп алу, көліктегі радиоқабылдағышын ұрлап кету және т. б. заттар, осының бәрі күнделікті жеңіл, ұсақ-түйік қылмыстық құқық бұзушылықтарға жатқызамыз.

Сондай-ақ, өте ауыр заң бұзушылықтар көп кездеседі. Шаруашылыққа, қоршаған ортаға қарсы мүліктік кесірін тигізетін, көпшілік адамның көбіне физикалық және моральдық тұрғыдағы ауыртпалық тигізеді, бірақ, өкінішке қарай, әрбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыстық жазасы бар екендігіне күмән келтіріп, сенімсіздік білдіреді.

Қылмыскер тұлғасына арналған алғашқы монографиялық жұмыстардың бірінде, қылмыскердің қатарына біз өзінің істеп жатқан қоғамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылығының толықтай жауапкершілігін мойындай тұрып, заңмен тыйым салынған және қылмыстық жауапкершілігінің мөлшері өте жоғары екені туралы толық түсінігі бар бола тұрып сол қылмысқа баратын адам жөнінде айтылады.

Кеңестік криминология Қазан төңкерісінен (1917 жылдары) кейін, алғашқы жылдардан бастап қылмыстылықтың саны, қамқорсыз және үйсіз қалған адамдардың көбеюі Ресейдің ғалымдарымен қылмыскердің тұлғасын зерттеуге себеп болды.

Криминология проблемалармен айналысатын ғылыми мекемелердің теориялық бастаулары мен әдіснамалық базалары қандай болған екен десек, 20-жылдардың басында бұрынғы патшалық Ресей университеті профессорларының еңбектері бастау салған. Сол жылдары үлкен үлес қосқандар: К. А. Тимирязев және М. Н. Вернадский деген жаратылыстанушылар; психолог әрі психиатр Б. М. Бехтерев; физиолог И. П. Павлов; заңгер және криминолог М. Н. Гернет; П. И. Люблинский және А. Н. Трайнин криминалистер және басқа да танымал көптеген ғалым болған.

Қылмыстар мен қылмыскер мәселелері біршама ғалымның ойлары мен көзқарастары ғылыми тартыстарға әкеп соқты. Ломброзияндық ұстанымдарға қарсы бағытталған пікірлер пайда бола бастады, яғни адам қылмыскер болып тумайды, ол қандайда бір сыртқы жағдай мен ортасының әсер ету негізінде болады.

20-жылдарда қылмыстылық пен қылмыскерді оқып білу үшін пайда болған алғашқы ғылыми мекемелер нақты қолданбалы зерттеулерге кірісе бастады.

Қылмыстық-атқару, денсаулық, әділет органдарының тікелей қатысуымен қылмыстылық пен қылмыскерді оқып білуде кабинеттер мен клиникалар, осы бағыт бойынша ведомствалар құрыла бастады. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстылық және қадағалаусыздықпен күресуге КСРО-ның Халықтық комиссариаты өз үлесін қосып қатысқан.

1923 жылдары МосЗдрав бөлімінің қарамағында қылмыстылық пен қылмыскерді зерттеуге арналған арнайы кабинет құрылды. Нәтижесінде 1920 жылдарда тар бағыты бар криминология мен проблемалардың ішіндегі қылмыскер тұлғасының себептерін зерттеуде көптеген мекеме, ұйымдар, ведомстволар орын алды. Бірақ зерттеулердің тақырыбы біріккен ойда және нақты жоспарлы негізді болған жоқ. Сыртқы ортаны зерттеудің орнына, қылмыскерлердің арнайы психикасының сипатын зерттеуде уақытын алды, яғни қамалған адамдардың ішкі күйзеліс сипатының түсіндіруімен орын алды.

Бүкіл аталған кемшіліктер қоғамның пікірінен тыс қала алмады. 1929 жылы «Революция құқығы» журналының № 1 санында С. Я. Булатованың «Кеңес криминологиясындағы Ломброзоның жандануы» деген мақаласымен бүкіл қылмыскер тұлғасын зерттеудегі Мәскеу кабинеттері сынға түсті. С. Я. Булатованың пікірінше, қылмыскер тұлғасын зерттеуде өздерінің мамандығының аясында қылмыскердің әлеуметтік проблемаларын терең оқып білуде мүмкіндігі жоқ психиатр дәрігерлерінің қолына бергені өзекті мәселе ретінде қарастырылды. Жалпы, танып білудің бастысы тұлғалардың биологиялық детерминантын ашуды ғана қарастыра отырып, нәтижесінде Ломброзиандық теориясының жандануына әкеп соқты. Бұл мақала ғылым аясында үлкен пікірталас тудырды.

«Қылмыскер» сөзімен «қылмыс жасаған адамды» (жеке мағынада) немесе «қылмыс жасаған немесе жасап жатқан адамды» айтады. Сонымен, «қылмыскердің тұлғасын» «қылмыс жасаған немесе жасап жатқан адамға тән оның даралығын құрайтын қасиеттер жиынтығы» деп көрсетуге болады.

Криминологтар бұл қасиеттер жинтығын қылмыстық істерді тергеу мен қарау үшін пайдаланады, сондай-ақ жеке ескерту әдістемесі мен негізін жасау кезінде зерттейді. Нақты бір қылмыскерге ғана тән қасиеттер мен сипаттарын зерттеп, оған байланысты оның қылмыстық әрекетінің себепін айтуға болады, алайда бұл тұрғыдан қылмыстың жалпы себептерін анықтау мүмкін емес. Сондықтан қылмыскердің тұлғасын топ деңгейінде және «қылмыстылық субъектісінің» жиынтығы ретінде біртұтастай, яғни типоло-

гияны пайдалана отырып зерттеу қажет. Мұндай зерттеуде жасаған қылмыстың ұқсастығына және қылмыстық әрекет субъектісінің жекелік қасиеттерінің мазмұнына байланысты қылмыскерлердің категориялары мен типтері зерттеледі. Қылмыскер тұлғасын зерттеудің жалпы қабылданған үш зерттелу деңгейі бар. Олар:

- жалпы, яғни қылмыскер тұлғасы жөніндегі жалпы ұғым тұрғысынан;
- топтық, яғни қылмыскерлердің әртүрлі категориясына тән болып табылатын белгілерді анықтау тұрғысынан;
- индивидуалды, яғни қылмыс түрлерін жасаған адамдарды жеке деңгейде зерттеу.

Профессор Е. І. Қайыржановтың пікірінше, қылмыскер тұлғасын бұл үш деңгейде зерттеу кезінде зерттелу дәрежесі мен тұлғалық белгілерінің анықтамасы әртүрлі болуы мүмкін, өйткені мұнда жалпылаудың (абстракцияның) әртүрлі дәрежесі қолданылады^{4, 105—106}. Бұл айтылғанмен келіспеуге болмайды, сол себепті қылмыскер тұлғасын біршама толық сипаттау тек оны жеке деңгейде зерттеуде жүзеге асады. Расында да, қылмыскер тұлғасын жеке деңгейде зерттеу қылмыспен күресте әртүрлі қылмыс категориясындағы қылмыскерлер тұлғасының ерекшелігін ашып, олармен күресте және қылмыстың алдын алуда сәйкес шараларды жасауға көмектеседі.

Сонымен қатар жалпы деңгейде «қылмыскер тұлғасын» қарастыру қылмыстылықпен байланысты адамдық қасиеттер сапалық белгілерді есепке алу мен зерттеуге пайдасы зор болып табылады және автор өз еңбегінде «қылмыскер тұлғасының» жалпы ұғымының қажет еместігі деген пікірлерге қарсы шығып, ондай пікірлердің шалалығын сынға алады^{4, 105—106}.

Қылмыскер тұлғасын үш деңгейде зерттеу дұрыс, өйткені кез келген тұлғаны ең әуелі жалпы түрде, ал одан кейін оны өз алдына жекелеген категорияларға бөле отырып зерттемей, оны жеке деңгейде қарастыру мүмкін емес. Тағы бір айта кететін жай, кез келген танымды жан-жақты анықтау үшін оның өзіндік ерекшеліктерін назардан тыс қалдырмау қажет. Сондықтан да қылмыскер тұлғасын зерттеудің төртінші деңгейі болуы шарт. Бұл деңгейде қылмыс жасаған әрбір адамға тән тұлғалық ерекшеліктері, яғни психологиялық, демографиялық, әлеуметтік, өнегелік ерекшеліктері мен қатар оның ортасының ерекшелігі және оның әрі қарай қоғамдық нормалармен жалпы қалыптасқан дұрыс өмір сүру ниеттері зерттеледі. Бұл аталған зерттеу әлеуметтік-психологиялық жолмен шешіледі. Сонда ғана қылмыскерлер тұлғасына жүргізілген зерттеу толық әрі жан-жақты сипатқа ие болады. Егер аталған қылмыскер тұлғасын зерттеудің үш деңгейін жалпыласақ,

⁴ Каиржанов Е. Криминология (общая часть). — Алматы, 1995.

оның негізінде қылмыскер тұлғасының ұғымын кең мағынада түсінік беруге болады.

Сонымен, «қылмыскердің тұлғасы» — кең мағынада қылмыс жасаған адамның тұлғасын зерттеу мен қылмыстық құқық бұзушылық жасау себептерін анықтау үшін пайдаланылатын сипаттамалар жүйесі.

Жоғарыда аталған қылмыскер тұлғасын зерттеу деңгейлерінде ескерілетін келесі ұстанымдары бар:

Сонымен қылмыскер тұлғасын қарастырғанда:

1. Қылмыскер тұлғасының әлеуметтік келбеті. Бұл аспект қылмыскер тұлғасын:

- қоғам мүшесі;
- әлеуметтік топтар немесе басқа қауымдастықтардың мүшесі (мысалы, әскери қызметкерлер);
- әлеуметтік-типтік сипаттарды алып жүруші ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

2. Адам қылмыскер болып дүниеге келмейді, ол қылмыскер болады. Яғни, әр адам тұлға ретінде — тек қана болып жатқан қатынастар нәтижесі емес, сонымен қатар өзінің жеке дамуының жемісі. Бір қоғамдық жағдай тұлғамен әртүрлі бағаланып және қабылданып, оны әртүрлі әрекет жасауға итермелейді. Адамның әртүрлі әлеуметтік құндылыққа, нормалар мен институттарға, өзіне және өзінің міндеттеріне, түрлі қауымдастыққа, топтарға және тағы басқа жүйелі қатынастары сыртқы және ішкі тұлғалық мән-жайларға байланысты.

3. Әртүрлі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған субъектілерді, соның ішінде, абайсызда жасағандарды қоса алғанда жан-жақты зерттеу қажет. Барлық қылмыстық құқық бұзушылық жасағандар тұлғалары криминологиялық зерттеу пәні болуы қажет. Бұл үлкен тәжірибелік мәнге ие және, ең алдымен, құқық бұзушыларды ескерту үшін қажет.

4. Барлық қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға тұрақты қоғамға қарсы көзқарастар мен бағдарлар және айқын көрініс тапқан дараланған бағыт тән. Сондықтан қылмыскерлердің кейбір бөліктерінде аталған сипаттардың болмауы, қылмыстық құқық бұзушылық мінез-құлық иеленушісі ретінде олардың тұлғасын зерттеу қажеттілігін жоймайды.

5. Қылмыскер тұлғасын зерттеу тұрақты бекітілген құқықтық негізде құруы қажет, яғни қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны дәлелденгеннен бастап қылмыстық жазасын өтегенге дейін қылмыс субъектісі ретінде мойындалатын адамдар тұлғасы зерттелуі қажет. Сондықтан қарастырылып отырған категория уақытша ғана қарастырылды. Себебі жазасын өтегеннен кейін адам қылмыскерлер емес, сондықтан қылмыстық тұлға ретінде қарастырылмайды. Жазасын өтегеннен кейін түзелуі міндетті емес. Өйткені заң-

мен белгіленген мерзім аяқталды. Әлеуметтік мақұлданған шектерде өмір сүру, өнегелік және психологиялық құндылықтар жүйесін дұрыс бағытта қайта құрылуы түріндегі түзелу біршама кейін болуы мүмкін немесе мүлдем болмауы да мүмкін. Онда соңғы жағдайда, ол қоғамға қауіптілік туғызатын тұлға болады.

6. Қылмыскерлердің тұлғасы заң сақтаушы тұлғадан өзінің қоғамдық қауіптілігімен ажыратылады. Бірақ, азамат тұлғасының қоғамға қауіптілігі оның міндетті түрде қылмыстық мінез-құлық әрекетін білдірмейді. Бұл сапалық белгі мұндай мінез-құлық тосқауыл болатын немесе тіптен жоятын тұлғаның өзіне де, оны қоршаған сыртқы орта мән-жайларына да байланысты.

7. Қылмыскер тұлғасының әртүрлі аспектілері криминологиядан басқа да заң ғылымдармен зерттеледі: криминалистика, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқару құқығы және т. б., сонымен қатар екіжақты табиғаты бар ғылымдармен: заң психологиясы, түзеу психологиясы, сот психиатриясы, сот статистикасы және т. с. зерттеледі.

Сонымен бірге қылмыскер тұлғасын қарастыру кезінде жоғарыда аталғандарды төмендегі жалпы қабылданған постулаттармен толықтыруға болады:

- басқа адамдармен жүйелі түрде және әр алуан өзара қарым-қатынас процесінде қалыптасқан әлеуметтік маңызды қасиеттер жиынтығы. Тұлғаның бұл аспектісі қылмыскер тұлғасы төмендегідей қарастыруға мүмкіндік береді:

а) қоғам мүшесі ретінде;

ә) әлеуметтік топтар немесе басқа да қауымдастықтар мүшесі ретінде (мысалы, әскерилер);

б) әлеуметтік-типтік сипаттарды алып жүруші ретінде.

- әртүрлі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған субъектілерді, соның ішінде абайсызда жасаған субъектілерді зерттеу қажет;

- тұрақты қоғамға қарсы көзқарастар мен бағыттар және айқын көрініс тапқан индивидуалистік бағытталушылық сипаттары қылмыс жасаған барлық адамға тән емес;

- қылмыскер тұлғасы заң сақтаушы адам тұлғасынан оның қоғамға қауіптілігімен ерекшеленеді. Бірақ, азаматтың тұлғасының қоғамға қауіптілігі қылмыстық мінез-құлықтың фатальдылығын білдірмейді. Бұл қасиет іс жүзіне асуы немесе аспауы тұлғаның өзіне және мұндай мінез-құлыққа кедергі жасауға ықпал ететін сыртқы мән-жайға байланысты.

Сонымен, аталған зерттеулерге байланысты қорытынды жасасак, қылмыскер тұлғасына тән:

а) психологиялық ерекшеліктер,

ә) қоғамға қарсы көзқарастар,

б) өнегелік қасиеттерге теріс қатынас,

в) өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоғамға қауіпті жолды таңдау мүмкіндігі бар немесе теріс нәтижені қайтаруға тиісті белсенділік танытпау нәтижесінде қылмыс жасаған адам тұлғасы ретінде анықтама беруге болады^{1, 124—126}.

Басқаша сөзбен айтқанда, қылмыстық жолға түсуі мүмкін адамның немесе қылмыскер мұндай қасиеттері қылмыс жасау себептерін түсінуге мүмкіндік беретін криминологияның пәніне кіреді. Мұндай зерттеу негіздері қылмыстың алдын алудың криминологиялық мәселелеріне негіз болып табылады.

Қылмыскердің тұлғасын зерттеу барысында аталғандардан да басқа көптеген таласты пікір-тұжырым жасалғаны белгілі.

Бұған мысал, төмендегі тұлғаны зерттеу жолдары бола алады:

а) психологиялық (интроиндивидуалды) — бұл жағдайда зерттеу ішкі жағынан жүреді, тұлғаның санасынан;

ә) әлеуметтік (интроиндивидуалды) — бұл тұрғыдан зерттеу қоғамға негізделеді.

Жалпылай алатын болсақ, «қылмыскер тұлғасы» ұғымы қылмыс жасаушы индивидтің жеке сипатын көрсететін категория ретінде танылады. Сондықтан да қылмыскер тұлғасына бір ғана өлшеммен қарауға болмайды, ал қылмыспен күрес жүргізу тәжірибесі тек типтік белгілермен шектеле алмайды. Тап осы жерден екінші мәселе туындайды, яғни қылмыс жасаған адам бойынан индивидуалдық ерекшеліктерді іздестіру қажет етеді. Бұл даралықты түсіну және зерттеу қылмыстылықтың алдын алу, онымен күрес жүргізу, оған тосқауыл қою мәселелерін нәтижелі түрде шешуге көмектеседі.

Сонымен, қылмыскер тұлғасының мәнін қоғамдық қатынастар құрайды. Сондықтан қылмыскер тұлғасын сипаттау үшін, ең алдымен, оны тұлға ретінде қалыптастырған қоғамдық қатынастарды және ол субъектісі болып табылатын қоғамдық қатынастарды айқындау қажет.

Қылмыскер тұлғасына жүргізілген психологиялық және әлеуметтік зерттеулер тынымсыз жүру үстінде. Әрине, қылмыскер тұлғасы, оның қоғамға қауіптілігін, тұлғаның деформацияланған деңгейін дұрыс сипаттап және бағалау үшін, ең алдымен, жағымды және жағымсыз әрекеттерінің жасалуына жол ашатын барлық қасиетін, тұлғалық ерекшеліктерін объективті түрде ескеру қажет^{5, 73—74}.

⁵ Ерінбетова Л. Қылмыскер тұлғасы // Заң. — 2000. — № 5.

ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қылмыскердің жеке тұлғасының кейбір криминологиялық сипатының ерекшеліктерін, ең алдымен, әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері қарастырылады. Жеке тұлғаның криминологиялық ерекшеліктерін зерттеу және есепке алу қылмыскерді қылмыскер еместерден нақты айырмашылығын анықтауға, қылмыс жасауға ықпал ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай талдауды республиканың, облыстың аумағында ғана емес, қала мен аудан, жедел қызмет көрсететін жеке учаскелерде де жүргізу керек. Оның нәтижесі алдын алу жұмыстарының маңызды бағыттарын, мысалы, тұрғындардың арасында қылмысты көбірек жасайтын топтар арасында анықтауға көмектеседі.

Жыл сайын елімізде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған көптеген адам саны анықталады. Қылмыскерлер арасында әйелдерге қарағанда ер адамдар көп (10—15 %). Бірақ, кейбір қылмыстық құқық бұзушылық түрлерінде жалпы қылмысқа қарағанда, әйелдердің үлесі жоғары, мысалы, басқаның мүлкін ұрлау арқылы иелену, ысырап ету немесе лауазымдық қызметті теріс пайдалану. Қылмыскер әйелдер сауда және қоғамдық тамақтандыру жүйесінде, жеңіл және азық-түлік өндірісінде, сондай-ақ медицина қызметкерлері арасында көптеп кездеседі.

Қылмыскерлердің жас санатына жасалған сипаттама әртүрлі жас тобы өкілдерінің қылмыстық мінез-құлқының криминогендік белсенділігі мен ерекшелігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Жастаулары агрессиялық, қызбалыққа салынатын сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасайды. Жасы келіп қалған адамдардың заңға қайшы әрекеттері аса қызба емес, ойластырылған болып келетіні белгілі. Сонымен, жас көбіне адамдардың қажеттіліктерін, өмірлік ұстанымдарын, қызығушылықтарын, өмір салтын анықтап бере алады, яғни олардың заңға қайшы әрекеттерінен көрініс табады.

Қазақстан Республикасының ПМ мәліметтері бойынша, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жартысынан көбін 16—29 жастағы тұлғалар жасаса, халықтың аса криминогенді тобына 3049 жас аралығындағылар жатады: олардың қылмыскерлер құрамындағы үлесі 47 %-ға дейін жетеді. Соңғыларының шамамен 36 % аса ауыр және 35 % ауыр қылмыстар жасайды. Қылмыстық жауапкершілікке тартылғандардың ішінде жасөспірімдер 14—15 % құрайды. Қылмыскерлердің ең аз бөлігі жасы 60-тан асқандар.

Мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтардың негізгі бөлігін: кісі өлтіру, денсаулыққа аса ауыр зиян келтіру, тонау, ұрлау, қарақшылық, бұзықтық, зорлау сияқты қылмыстарды жасы 30-дағылар жасайды. Лауазымдық қылмыстар, экономикалық қызмет саласында немесе әділ сотқа қарсы қылмыс

жасағандардың ішінде 30-дан асқан адамдар көп. Шамамен бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқандардың $\frac{3}{4}$ 18 бен 39 жас аралығындағылар құрайды.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасағандардың әлеуметтік жағдайы мен атқаратын әрекеті туралы мәліметтер қандай әлеуметтік топтарда, қандай салаларда қылмыстық құқық бұзушылықтың қандай да бір түрінің кеңінен тарағаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл мәселелерді зерттеу қылмыскерлердің жартысы дерлік қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде некеде тұрмаған. Некеде тұрғандармен салыстырғанда, некеде тұрмағандардың саны екі есе көп екені байқалады. Көбіне бұл қылмыстық құқық бұзушылық жасағандардың көпшілігі отбасын құрып үлгермеген жастар екендігімен түсіндіріледі. Тағы бір қызығы, тіркелген некеде тұрған қылмыскерлердің отбасы тіркеусіз некелік қатынаста болғандарға қарағанда берік болып келеді екен. Сотталу саны көбейген сайын тіркелген некеде тұрмағандар саны да артып отыр.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың көпшілігі қоғамдық пайдалы еңбекке араласқан, бірақ олардың көбі, әсіресе бұзықтар, ұрылар, қарақшылар мен тонаушылар жұмыс орнын жиі ауыстырған, еңбек етуде тіпті үлкен үзілістері де бар екені байқалады. Жұмыс істемеген, оқу оқымаған және зейнетақы алмағандардың арасында сотталғанға дейін үй шаруасымен айналысқан әйелдер де аз емес. Жұмыссыздардың арасында қылмысты қайталап жасаған қылмыскердің үлесі аса көп.

Көптеген қылмыскер толықтай еңбекке жарамды болып келеді, тек оның 8—10 ғана еңбекке шектеулі жарамды. Бірақ тәжірибеде адамда мүгедектіктің барлығын анықтау ғана маңызды емес, ол жоқ болған жағдайда құқық қорғау органдарының алдын алу әрекетіне түскен қандай да бір адамның қандай ауруы немесе ауытқуы бар екенін білу де маңызды. Әсіресе, психикалық ауытқулары бар адамдар ерекше мән беруді талап етеді. Себебі мұндай ауытқулар, тіпті соматикалық («денедегі») аурулар нәтижесінде пайда болса да, олар адамның мінез-құлқына барынша ықпал етеді, әсіресе заңға қайшы әрекетке баруына. Арнаулы зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, қылмыскерлер арасында 20 % маскүнемдікпен, психопатиямен, олигофрениямен, бас сүйегінің жарақатының әсерінен, орталық жүйке жүйесінің органикалық ауруларымен, психиканың өзге де ауытқуларымен ауырады екен, ол көп жағдайда мүгедектікке әкеп соғады. Мұндай аурулары бар адамдар әдетте естері түзу және еңбекке қабілетті болып келеді.

Еңбекпен қамтылуына байланысты еңбекке қабілеттілікті бөлек қарастыру керек. Бұл мәселе алдын алу шараларын дайындап, жүзеге асырғанда, сотталғандарды түзету жұмыстарында ескерілуі керек. Сондықтан еңбекке

қабілеттілік деңгейін ғана емес, аурудың сипатын және сонымен байланысты медициналық мекемелердің нұсқаулықтарын да білу керек.

Көптеген құқық бұзушы (80—90 %) қылмысты тұрғылықты мекен-жайында жасайды.

Қылмыскерлердің білім деңгейі халықтың өзге топтарымен салыстырғанда әлдеқайда төмен, жоғары және арнаулы орта білімді адамдар үлесі де төмен. Зорлау, қасақана зорлау, бұзақылық қылмыстарын жасағандардың арасында білім деңгейі ең төменгі болса, лауазымдық қылмыстық құқық бұзушылық жасағандар, экономикалық қызмет салада қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттер жасағандар, ұрлау арқылы иелеу, ысырап қылу немесе сенімді теріс пайдалану сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағандар арасында білім деңгейі жоғарылар көп.

Қылмыскерлердің жеке тұлғасы қасиеттерінің арасында қылмыстық мінез-құлықтың сипаты мен ұзақтығы да аса назар аударуды қажет етеді. Ұрылар, тонаушылар, қылмыстық ұйымдардың арасында қылмыстық құқық бұзушылықты қайталап жасағандар көп. Кейбір қылмыскерлер, әсіресе ұйымдасқан қылмыстық топ пен қылмыстық ұйымдардың (қылмыстық қоғамдастықтар) мүшелері ұзақ уақыт бойы, жылдар бойы жазасыз қылмыстық құқық бұзушылық жасайтынын ескеру керек. Олардың арасында қылмыстық жауапкершілікке тартылмағандары бар болуы мүмкін, олар «қағаз жүзінде» заң алдында «таза».

Қылмыскерлер қылмыскер еместердің қасында оларға барынша ықпал ете бермейтін құқықтық және адами нормалардың талаптарын түсіне бермейді. Мұндай адамдар көбіне қоғамның олардан нені талап ететінін түсіне бермейді. Әлеуметтік талаптарды сақтауға ынталары жоқтарда жиі байқалатын әлеуметтік бейімделудің бұзылуының өзге де түрлері бар. Мұндайда адам қоршағандарының одан не талап ететінін түсінеді, бірақ оны орындағысы келмейді. Бұл жеке тұлғаның қоғамнан және оның құндылықтарынан, кіші әлеуметтік топтардан (отбасы, жұмыстағы ұжымы және т. б.) оқшаулануынан пайда болады. Мұндай адамдарда әлеуметтік бейімделу төмен болып келеді. Сондықтан онда қоғамда қолдау табатын кіші топтарда бейімделуге деген талабында қиындықтар туындайды. Бірақ, олар көп жағдайда қоғамға жат немесе қылмыстық топтарда, соның ішінде бас бостандығынан айыру орындарында тамаша бейімделеді.

Көптеген қылмыстық топ пен заң бұзбайтын азаматтар арасында жүргізілген жеке тұлғаны салыстырмалы психологиялық зерттеу біріншілердің екіншілерден аса жоғары қызбалығымен, яғни алғашқы пиғылмен, агрессиялы тұрғыда әрекет етуге, жеке тұлғалық өзара қарым-қатынастарда аса сезімталдық пен ренжігіштігімен үйлесе отырып әрекет етуімен ерекшеленетінін көрсетті. Қылмыскерлер аса қатал болып келеді, яғни олар қайғыға

беріліп және ұзақ уақыт бойы олардың әрекеттерін бағыттайтын жағдайлардың «тұрып қалуымен» ерекшеленеді. Көптеген қылмыскер параноялы болып келеді, яғни күдікшіл, сенімі жоқ, үнемі өзіне шабуыл жасалатынын күтіп жүреді. Мұндай тұлғалар әртүрлі жанжалда зорлық-зомбылық көрсетуге бейім. Аталған сипаттар көбіне тонау, қарақшылық шабуыл, зорлау, кісі өлтіру немесе денсаулыққа аса ауыр залал келтіргендерге тән, ұрлау арқылы меншіктеу, ысырап қылу немесе сенімді теріс пайдалану және экономикалық қызмет саладағы өзге де қылмыстар жасағандар арасында аз кездеседі.

Осы белгілер қоғамға жат көзқарас пен бағдармен жинақтала келіп қылмыскерлерді қылмыскер еместерден ерекшелейді, ал олардың үйлесуі (әріне барлығы емес) нақты тұлғаның бойында бола отырып, оның қылмыс жасауының тікелей себебі болады. Осы аталған ерекшеліктер жеке тұрмыс шеңберінде, жеке өмірлік тәжірибе негізінде, сондай-ақ биологиялық тұрғыда негізделген ерекшеліктер негізінде қалыптасатынын да есепке алу керек. Бірақ, мұндай ерекшеліктер психологиялық ерекшеліктер сияқты, бейтарап сипатқа ие және өмір салты мен тәрбиеге байланысты қандай да бір мазмұнмен толықтырылады, яғни әлеуметтік пайдалы немесе қоғамға жат мәнге ие болады.

Әрбір жеке адам тұлға ретінде — қарым-қатынас өнімі ғана емес, дербес даму мен өзін-өзі танудың да жемісі. Қоғамдағы жағдайды әркім өзінше бағалап, қабылдайды, оларды әртүрлі әрекет жасауға итермелейді. Адамның әлеуметтік құндылықтарға және шындыққа, нормалар мен институттарға, өзіне және өзінің міндеттеріне, әртүрлі қоғамдастық пен топтарға және т. б. қатынасы сыртқы да, ішкі де, жеке жағдайларға байланысты.

Міне, сондықтан қылмыскердің жеке тұлғасының социологизация мен психологизацияны болдырмау керектігінің маңызы осында. Біріншісі, әдетте, жеке тұлғаның қалыптасуы мен мінез-құлқына ортаның асыра ықпал етуімен, субъектілік факторларды, психологиялық қасиеттерді, психикалық жағдайлар мен процестерді, жеке тұлғаның әлеуметтік рөлі мен қызметі туралы мәліметтерді, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі жағдайды елемеумен түсіндіріледі. Екінші — адам дамыған немесе әрекет еткен әлеуметтік ортада, жағдайларда қалыптаспағанды есепке алмай, психологиялық факторларға аса мән беру. Криминология өзара әрекеттестіктегі әлеуметтік және психологиялық-диалектикалық бірлікке сүйенуі керек.

Қылмыскерлер арасында аса ерекше дербестігімен, көшбасшылық қабілеттілігімен, үлкен пайдакүнемдігімен және бастамашылдығымен ерекшеленетін адамдар көптеп кездеседі. Бұл қасиеттер теріс бұрмаланған құндылық бағдарымен, адамгершілік және құқықтық көзқарастарымен үйлесе отырып, әдетте, қылмыстық топтар мен қылмыстық ұйымдардың көшбасшыларын айқындап береді, олардың бойынан осы қасиеттерді табуға бола-

ды. Осы қасиеттер қылмыскерлерді жіктеуге негіз бола алады, қандай да бір қылмыс түрінің қоғамға қауіптілігінің көрсеткіші болып саналады және аталған қасиеттер қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуда, қылмыскерлерді түзетуде табысты қолданыла алады.

Қылмыскерлер контингентінің жалпы сипаттамасын, олардың айырықша ерекшеліктері мен типтік белгілерін біле отырып, қылмыспен күресу бойынша кез келген тәжірибелік әрекет саласында: алдын алу, ашу, қылмыстық істі сотта қарау, қылмыстық жаза белгілеу, қылмыскерлерді түзету және қайта тәрбиелеуде — құқық қорғау мекемесінің қызметкері, ең алдымен, тірі адаммен жұмыс жасап жатқанын білуі керек. Сондықтан барлық жағдайда да ол әрбір күдіктінің, айыпталушының, сотталғанның қайталанбас жеке тұлға екенін есепке алуға міндетті. Қылмыскердің бойынан тек әлеуметтік зұлымдықты тасымалдаушыны көріп қана қоюға жол бермеу керек. Себебі, ол да өзіндік қиындықтары мен құштарлықтары бар, қандай болса да өз өмірі бар қайталанбас жеке тұлға. Әр адам сөзсіз қызықты және әркімді түсініп, қандай сұмдық қылмыстық құқық бұзушылық жасаса да, оның тағдырын, тіршілік ету жағдайын түсінуге тырысу керек.

ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Қылмыскерді қылмыскер еместен айырмашылығын анықтауға тұлғаның криминологиялық сипатын зерттеу мүмкіндік береді, ол сонымен қатар қылмыс жасауға ықпал ететін фактілерді анықтауға мүмкіндік береді. Біршама толық сипаттама беру үшін зерттеуді тек республика немесе облыс деңгейінде емес, сондай-ақ қалалар мен аудандарда жедел қызмет көрсететін басқа да бөлім-бөлімшелерінде жекелеген қылмыс түрлері бойынша жүргізу қажет. Мұндай зерттеулер нәтижесі ескерту жұмыстарының маңызды бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Криминологиядағы зерттеулер мен статистикалық мәліметтер төмендегіні көрсетті.

- отбасы құрғандармен салыстырғанда, отбасы құрмағандар арасында (бірақ, бұл отбасы құрып үлгермеген жастар қылмыскерлердің басым көпшілігін құрайтындығымен түсіндіріледі) қылмыстық коэффициенті екі есе көп;

- қылмыскерлердің жас шамасының сипаттамасын әртүрлі жас тобы өкілдерінің арасындағы қылмыстық мінез-құлық ерекшелігі мен криминогендік белсенділігі туралы қорытындыдан аңғаруға болады. Жастардың агрессивті және импульсивті сипаттығы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалатындығы криминологиямен әлдеқашан анықталған. Ересек жастағылардың құқыққа қайшы мінез-құлқы импульсивтілігі азырақ, мұндай мінез-

құлыққа және оның мүмкін болатын салдарына біршама ойланған болып табылады. Жас ерекшелігі көбінесе құқыққа қайшы әрекеттерге әсер етпей қоймайтын адамның қажеттіліктерін, өмірлік мақсаттарын, олардың қызығушылық шеңберін, өмірлік салтын анықтайды. Көбінесе қылмыстық құқық бұзушылықтарды 18—40 жас аралығындағы адамдар жасайды (70—75 %). Бұл топта криминалдық белсенділік келесі топтарға тән: 25—29 жас, 18—24 жас, 14—17 жас және 30—40 жас топтарына. Айта кететін жайт, бұл топтағы құқық бұзушылық жасаушыларға көбінесе психикалық аномалиялар тән (психопатия, дебильдік түріндегі ақыл-есі кемділігі және т. б.), жүре келе иеленген (алкоголизм, наркомания, орталық жүйке жүйесінің жарақаты және т. б.). Кәмелетке толмаған және 24 жасқа дейінгі адамдармен жасалатын қылмыстардың көбісі — ұрлық, бұзақылық әрекеттері, тонау, зорлау және автокөлікті ұрлау;

- ерекше назарды қылмыстық құқық бұзушылық жасағанға дейінгі оның еңбек ету қызметіне аудару керек (мұнда жұмыс орнын жиі және оқу орнын ауыстыру, ұзақ үзілістер және т. б.);

- қылмыскерлер білімінің деңгейі, көбінесе, заң сақтаушы азаматтар деңгейінен төмен;

- тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына отбасылық жағдай және ерекше тәрбие көп ықпал етеді. Ата-аналарының заңсыз шын мәніндегі некелік қатынастары, толық емес отбасы, отбасындағы мәдени қарым қатынастардың төмен деңгейі, ондағы құқық бұзушылық мінез-құлық стереотиптердің болуы, отбасындағы бір бала немесе керісінше көп балалы немесе жетім балалар үйіндегі тәрбие сияқты әдеттен тыс нормаларға ерекше назар аударылуы керек;

- қылмыскерлер арасында әйелдерден гөрі ерлер көп;

- қоғамның материалдық жіктелуінің ерекше көрініс табуының қазіргі жағдайы қылмыскер тұлғасын мүліктік жағдайы бойынша, яғни табысы бойынша айырмашылығын көрсетеді;

- қылмыскер жеке тұлғасын сипаттауда ерекше назарға оның қылмыстық құқық бұзушылық әрекетінің ұзақтығы мен сипаты аудартады. Қылмыскерлердің басым көпшілігін адам өлтіргендер, ұрылар, бұзақылар, тонаушылар, алаяқтар, күштеу — зорлықшылар және жәбірленушіге дене жарақатын келтірушілер құрайды. Арнайы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қайталануының барын, сондай-ақ олардың заңға ерекше қатынасын көрсеткен маңызды. Қылмыс жасаушылар заңды білмейді деп айтуға болмайды. Керісінше, олардың басым көпшілігі заң сақтаушы адамдарға қарағанда құқықтық білімі бар. Алайда, оларға құқыққа деген сыйлау қатынасы, оның нормаларын сақтау оларда қалыптаспаған.

Жоғарыда айтылғандардың барлығынан әр адам қылмыскер болуы мүмкін деген қате түсінік қалыптасу мүмкін. Аталғанның барлығы формальді сипатқа ие. Бұл ереже үнемі есте сақтайтын нәрсе қылмыстылық мәселесінің этикалық жағы бар және бұл теріс әлеуметтік құбылыспен күресу жекелеген адамдардың мүддесіне қатысты. Адамның тууы, әлеуметтік шыққан тегі, нәсілі, ұлты және т. б. жағдайлар оның дискриминациясына ешқандай негіз болмауы керек. Міне, осы биологиялық және әлеуметтік тұрғыда қарастырылып жатқан қылмыстылық мәселесінің этикалық жағының мәні болып табылады. Сондықтан «қылмыскер тұлғасы» деген терминнің өзі шартты болып табылады.

Криминология (генетика және криминология-генетикалық зерттеулер) этикалық болған жағдайда гуманды және прогрессивті болады. Адамды абстрактілі схема ретінде, оның қасиеттерін «тізбелеп» (мүмкіндігі бар — мүмкіндігі жоқ, ақылды — ақылсыз, белгілі бір әрекетке барады — бармайды деп), оны өмірдің белгілі бір рөліне тиістіре отырып және оны перспективалардан айыра отырып қарастыруға мүлдем болмайды.

Құқық бұзушыларды демографиялық, құқықтық, психологиялық және басқа белгілер бойынша ажыратылатынын, сонымен бірге осы белгілер бойынша олар ұқсас тұрақты топтар құратынын назарға ала отырып қарастыру қажет. Сондықтан қылмыскерлер тұлғасын классификациялау /жіктеу және типологиялау/ типтеу қажеттілігі туады.

ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Криминология ғылымында қылмыскер тұлғасының негізгі құрылымдық элементтері жеткілікті дәрежеде айқын көрініс тапқан. Қылмыскер тұлғасының құрылымын жалпы алғанда, қылмыскердің келесі анықтаушы сипаттық белгілері мен қасиеттері қамтылады: әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-өнегелік, әлеуметтік-рөлдік, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-құқықтық белгілер. Аталған белгілердің әртүрлігі мына авторларда: Ю. М. Антонян, П. С. Дагель, А. Б. Сахаров, Б. С. Волков және т. б. әрқалай кездеседі.

Криминологиялық зерттеу объектісі: қылмыстық құқық бұзушылық жасаған жекелеген адамдар; қылмыскерлердің әртүрлі контингенті (кәмелетке толмағандар, қылмыстарды қайталап жасағандар); қылмыскерлердің әртүрлі криминологиялық типтері болып табылады. Ал міндеті — қылмыстылыққа және қылмыстық құқық бұзушылыққа жақын себептік байланыстарды анықтауға мүмкіндік беретін, себептік кешендерді, тізбектердің сипаттамалар шеңберін жіктеу болып табылады.

Қылмыскер тұлғасының құрылымы жөніндегі кейбір ғалымдардың маңызды ұсыныстары келесідей.

Б. В. Волженкин қылмыскер құрылымында 3 топ белгісін көрсеткен:

1. Қоғам мүшесі ретіндегі адам тұлғасының жалпы белгілері;
2. Барлық қылмыскерге ортақ (типтік қоғамға қауіптілік), бірақ оларды жекелеген азаматтардан ажырататын қылмыскер тұлғасының ерекше белгілері;
3. Аталған адамның ерекшелігін көрсететін, қылмыскер тұлғасының индивидуалды белгілері.

Н. Т. Ведерников тұлға белгілерінің 2 негізгі блогін ұсынған:

- а) жекелендіретін мәліметтер (өмірбаян мәліметтері, материалдық жағдайы, физикалық және психикалық жағдайы);
- ә) қоғамдық сипаттама (өндірістік, саяси және тұрмыстық)^{6, 8}.

Ю. Д. Блувштейн қылмыскер тұлғасының белгілерін демографиялық, әлеуметтік, құқықтық, психологиялық және биологиялық (медициналық) белгілерге жіктеген.

Профессор А. Б. Сахаров бастапқыда: әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-биологиялық белгілерді ұсына отырып, бірақ кейінірек ол өзінің көзқарасынан биологиялық белгілерді алып тастап өзгерткен.

Қазіргі таңда криминологияда біршама көп таралған алты белгі тобы айқындалады:

- әлеуметтік-демографиялық белгілер;
- қылмыстық-құқықтық белгілер;
- өмірдің әрқилы саласындағы әлеуметтік көріністер немесе, басқаша айтқанда, әлеуметтік байланыстар туралы айтады;
- өнегелік қасиеттер;
- психологиялық белгілер;
- физиологиялық (биологиялық) белгілер^{2, 280; 7, 95}.

Тұлғаның аталған белгілерінің барлығын өз алдына криминогенді деп қарастыруға болмайды. Бірақ, олардың жағымды немесе жағымсыз әлеуметтік құбылыстағы әсерінен олардың арасындағы өзара байланысы тұлғаның нақты мінез-құлқына ықпал етуі мүмкін.

Қылмыскер тұлғасы құрылымын анықтаған кезінде оның басқа адамдармен әртүрлі қарым-қатынас процесінде қалыптасқан және оны өз алдына қатынас пен түйсік қызметінің субъектісін жасайтын, ол алдымен оның әлеуметтік маңызды қасиеттері жиынтығын білдіретінін назарға алуымыз керек. Тұлғаның бұл аспектісі бізге өте маңызды, себебі ол тұлғаны қоғам-

⁶ Ведерников Н. Т. Изучение личности преступника в процессе расследования: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1965.

⁷ Кудрявцев В. И. Право и поведение. — М., 1978.

ның, әлеуметтік топтардың немесе басқа да қауымдастардың мүшесі, әлеуметтік типтік сипаттардың иесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қылмыстың жасалу себептері тек тұлғаның теріс әлеуметтік бойына сіңген сипаттары болып табылатыны бәрімізге мәлім. Жекелеген психологиялық процестердің, жағдайлардың қолайсыз ерекшеліктері және биологиялық алғышартталған қасиеттер тек осы әрекетке ықпал етуші себепкер болуы мүмкін. Қылмыскер тұлғасының криминологиялық талдауы қылмыстылық мінез-құлықты қоса алғанда, адамның мінез-құлық механизмдерінде көрініс табатын индивидуалды психологиялық ерекшеліктерді де және биологиялық алғышартталған қасиеттерді де максималды ескере отырып талдауды білдіреді. Қылмыскер құрылымында оны айқындап көрсету қылмыс жасаудың себептерін психологиязациялауын немесе биологияциялауын білдірмейді, өйткені көптеген психологиялық ерекшелік пен биологиялық алғышарттар қасиеті әлеуметтік факторлардың анықтаушы, бағыттаушы ықпалында болады.

Қылмыскер тұлғасының құрылымында бірқатар құрылым астылар да көрінеді:

- олардың бірі, әлеуметтік шыққан тегі мен дәрежесі, отбасылық және қызметтік жағдайы, ұлттық және кәсіби тиістілігі және материалдық қамтамасыз етілу деңгейі сияқты әлеуметтік-демографиялық белгілерді қосады;

- екіншісі, ақыл-ой деңгейінің дамуы, мәдени-білімінің деңгейі, білімі, қабілеттері;

- үшіншісі, өнегелік қасиеті, бағыт-бағдары және тұлғаның құштарлығы, оның әлеуметтік позициясы мен қызығушылықтары, қажеттіліктері, икемділіктері және әдеттері;

- төртіншісін, психикалық процестер, қасиеттері мен тұлғаның жағдайы құрайды;

- бесінші, жынысы, жасы, денсаулық жағдайы, дене бітімінің конституциясы және т. б. сияқты биофизиологиялық белгілер біріктіреді (бұл жерде аталған белгілердің әлеуметтік көрініс табуы туралы айтылады).

Кез-келген құрылымастыны алып тастау құрылымының біртұтастығын бұзады, себебі олардың ешқайсысы жеке дара бола алмайды. Демек, олардың барлығы бір-бірімен белгілі бір арақатынаста және байланыста тұр. Осыған орай, біз тек жай ғана тізбектелген тізімі емес, қылмыскер тұлғасын құрайтын біртұтас күрделі элементтер жиынтығын аламыз.

Қылмыскер тұлғасы құрылымының басқа да варианттары бар. Мысалы, олар:

- әлеуметтік-демографиялық және қылмыстық құқықтық белгілерді;

- қоғамдық өмірдің түрлі аясындағы әлеуметтік құбылыстар мен белсенділіктер;

- өнегелік қасиеттер;
- психикалық ерекшеліктерді қамтиды.

Кез-келген мұндай схема тек қылмыскер тұлғасына тән қандай да болмасын ерекше сипаттарды қамтымайды, өйткені ол тұрғыдан құрылымдағы қандай да бір компоненттердің барымен немесе жоғымен емес, ол, ең алдымен, осы құрылымдағы белгілі бір компоненттердің бағыттылығының мазмұнымен ажыратылады. Міне, сондықтан біз нақты қылмыс себептерінің жасалуына себеп болған қоғамға қарсы бағытталған көзқарастар, қызығушылықтар, қажеттіліктер, әдеттер туралы айтамыз. Сондықтан да өнегелік қасиеттер, қызығушылық бағыттар және т.б. психологиялық ерекшеліктер криминологияны ерекше қызықтырады. Бұл, әрине, басқа құрылымдарды ысырып тастауды білдірмейді. Керісінше, қылмыскер тұлғасының барлық ерекшелігін ескеру және білу керек, өйткені олар индивидуалды мінез-құлыққа әсер етеді. Тұлғаның бағытталушылығы оның әрекетіне ықпал ететін, осы адамды сипаттаушы және ол адамның өмірге қатысты таңдалатын жолы болады.

Бағытталушылық — тұлғаның психологиялық құрылымындағы жетекші элемент. Ол басқа элементтерге — білім деңгейі, биологиялық алғышартталған қасиеттердің көрініс сипатына (темпераментке, әдеттерге) анықтаушылық ықпал етеді. Бағытталушылық тұлғаның әлеуметтік типін анықтауда үлкен мәнге ие. Қылмыстық мінез-құлық жолын таңдау мән-жайы тұлғаның өзінің ерекшелігімен анықталуымен пайда болатыны көптеген криминологиялық зерттеумен негізделген. Бұл бағытталушылық адамның белгілі бір сәйкес мінез-құлық вариантын таңдауды анықтайды. Қылмыстарды ескерту жұмыстарында қылмыскер тұлғасының аталған көптеген сипаты әсер ету объектісі болуы қажет. Көп жағдайда бұл түзеуге жататын өнегелік қасиеттерге қатысты. Бірақ, адам мінез-құлқын өзгерту, егер оның кәсіби деңгейін көтеру шараларын, жаңа мамандықтарды оқыту, материалдық қамтамасыздығын тұрақтандыру, симатикалық ауруларын және психикалық жағдайын емдеу шараларын жүргізбей, өте қиынға соғады. Отандық криминологтер қылмыстылық және жекелеген нақты қылмыстар кез келген қоғамда әлеуметтік сипатқа және әлеуметтік алғышартқа ие деген пікірде. Алайда, бұл биологиялық факторларды елемеді немесе жоққа шығаруды білдірмейді, бірақ олар тек қылмыстылық мінез-құлыққа итермелейтін шарт сипатында болады және мүлдем оның себебі емес.

Криминология рөлдің нормативтік түсінігінен адамның мінез-құлқы оның қоғамда алатын дәрежесіне байланысты деген шығады. Адам әрқайсысының өз мазмұны (сценарий рөлі) бар бірқатар дәрежені иеленеді және рөлдерді ойнайды, адам осы сценариймен жүреді. Осыған байланысты олар төмендегідей жіктеледі:

1) рөл бұл дәреженің нормативтік ережелердің жиынтығы ретінде;
2) рөл адамнан нені қажет ететіндігін ол нені орындауының түсінуі ретінде;

3) рөлдің нақты орын мен уақыт шартында шын мәнінде орындалуы.

Криминологияда келесі әлеуметтік-рөлдік ситуациялар маңызды болып табылады:

- мемлекеттің, «үлкен қоғамның» нормалармен танысуға және құқық пен өнеге нормаларының талаптарына сәйкес өзін алып жүруге мүмкіндік беретін көптеген әлеуметтік дәрежені иеленбейді (мысалы, ол мәселені шешу жөнінде күш қолдану жолын әдет қылған және оған жол беретін, өзінің ерекше көзқарастары бар өнегеліктен жұрдай ортада болуы);

- адам бір мезгілде бір-біріне қарама-қарсы мінез-құлық нормаларының байланысын талап ететін екі жағдайда болуы мүмкін, яғни бұл жерде әлеуметтік рөлдер мен дәрежелер қақтығысы көрініп тұр (мысалы, қылмыстарды тіркеуден жасырмау туралы құқықтық талап және басшылықтың белгілі болған барлық қылмысты статистикада көрсетпеуін талап етуі);

- адам құқыққа қайшы қылмыстық мінез-құлықты әрекетті тікелей нұсқап тұратын дәрежені иеленеді (мысалы, қылмыстық құрылымының мүшесі);

- сәйкес әлеуметтік дәрежеде құқық нормаларын сақтауға дайын еместігі (бұл еңбекті қорғау ережелерін бұзумен, салақтықпен ұштасады);

- адам бір әлеуметтік дәрежені иеленеді, ал екіншісіне бағыт ұстанады;

- орындалып жатқан және болашақта күтілетін рөлдердің қарама-қайшылығы. Бұл жағдайда адамның қылмыстық мінез-құлқы орындалып жатқан рөліне қарсы келуі мүмкін, бірақ референттік рөлдер тұрғысынан логикалық болуы мүмкін.

«Қылмыстық әрекет» термині «қылмыстық мінез-құлықтан» айырмашылығы тек белгілі бір қылмыстық әрекет жүйесінің болуының көрінісі ғана емес, сонымен қатар тұлғамен дәл осы қылмыстылыққа маңызды әлеуметтік дәрежелерінің, қылмыстық пиғылдарының іске асыру үшін шарттарының, өзін-өзі тәрбиелеу процесіндегі қасиеттердің дамуына бағытталған ізденіс мақсаты болып табылады.

Жоғарыдағы айтылғанға байланысты қылмыскердің тұлғасына криминологиялық талдау жасағанда, сөзсіз қылмыскер мен қылмыскер емес тұлғасының айырмашылығы қылмыс жасау фактісі болып табылады. Ішкі деңгейде қылмыс қоғамға қайшы негативті теріс бағыттылыққа ие. Ал сыртқы бейнесінде ол қылмыстылық әрекет болып табылатын ерекше түрдегі әрекетінің көрінісімен сипатталады.

Айтылғаннан «қылмыскерді қылмыскер еместің тұлғасынан оны негативті теріс қылықпен ажыратылады. Оның нақты тасушысы, жеке қасиеттері, біткен қылмыстық әрекет күйіндегі сипатта және түрде көрініс тапқан,

оның тереңдігі мен күшіне негізі өлшеуші болып табылатындығы» туралы қорытынды жасауға болады.

ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІКТІҢ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚТЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Қылмыскер тұлғасын зерттеуде бірден-бір күрделі де түбірлі мәселелердің бірі қылмыскер тұлғасындағы әлеуметтіктің және биологиялықтың арақатынасы болып табылады. Ол принципиалды құқықтық және тәжірибелік мәнге ие. Оның шешіміне қылмыстылықтың себебін анықтау және онымен күрестің негізгі бағыттарын анықтау көбіне осыған байланысты. Қылмыскер тұлғасы ұғымының әртүрлі анықтамасы бар, криминологиялық ілім тұлғаны біртұтас адамның әлеуметтік сапасын білдіретін құрылым ретінде қарастырудан бастау алады. Тұлға қоғамдық қатынастар процесінде қалыптасады, яғни ол — адамның әлеуметтенуінің жемісі. Оның үстіне, адамда әлеуметтік және биологиялық бастаулар бірге болады. Әлеуметтік пен биологиялықтың арақатынасында биологиялық әлеуметтікке бағыныштылық қатынаста болады және ол «адам бейнесі» түрінде көрініс табады. Биологиялық өзінің бойында адамның генетикалық және әлеуметтік байланысын шоғырландырса, әлеуметтік тек маңызды әлеуметтік белгілерді қамтиды. Жеке тұлға ішкі жан дүние (сана) мен сыртқы (қызметтің) жиынтығы болып табылады. Жеке тұлғаның мәнін бұлай анықтау философияда бұрыннан қалыптасқан. Мысалы, бұл туралы 1844 жылы К. Маркстың өзі де жазған. Адамның тұлғасы оның әлеуметтік ортамен оның өмірлік қызметі байланыс арақатынасы арқылы көрініс тапқан әлеуметтік-психологиялық қасиеттер мен сапалық белгілер жүйесін білдіреді.

«Адам» ұғымында оның мәнінің ажырамас әлеуметтік және биологиялық жақтарының біртұтастығы бекітілген. «Тұлға» ұғымына тек спецификалық әлеуметтік белгілер тән. Тұлға — бұл «адамның әлеуметтік бет бейнесі», қоғамдағы әлеуметтік даму, қалыптасып және өмір сүру процесіндегі оның болмысы. Олай болса, «қылмыскердің тұлғасы» деген ұғымды қолданған кезде қылмыс жасаған адамның тек «әлеуметтік бейнесі» деп түсіну қажет.

Қылмыскер тұлғасын зерттеудің криминологиялық аспектілері мен шектері қандай? Қазіргі кездегі сияқты бұрынғы кездерде де бұл мәселе біржақты шешімін таппаған болатын. Қылмыскер тұлғасын және қылмыстылықты зерттеуде клиникалық бағыттар әлі де бар. Бірақ олар, көбінесе әлеуметтік факторды ескереді.

Қылмыскердің тұлғасындағы әлеуметтік пен биологиялық біртұтастығының арақатынасы туралы пікірталас тікелей практикаға шығады. Биология-

лық факторларға басымдылық беретін авторлар, қылмыскерді зерттеу кезінде жетекші рөлді психиаторға, психологияға, биологиялық әдістер мен тәсілдерді қолдануға береді. Әлеуметтік факторлардың шешуші ықпал етуін жақтаушылар мінез-құлықты түзеуге әлеуметтік бағдарламалар туралы жазады. Қазіргі уақытта тек биологиялық факторларға басымдылық беретін шекті көзқарастар артта қалды, бірақ бірқатар генетиктер мен криминологтар генетикалық аномалиялардың адам мінез-құлқына әсер ететінін дәлелдеген генетиканың соңғы жетістіктерін назардан тыс қалдырмауды ескертеді.

60-шы жылдардың басында Буза мен Пинатель лоброзиандық іліммен туған антропологиялық теорияның, яғни қылмыстылықтың тұқым қуалаушылыққа бейім екендігін көрсеткен. Мұндай бейімділік «ерекше мазмұнында» деп олар түсіндірді. Ол кейін хромосомалармен байланыстырылды. Біз бұл мәселеге төменірек тоқталамыз. Отандық криминологияда белгілі бір дүмпу тұғызған 70-ші жылдардағы профессор И. С. Нойдың «Ортаға байланыссыз адамның қылмыскер немесе батыр болмауы мүмкін, тек егер ол алдын ала бағдарланған мінез-құлықтармен туылмаса» деген мақаласы болды.

В. П. Емельянов келесі тұжырымдар жасады: «Тек экономикалық, әлеуметтік немесе биологиялық факторлардың белгілі бір құрамы қылмысқа түрткі болады... Қылмыстылық себебі — бұл әлеуметтік және биологиялық қасиеттердің әртүрлі құбылысының синтезі...».

Осыған байланысты И. С. Ной және В. П. Емельянов генетиктер қатарынан белсенді қолдаушылар тапқан болатын.

Ал енді осы мәселеге толығырақ тоқталайық. Биологиялық факторлар рөлін бағалау көптеген криминологиялық теорияда көрініс тапқан шекті көрсетеді.

Зерттеулерге көз жүгіртсек, қылмыскерлердің арасында, соның ішінде күштеу-зорлық қылмыстарын жасаушылар арасында психикалық аномалиясы есі дұрыстық шеңберіндегі адамдардың көп екендігін көрсетеді. Олар шамамен жалпы қылмыскерлер санының үштен бірін құрайды.

Психология, психофизиология, психиатрия және кейбір криминологиялық мәліметтер бойынша кез келген түрдегі психикалық қызметтің бұзылуы, ауытқуы немесе әлсіреуі ашушаңдықты, мейірімсіздік сияқты мінез сипаттарына ерік-жігер процестерінің, иланушылықтың жоғарылауына, бақылау тежеу механизмінің әлсіреуіне әкеп соғуына және дамуына алып келеді деп негіздеуге мүмкіндік береді. Бұл мінез сипаттары тұлғаның қалыпты әлеуметтенуін бөгейді, оның қоғамдық мүгедекке әкеп соқтырады, белгілі бір қызмет түрімен айналысуға және жалпы еңбек етуіне кедергі келтіреді. Ал ол өз алдына құқыққа қайшы әрекет жасау және қоғамға қайшы өмір сүруді жоғарылатады.

Аталған факторлардың мәнділігі қазіргі өмір жағдайында, яғни жалпы психикалық күйзеліс пен эмоционалды стресс жоғары болып тұр. Бірақ, психика аномалиясы қылмыс жасау себебі екендігін білдірмейді.

Біріншіден, қылмыскерлер көпшілігінің арасында мұндай ауытқулары бар адамдар көп бөлігін құрамайды.

Екіншіден, психикалық ауытқуларының болуы нақты тұлғаның құқыққа қайшы мінез-құлықтың криминогенді рөлін ойнайды деп айтуға дәлел бола алмайды.

Үшіншіден, көптеген эмпирикалық зерттеумен дәлелденгендей, қылмыс жасаудың психикалық ауытқуы оны алдын ала анықтамайды. Ал тұлғаның криминогендік сипаттардың туғызған оның тәрбиесі, индивидтің қалыптасуындағы жағымсыз шарттарды алдын ала анықтайды. Әрине, мұндай ауытқулар құқыққа қайшы мінез-құлыққа сияқты олардың пайда болуына және дамуына мүмкіндік береді, бірақ бұл мінез-құлықты анықтамайтын шарт ретінде ғана тиімді.

Белгілі бір тұлғада психикалық ауытқуларды анықтау (мысалы, психопатия, дебильдік жағдайындағы олигофрения, орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануы және т. б.) бұл адам не үшін қылмыс жасағанын түсіндірмейді. Қылмысты мінез-құлықтың ішкі себебі мотивация белгілі бір ауытқулардың дәрежесі мен ауытқуларын және т. б. барын анықтап қана қоятын диагноз түрінде көрсетілмеген. Психика дефектілері, олар егер де болса, мүлдем қылмыстық мінез-құлықтың мотивін көрсетпейді, дегенмен оларға әсер етуі мүмкін. Сондықтан мотив түрінде берілген қылмысты субъективті түсіндіруге, тек қылмыскер тұлғасын психологиялық зерттеу арқылы қол жеткізуге болады.

Психопатия зорлық-зомбылық қылмыстарын жасауға себепші болатын факторлардың бірі екендігі белгілі. Алайда, сонымен қатар, психопаттар қызмет жасап және басқа көптеген міндетті атқарады. Сондықтан негізгі мәнге өз алдына аномалия емес, қоғаммен қалыптастырылған адамның әлеуметтік бет-бейнесі ие болады. Криминологтармен егіздерді зерттеу арқылы қылмыскер тұлғасындағы биологиялық факторлардың мәнін ашу жолы жасалған болатын. Бұл зерттеу біртұтас генетикалық бастауға бағытталады, дәлірек айтсақ, генотип ұқсастығына және сонымен қатар криминологиялық белгілердің сәйкес келуіне байланысты. Егіздер әдісінің маңыздылығы олардың (біржұмыртқалы егіздердің) генотиптерінің ұқсастығында жатыр. Олар екі ұл бала немесе екі қыз бала болып туылады. Мұндай егіздерді салыстыра және ішкі жұпты корелляциясын (сәйкестігін) бағалай отырып, қандай ерекшелікте генотиппен анықталатындығын және қандай орта әсерінен болатынын анықтауға болады. Әртүрлі зерттеулердің нәтижесін салыстыра келе, екінші егіздің қылмыстық мінез-құлқының жиі

кездесуін көруге болады және айта кететін бір мәлімет, екіжұмыртқалы егіздерге қарағанда біржұмыртқалы егіздер арасында қылмыстылық мінез-құлқы жиі кездеседі. Бірақ, бұл қылмыстылықтың биологиялықтың әсерінен пайда болатындығын мүлдем дәлелдемейді.

Мәселе тұлға жөнінде және биологиялық факторлар рөлі туралы болғандықтан, тек тұлғалық, психологиялық деңгейде болуы керек. Тұлға, оның психикасы бейнелеп айтқанда, әлеуметтік және биологиялық факторлар арақатынасының сахнасы болып табылады. Психикасыз олардың арақатынасын түсіну мүмкін емес. Сондықтан аталған мәселенің ғылыми талдануының жемісті болуы, ол факторлардың әрекетін тек тұлға құрылымында қарастыруына байланысты, өйткені адамның мінез-құлқы көбінесе олар қандай тұлғалық негізде қызмет етуіне байланысты.

Әлеуметтік және биологиялық мән-жайдың көрініс табу интенсивтілігі тұлғаның өзіне байланысты. Алайда бұл жерде дәл осы тұлға туралы айтамыз, яғни қоғамдық қатынастардың субъектісі және объектісі, орта тәрбиесімен қалыптастырылған адамның әлеуметтік қасиеті. Ұқсас генетикті иеленген адамдардың қылмыстық мінез-құлқы зерттелген адамдардың психофизиологиялық ерекшеліктері мен ортамен қалыптастырылған ұқсастықтарының бірдейлігімен түсіндіріледі. Оның үстіне біржұмыртқалы егіздер халық арасында өте аз, ал қылмыскерлер арасында тіпті саусақпен санарлықтай, бұл өз алдына қандай да бір қорытынды жасауды қиындатады.

Биологиялық пен әлеуметтіктің арасындағы арақатынасты зерттеуде криминологтардың назары хромосомалық аномалиялары бар тұлғаларға, яғни тұқымқуалау клеткаларындағы хромосомалар санының және оның қалыптан тыс құрылысы барларға аударылған. Хромосомалық ауытқулар шамамен 0,4 % жаңа туған сәбилерде кездеседі. Хромосомды аномалияға криминологиялық мәнге ерлерде кездесетін соңғы 47-ші хромосомға, яғни «Х» және «У» типтегі қосымшалармен байланысты. 60-шы жылдары хромосоманың бұл аномалиялары қылмыстық мінез-құлқымен байланысты болуы мүмкін деген пікірлер айтылған болатын. Алайда, бұл салада алынған сенімді мәліметтер жоқ. Зерттеу әдістерінің жетік еместігі де себеп болып отыр.

Хромосомалы аномалияларды зерттеу оны қылмыстық мінез-құлқымен емес, психикалық аурулармен тығыз байланыстылығын анықтады, тексерілгендердің ішінде олардың саны басым көпшілігін құрады.

Сонымен, генетик Н. П. Дубининің пікірінше: «Адам туған сәттен дайын әлеуметтік бағдармаларды алмайды, ол бұл адамда қоғамдық тәжірибе, жеке дара дамуы кезінде құрылады».

Криминологияда қылмыстық әрекетке антропологиялық көзқараспен қатар және әрқашан басым түсетін биологизацияны терістейтін көзқарас

үнемі болған. XX ғасырдың басында А. А. Пионтковский өзгергіштік әлеуметтік құбылысты адамға табиғи тән болатын қылмысты түсіндіру мүмкін емес, тіпті «қылмыстық адамды» қоса алғанда, — деп жазды. А. А. Герцензон пікірінше, мінез-құлықтың диалогиялық қайнар көзін іздеп, тұлғаның мәніне үңілу криминологке қажет емес. Ф. М. Решетников қылмысты қылмыскерлердің биологиялық немесе психологиялық ауытқу ретінде қарастыру, әлеуметтік себептермен туатын қылмыстың әлеуметтік құбылыс ретіндегі табиғатын елемеу дейді.

Сонымен, криминологке тек қоғамға өмір сүретін, адамда қалыптасатынмен, яғни қылмыскер тұлғасымен шектеліп қалу керек пе? деген сұрақ әлі шешімін тапқан жоқ.

Әлі күнге дейін зерттеушілер оны әрқалай шешеді. Ю. М. Антонян өзінің назарын қылмыскерлердің психофизиологиялық, психикалық сипаттарына аударып, өзінің «Жестокость в нашей жизни» деген еңбегінде Ф. Ницшенің адам қатыгездігіне қатысты айтқан пікіріне қосылады⁸.

Қорыта айтқанда, адамның биологиялық және әлеуметтік ерекшеліктері қылмысты анықтағанда қатысатыны сөзсіз. Сондықтан қылмыскер тұлғасын зерттеуде, себептілікті анықтағанда сот психиатриялық, сот-медициналық және басқа сараптамалар сияқты пәнаралық салалардың қатысатыны тегін емес.

Қылмыстың жалпы субъектісі үшін бар болғаны адам болуы, жасы толуы және есі дұрыс болуы деген сияқты үш белгі жеткілікті, ал қылмыскер тұлғасын сипаттау үшін оның бала күнінен бастап бойына сіңірген барлық қасиетін адақтап шығу керек. Тіпті, қылмыс субъектісінің тұлғасы десек де қателеспейміз. Біреуді бойы ұзын деп жақсы көрсеңіз, ол — биологиялық қасиеті, енді береуді ақылды деп сыйласаңыз, ол — психологиялық-интеллектуалдық қасиеті.

Қай ортада сыйлы-сыйсыз болу да адамның белгілеріне, қасиеттеріне байланысты. Бір ортада сұраныс пен кадрлеуге ие белгі келесі ортаға қажеті шамалы. Мысалға, мектепте бақылау жұмысы үстінде ақылды бала сыйлы, өйткені оның есепті тез шығара алатын қасиеті бар, ал жоғары сыныптың балаларымен есеп айырысқанда басбұзар баланың сыйы артады, оған білімнің қажеті жоқ, тек төбелесе білу керек.

Өмірде мынау қылмыскердің тұлғасының қасиеті деп шодырайып шығып тұрған қасиет болмайды, ол қарапайым өмірде нақты адамның белгілі бір қасиеті, тек оны біз сырттай ғана мына қылмыскердің тұлғасын сипаттайтын «пәлен» деген қасиеттері бар деп бағалаймыз^{9, 46–47}.

⁸ Антонян Ю. М. Жестокость в нашей жизни. — М., 1995.

⁹ Жұмағали А. Криминология (жалпы бөлім): Дәрістер. — Алматы, 2004.

Осыған орай, қылмыскер тұлғасының құрылымына тоқталу ләзім. Қылмыскердің тұлғасы оның анықтамасымен тығыз байланысты. Құрылымға байланысты мәселе тек тұлғаны сипаттаушы қасиеттерді топтастыруда ғана. Осыған қатысты да әр автор өзінше кесте жасайды. Мысалға, Н. Ф. Кузнецова қылмыскердің тұлғасының құрылымын былайша түзеді:

Қалай?	Кім?	Неліктен?
Әлеуметтік рөлдік қасиеттері	Әлеуметтік-демографиялық қасиеттері	Әлеуметтік-психологиялық қасиеттері
Қылмыскер Құқық бұзушы Еңбекқор Отағасы Белгілі бір топтардың мүшесі	Жынысы Жасы Білімі Әлеуметтік тапқа жатуы Материалдық жағдайы Азаматтығы Жан саулығы	Құқықтық психология Еңбек психологиясы Тұрмыстық психология Адамдармен қарым-қатынас психологиясы Өзін-өзі бағалау

Яғни, әлеуметтік рөлдік қасиеттері «Қалай қылмыс жасады?» дегенге жауап берсе, әлеуметтік-демографиялық қасиеттері «Кім қылмыс жасады?» дегенге, ал әлеуметтік-психологиялық қасиеттері «Неліктен қылмыс жасады?» деген сұраққа жауап береді.

Қылмыскер тұлғасының құрылымына байланысты өзгеден оқшаулау ойды Б. В. Волженкин білдіреді:

- 1) қоғам мүшесі ретінде жалпы белгілері;
- 2) барлық қылмыскерге тән, бірақ қарапайым азаматтардан өзгеше белгілері;
- 3) сол қылмыскерді ғана сипаттайтын жеке-дара белгілері.

Ю. М. Антонян қылмыскер тұлғасын құрайтын қасиет-белгілердің жалпы сұлбасын (схема) былайшы көрсетеді:

Мінездік қасиеттер және өзге де психологиялық ерекшеліктер	Адамгершілік ерекшеліктері мен бағдарлары, адамгершілік ұстанымдары
Кәсібилігі, іскерлігі, білімі	Өзі туралы ойы, өзіне көзқарасы
Қоршаған орта туралы ойы, оған деген көзқарасы	Жынысының, жасының, денсаулық жағдайының әлеуметтік аспектілері

ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПОЗИЦИЯЛАРЫН, РӨЛДЕРІН ЖӘНЕ ӘРЕКЕТІН ЗЕРДЕЛЕУ

Криминологиялық зерттеулер әлеуметтік позициялар мен жеке бастың рөлдерінің ерекшеліктерін, оның әлеуметтік-рөлдік аясын бекітеді.

Криминологияда рөлдің нормативтік ұғымына сүйенген жөн. Әлеуметтік позиция дегеніміз — әлеуметтік жүйедегі өзінше бөлек «қатынастар түйіні». Адам бір уақытта бірнеше әлеуметтік ұстаным ұстанады. Отбасының өзінде ғана ол — ұл (қыз), әке (шеше), аға (әпке), немере. Әрбір әлеуметтік ұстанымға субъектілердің үш тобы жарыса жасаған рөлдер сценарийі сәйкес келеді: 1) мемлекет жасаған және ресми міндеттеулер (заңдар, заңға тәуелді актілер) жүйесінде көрініс тапқан; 2) қоғам жасаған және көпшілік қабылдаған және қоғамдық пікір қолдаған іс-қимыл нормалары: моральдық, эстетикалық, діни және басқа нормалар нысанда; 3) бейресми құрылымдар (отбасы, бірге демалатын топтар, әріптестер тобы) жасаған және күтілетін іс-қимылдың жазылмаған ережесі, оның әлеуметтік нысанында. Субъектілердің соңғы тобына өз іс-қимыл нормалармен және әлеуметтік күтілетін нысанымен қылмыстық құрамалар да кіреді. Әр адам үшін әлеуметтік позициясының маңыздығы, өзінен күтілетін нормалар тарайтын субъектінің маңыздылығы аса қажет. Әрбір рөлдің орындалу жағдайын бағалаудың да елеулі маңыздылығы бар.

Рөлді орындау, егер ол ұзаққа созылатын болса, адам да қандай да бір із қалдырады, бір қасиет дамып, ал екінші бір қасиет жойылып кетуі мүмкін. Мысалы, мынадай жағдай байқалған: егер кәмелетке толмағанның қалыптасуы, негізінен, бейресми демалу топтарының арасында жүзеге асырылса, онда оның бойында бейресми арақатынастар үшін маңызды қасиеттер дамиды: ол адамдармен тез сөз табысады, олардың көңіл-күйін қабағынан біліп тұрады және т.б. Сонымен қатар оларда еңбек ұжымында бағаланатын қасиеттер: тәртіп, кәсіби шеберлік және басқалар төмен болады.

Криминолог мыналарды ажырата білуі тиіс: 1) осы позицияға сәйкес келетін нормативтік міндеттеулердің жиынтығы ретінде рөлді; 2) адамның өзінен не талап ететіндігі түсінуі ретінде рөлді және нені орындағысы келетіндігі; 3) орын мен уақыттың нақты жағдайларында рөлдің іс жүзінде орындалуын. Соңғы жағдайда ол әлеуметтік жағдайларға, сондай-ақ жеке бастың қалыптасып қойған сипаттамаларына байланысты.

Мына әлеуметтік рөлдік ситуациялар қылмыстық іс-қимылмен заңды байланыста болады:

1) мемлекеттің «үлкен қоғамның» нормалармен танысуға, өзін құқық және мораль талаптарына сай, алып жүруге мүмкіндік беретін позициялар-

ды адам ұстанбайды (азғындаған топтар арасында жүреді, олардың өз ұғымы бар және арадағы дауды қара күшпен ғана шешеді);

2) адам қарама-қайшы талаптармен, іс-қимыл нормалармен байланысты позицияларды бірдей ұстанады, яғни әлеуметтік позиция мен рөлдердің қақтығысы орын алады (құқықтық міндеттеулер қылмыстардың түгелдей есепке алынуын талап етеді, ал басшылық әйгілі болған қылмыстардың есепке кірмеуін талап етеді);

3) адам құқыққа қарсы.

Қылмыскер тұлғасын зерттеуде Ломброзо ілімінің кемшіліктері мен артықшылықтары неде десек? Туа біткен қылмыскерлердің анық көрсетілген теорияның шешімдері мен ұсыныстардың кемшіліктеріне қарамастан, Ломброзо теориясы бізге қылмыскер тұлғасын зерттеу арқылы қылмыстарды оқып білудегі нақты әдістерді қолдану бастамасын енгізді. Бастапқыда Ломброзо қылмысты жасаушылар биологиялық тұрғыдан бөлек адам категориясын қарастырған, кейін келе сана жетілуімен оның ішіне әлеуметтік және экономикалық факторларды, яғни сыртқы әсерлес табиғатты қосты. Ломброзо теориясының нақты ойы факторларға «объективті» және «позитивті» көзқарас арқылы қаралатын болса, ол «өзара арақатынасы бар себеп тізбесі» дегенге келуге болады.

Бұрынғы Кеңестік дәуірдің кеңістігінде Ломброзо ілімін әрі қарай жетілдіруде өз ғалымдарын тапқан жоқ.

Қазіргі кездегі Ломброзо теориясының модификациясы және адамдардың физикалық және мінез-құлық кескіндері мен қылмыстың жүріс-тұрысының арасында қандай да бір тәуелділік бар. Адамның физикалық пішіні, оның анатомиялық ерекшеліктері, оның өзара мінез-құлық жүріс тұрысын, моральді бейнесін көрсетеді. Егер бұл теория дұрыс болатын болса, онда қоғамда қылмыспен күресу мүмкін емес екені жөнінде пікірталас шығуы мүмкін. Нәтижесінде осыдан қоғам ішінде барлығына танымал формула шығуы себеп болды, ол — қылмыскермен күресу тек қана жалғыз жол бар, оны өлшеу, ақылға салу және анықтау.

ӨМІРЛІК ТӘЖІРИБЕНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Жоғарыда көрсетілген құрылымдық бөліктердің біреуін алып тастау барлық құрылымның тұтастығын бұзады. Олардың ешқайсысы бөлек болғанда мәнге ие бола алмайды. Ендеше барлық құрылымдық бөлік жеке тұлға деп аталатын күрделі жүйені құрайды.

Жеке құрылымдық бөліктерді қарап көрейік.

Мінез, темперамент, ойлау ерекшеліктері және өзге де психологиялық ерекшеліктер, адамның мінез-құлқы мен оның сыртқы әсерге, әсіресе ол

психикаға зақым тигізетін болса, барынша ықпал етеді. Адамгершілік ерекшеліктері өмірлік жағдайларды, мінез-құлық бағытын, өмірлік проблемаларды шешу мен мақсатқа жету тәсілдері, өзге адамдармен қатынасқа түсу стереотипі, кіші әлеуметтік топтардағы мүшелігін таңдауды анықтайды. Дағдылар, біліктілік пен білім де қылмыстық мінез-құлықты жүзеге асыруда аса маңызды. Кейбір қылмыстар нақты білім болғанда ғана жасалуы мүмкін, мысалы, жоғары технологиялармен байланысты қылмыстар немесе техниканы басқару және пайдалану арқылы жасалатын қылмыстар. Мәселен, компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстар, соған сәйкес білімі мен біліктілігі барлардың қолынан ғана келеді.

Қылмыскердің жеке тұлғасын, тіпті жалпы жеке тұлғаны түсіну үшін оның өзіне және қоршаған ортаға деген қатынасын білу маңызды. Бұл қатынастар аса үлкен энергияға толы, жеке адам үшін оның тұрмысы, рухани және өмірлік ұстанымдары үшін басты маңызға ие. Сондай-ақ барынша адами қуат береді. Көз алдарыңызға өзіне, өз өміріне, қоғамдағы өз орнына риза емес адамды елестетіп көріңіздерші, ол бұл жағдайды қоршағандардың — арам, әділетсіз, ұятсыз адамдар екендігімен түсіндіреді, оның ойынша, бұл әлемде әділеттік жоқ. Қалай ойлайсыздар, мұндай адам өзі үшін маңыздыны табу үшін, өз мәртебесін көтеру үшін және өмірден орнын табу үшін қылмыстық әрекетке бара ала ма?

Адамның мінез-құлқына жынысы, жасы және денсаулық жағдайы сияқты факторлар ықпал етеді. Әйелдер дене күшін қажет ететін әрекеттер жасамайды, егде жастағы адамдар жылдамдықты, иілгіштікті және шапшаңдықты қажет ететін қылықтар істеуге қабілетсіз болып келеді. Ал жасөспірімдер белгілі бір жағдайда толысуды, ерекше білім мен іскерлікті қажет ететін (мысалы, алаяқтық) құқық бұзушылыққа сирек барады. Әрине, егде тартқан адам да, мүгедек те орындаушы ретінде белгілі бір әрекеттерге бармаса да, қылмысты ұйымдастырушы ретінде әрекет ете алады. Егде жастағы қылмыскер-рецидивистер көбіне осылайша әрекет жасайды.

Психикалық ауытқулардың криминологиялық рөліне ерекше тоқтап кету керек, ол психотикалық деңгейге жетпеген (психикалық ауру мәртебесін алмаған), ақыл-есі дұрыс, бірақ ауытқушылық мінез-құлыққа ықпал ететін, жеке тұлғалық өзгерістерге ұшыраған психикалық әрекеттің бұзылуын білдіреді. Мұндай ауытқу жеке адамның әлеуметтік бейімделуінде қиындық туғызады, өз әрекетін басқару мен есеп беру қабілеті төмендейді. Психикалық ауытқуы бар адамдарда қалыпты психикалық құбылыстар мен процесстер басым болады. Сондықтан мұндай адамдар әлеуметтік байланыстарын сақтайды, көпшілігі еңбекке қабілетті, әрекет етуге бейім, ақыл-есі дұрыс. Психикалық ауытқулар қатарына психопатияны, жеңіл қауқарсыздығы бар олигофренияны, бас сүйегінің жарақатының қалдығы, орталық жүйке жүйе-

сінің органикалық зақымдануын, маскүнемдікті, нашақорлықты жатқызуға болады.

Психикалық ауытқулар қылмыстық мінез-құлыққа, қоғамға жат өмір салтын сүруге ықпал ететін жағдайлар рөлін ойнайды, белгілі бір ортаны, әлеуметтік байланыстар мен құштарлықтардың мазмұны мен тұрақтылығын анықтайды. Мұндай ауытқулар криминогендік көзқарастардың, бағдардың, қажеттіліктердің, әуесқойлық пен дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Психиканың бұзылуы кезінде ашуланшақтық, агрессия, қатыгездік сияқты қасиеттер қалыптасады және бақылау механизмін ұстап тұратын, илануды арттыратын еріктік процестер төмендейді. Олар жеке тұлғаның қалыпты әлеуметтенуіне, қоғамдық құндылықтарды меңгеруіне, қалыпты байланыстар мен қатынастар орнатуға кедергі келтіреді; белгілі бір әрекет түрімен айналысуға немесе еңбек етуге бөгет болады, осыған байланысты заңға қайшы әрекеттер жасау мүмкіндігі жоғарылайды. Психикалық аурулар жасырын дамып, қоршағандарына психикалық ауру емес, мінезіндегі оғаштық, қызбалық, ұрысқақтық, түсініксіз қатыгездік немесе топастық ретінде қабылданады.

Жеке тұлғаның құрылымының бөлінбес бөлігіне өмірлік тәжірибенің әлеуметтік және психологиялық аспектісі жатады. Адамның сыртқы әсерге жауабы, оның өзіндік тілегі мен әуестігі осы тәжірибеге сүйенеді. Олар белгілі бір қоғамға жат сипаттағы дағды, іскерлік немесе әдеттерде ғана емес, өмірде жинақтаған қатынастар мен бағалар жүйесінен де көрінбейді. Эмпирикалық зерттеулер көрсеткендей, өмірлік тәжірибе, соның ішінде балалық шақта орын алған, егер ол эмоциялық тұрғыда және психикаға зақым келгендей есте сақталса, психикада «тұрып қалуы» мүмкін және көп жыл өткен соң қылмыстық әрекетке себепкер болуы мүмкін. Көрнекі ретінде келесі мысалды келтірейік.

К. өзінің тоғыз жасар өгей баласын аса қатыгездікпен өлтірген. Тергеу мен сот анықтағандай, өгей баласы екеуінің арасында жақсы қарым-қатынас болған, бала оған жақын болған, әке деп атаған. Кісі өлтіруші тергеу кезінде де, сотта да, жазасын өтеген кезде де баланың мінез-құлқы бойынша ешбір жаман сөз айтпаған. Қылмыс әйелімен болған кезекті жанжалдан кейін болған. Әйелі К.-ге ренжіп үйден кетіп қалады, ұлы бұл кезде ұйықтап жатқан. К. мас күйінде бөлмеге жанармай құйып, жаққан да, есікті құлыптап кетіп қалған. Коммуналдық бөлме бойынша көршілер есікті сындырмақ болғанымен, аша алмаған. Олар ұзақ уақыт бойы тірідей жанып жатқан баланың дауысын естіген. Тергеу және сот бұл әрекетті әйелінен өш алу үшін жасалған деп таныған, бірақ қылмыскердің жеке тұлғасын және оның өмірін зерттеу басқадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Біріншіден, К. бұрын да әйелімен қызғанып, ренжіскен көрінеді. Бірақ оған да, оның ұлына да күш қолданған емес. Екіншіден, осы бір қауіпті қылмыскердің балалық шағы қайғылы болған: ата-анасы оны аяусыз соққыға жығып, үйден қуып шыққан, үнемі намысына тиетін сөздер айтқан, жеп отырған нанын айтып мұқатып отырған, ол тек өскенде ғана үйінен кетуге мүмкіндік алған. Жоғарыда аталғандардан К.-ның осы бір қатыгез қылмысының субъектілік мәні, себебі ол өз балалық шағының психикасын жара лаған естеліктерді жоюға деген ұмтылысын байқауға болады, ол осы естеліктердің тірі символы ретінде баланы өлтіреді, санасында оны алдын ала екшелеп алады. Бұл ойды былайша айтуға болады: бала оның бақытсыз балалық шағының тірі символы ретінде қабылданған. Сондықтан ол бала жоғалса, онымен бірге барлық қиналған сәті де жоғалады деп есептеген. Назар аударатын жайт, кісі өлтіру оттың көмегімен жасалды, яғни от — барынша күшті, барлығын жоя алатын күш.

Балалық шағындағы қасірет К. сөзіне қарағанда, өмірінде маңызды рөл атқарған. Ол ата-анасының қатыгездігін ашу-ызамен еске алады, олар туралы айтқанда отыз жастағы өзімен сол оқиға жақында ғана болғандай әңгімелеген, бірақ өзі оны жасаған қылмысымен еш байланыстырмайды. К.-ні психологиялық тұрғыда зерттеу оның бойынан ойлауы ебедейсіз екені, эмоцияның тұрақталуы және ренжігіш екені анықталған. Оған қоса, қылмыстың мас күйінде жасалғанын да еске түсірейік. Бұл күйде сананы бақылау толықтай немесе барынша төмендейді.

Қылмыскердің жеке тұлғасын түбегейлі зерттеудің бір проблемасы — әлеуметтік және биологиялық өзара қатынаста болуы. Бұл проблема ғылыми, практикалық, құқықтық маңызға ие. Оның шешімінен көп жағдайда қылмыстың себебін түсіндіру және онымен күресудің басты бағыттарын анықтау байланысты. Адам қоғамдық табиғатқа ие, ал жеке тұлға оны қоғамдық қатынастар жүйесіне енгізген жағдайда ғана қалыптаса алады. Адам өмірінің әлеуметтік сипаты — оның ерекшелігі. Бұл биологиялық факторларды жоққа шығару емес, дегенмен олар қылмыстық әрекетке ықпал ететін жағдайлар сипатын ғана көрсетуі мүмкін, бірақ себебін көрсетпейді.

Жалпы аталған проблеманы түбегейлі зерттелген деп айтуға болмайды, философия немесе психология сияқты ғылымдардың көмегімен оны шешу маңызды әрине, бірақ жеткіліксіз. Қылмыскерлерді ауқымды биологиялық зерттеу, сол әдістер мен тәсілдердің көмегімен заңды бұзбайтын адамдарды зерттеуден алынған нәтижелермен салыстыру қажет. Мұндай жұмыс Ресей елінде В. П. Сербский атындағы Мемлекеттік ғылыми әлеуметтік және сот психиатриясы орталығында басталды. Зерттеушілер кейбір агрессивті қылмыскерлердің нейрофизиологиялық ерекшеліктері өзіндік сананың бұзылу-

ына және мінез-құлықтың ішкі бұзылған бағдарламаның қалыптасуына ықпал етеді деген қорытынды жасады.

Биологиялық факторлар өзінен-өзі қылмыстық әрекетке әкеп соғады. Мұндай әрекетке бейімділік биологиялық тұрғыда басым болып келеді және тұқым қуалайды, көбіне қылмыскерлер арасында психикалық әрекеті бұзылған адамдар да бар дегенді де жиі айтады. Бірақ, психиканың ауытқуы қылмыс жасаудың себебі емес. Біріншіден, қылмыскерлердің арасында мұндай ауытқуы бар адамдар көп емес (20 %-дан көп емес). Екіншіден, нақты адамдағы ауытқудың болуы оның құқыққа қарсы әрекетте криминогендік рөл атқарды дегенді білдіре бермейді. Үшіншіден, психиканың ауытқуы қылмыс жасауға итермелемейді, тұлғаның қалыптасуына ықпал еткен қолайсыз жағдайлар, тәрбие криминогендік ерекшеліктерді тудырады. Әрине, мұндай ауытқулар құқыққа қарсы әрекеттің пайда болуы мен дамуына ықпал етуі мүмкін, тек жағдай ретінде ғана. Төртіншіден, бұл ауытқулар тек әлеуметтік болуы да мүмкін. Мысалы, өндірістік апат немесе агрессия негізінде алынған бас сүйектің жаракатының салдары.

Осы бір әлеуметтік және биологиялық өзара қатынас сияқты күрделі проблеманы қарастыру кезінде тағы бір маңызды ойды ескеру керек. Сөз жеке тұлға туралы болып жатқандықтан, бұл факторлардың рөлі туралы тек жеке тұлғалық, психологиялық деңгейде ғана айтуға болады. Жеке тұлғаның психологиясы, басқаша айтқанда, әлеуметтік және биологиялық факторлардың өзара әрекеттестігі өтетін арена сияқты. Онсыз бұл арақатынасты түсіну мүмкін емес.

ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жеке тұлғаның қалыптасу үдерісін әлеуметтену — жеке тұлғаның қоғамдық қасиеттерді қабылдауы, өмір жолын таңдауы, әлеуметтік байланыстарды құруы, өзіндік сана мен әлеуметтік бағдарлау жүйесін қалыптастыру, әлеуметтік ортаға ену, оған бейімделу, белгілі бір әлеуметтік рөлдерді және қызметті меңгеру үдерісі деп атайды. Бұл кезеңде нақты осы адамға қатысты туындаған өмірлік жағдайларға жауабы туындайды және бекиді.

Жеке тұлғаның әлеуметтенуі белсенді үдеріс ретінде өмір бойы жалғаспайды, ол тек норма, рөлдер, ұстанымдар және т. б. кешенін қабылдауға қажетті кезеңде, яғни жеке адамның жеке тұлға ретінде қалыптасу уақыты аралығында ғана қажет. Алғашқы әлеуметтену немесе баланың әлеуметтенуін және аралық әлеуметтенуді, жастық шақтан кемелдену кезеңін, яғни 17—18 жастан 23—25 жас аралығын бөліп қарауға болады.

Жеке тұлғаның қалыптасуында ерекше рөлді алғашқы әлеуметтену алады, себебі бала санасыз түрде ересектерден үлгі алады, мінез-құлық мәнерін, қандай да бір проблемаларға типтік жауабын меңгереді. Қылмыскердің жеке тұлғасын психологиялық зерттеулер көрсетіп отырғандай, адам өскенде балалық шағында психикасында қалған мінез-құлықты қайталайды екен. Мысалы, ол жанжалды күш қолдану арқылы шешуге тырысады, себебі оның ата-анасы солай істеген. Осылайша, қылмыстық әрекетті алғашқы әлеуметтенудің өзіндік жалғасы, залалы деуге болады.

Ата-анасымен болған алғашқы, ерте әлеуметтенудің кемшіліктері криминогендік маңызға ие болуы мүмкін. Себебі, ең алдымен, бала басқа оң әсерлерді игерген жоқ, ол ересектерге толықтай тәуелді және олардан қорғансыз. Сондықтан жеке тұлғаның отбасында қалыптасуы криминологтардың басты назарында болуы керек. Отбасы — қылмыстық әрекетке апаратын себептің басты бөлігі.

Қазір құқық бұзушылардың отбасы мен ондағы ата-ана тәрбиесінің әдістері туралы мәліметтер көп жинақталған. Негізінен, бұл отбасы туралы әлеуметтік және әлеуметтік-демографиялық мәліметтер. Дегенмен ғылымның қазіргі даму кезеңінде және құқық қорғау тәжірибелерінің сұрауынан мұндай ақпарат (болашақ құқық бұзушылардың ата-аналары, отбасы құрамы туралы, отбасы ішіндегі қарым-қатынастар, ата-аналарының мәдениет деңгейі, олардың немесе өзге де туыстарының аморальдық немесе заңға қайшы әрекеттері және т. б. туралы) қылмыстық әрекеттің туындауын түсіндіру үшін жеткіліксіз.

Мәселен, жағдайы нашар немесе толық емес отбасылары туралы көптеген құнды мәліметтен осындай отбасылардан «шыққандардың» құқық бұзушылыққа барлығы бара бермейтіні көруге болады. Жағдайы нашар отбасылар қатарына ата-аналары заңға қайшы немесе аморальды әрекеттер жасағандарды да жатқызады. Мысалы, әкенің болмауы немесе оның аморальдық әрекеті заң бұзушының жеке тұлғасын қалыптастыра бермейді. Сондықтан шешуші рөлді отбасының құрамы, ата-аналар арасындағы қарым-қатынас, тіпті теріс, заңға қайшы әрекеттері ойнамайды, олардың балаға деген эмоциялық қатынасы, қабылдауы немесе керісінше, қабылдамауы орын алады. Ата-аналары заңға қайшы әрекет жасаса да (мысалы, ұрлық жасау) балаларына деген эмоциялық қатынасы жылылық пен сүйіспеншіліктен тұратын отбасыларын да кездестіруге болады. Мұндай отбасының балалары қылмыс жасауға аса бейім болмайды. Сондықтан балалық шақтағы осындай қарым-қатынастың болмауы адамның болашағына үлкен әсер етеді деп айтуға толықтай болады.

Бала өмірінің жағдайы оның психикалық және адами дамуына тікелей әсер етпейді. Бірдей жағдайда әртүрлі жеке тұлғалар қалыптасуы мүмкін.

Оның барлығы адам ортамен қандай өзара қарым-қатынаста болғанына байланысты. Ортаның ықпалы баланың бұрындары қандай психологиялық жағдайды бастан өткізгеніне байланысты қабылданады.

Терең, жылы эмоциялық қатынас орнаған және балаларға құрметпен қарайтын отбасыларында ұжымшылдық, мейірімділік, ықыластық, жана-шырлық, дербестік, бастамашылдық, жанжалды шеше білу қабілеті сияқты т. б. қасиеттер белсенді қалыптасады деген пікір бірнеше рет дәлелденген болатын. Мұның барлығы балаларды көпшіл, ашық мінезді етеді, ол құрдастарының арасында беделге ие болады. Керісінше, жылулық, мейірімділік, қамқорлық аз жерде бала жеке тұлға ретінде баяу қалыптасады. Өртүрлі себептерге, соның ішінде объективтік себептерге байланысты өзіне деген назардың болмауы, ата-аналар мен балалар арасында сирек қарым-қатынастың болуы (гипоопека) балаларда эмоциялық аштық, жоғары сезімдердің дамымауы мен жеке тұлғаның тежелушілігіне әкеп соғады.

Қарым-қатынастың болмауынан теріс салдардың болуы ата-аналардың жұмысбастылығы, ұзақ қызметтік іссапарларда болуы, созылмалы аурулар және т. б. дәлелді себептерге де байланысты туындайды.

Ата-анасының баласынан психологиялық тұрғыда алыстауы — қылмыскердің жеке тұлғасының қалыптасуының бір ғана себебі емес. Кейде олар басқа жолдармен қалыптасады: бала мен жеткіншекте ата-анасымен қажетті эмоциялық байланыс бар, бірақ соңғылары оған адами және құқықтық тыйымдарға немқұрайлы қарауды, заңға қайшы әрекетке баруды (мысалы, үнемі мас күйінде болады, бұзақылық жасайды және т. б.) көрсетеді. Сондықтан жасөспірім бұл үлгілерді және соған сәйкес көзқарастар мен түсініктерді тез қабылдайды, олар оның ойлау таптаурынына сай келеді және оның әрекеттерін ынталандырады.

Криминогендік салдарлар кейде отбасында қажетті эмоциялық қатынастар мен мақсатты түрде адамгершілік тәрбие жүргізілгенімен, қоршағандары баланың тек материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға ғана үйретеді, өмірінің бірінші жылынан бастап оны қоршағандарының алдында қарапайым міндеттерді орындау керектігіне, адами нормаларды сақтауға үйретпеу сияқты отбасылық тәрбие беріледі. Негізінен, бұл — балаға деген немқұрайлық.

Ата-аналық қамқорлықтың болмауы ашық түрде көрінуі мүмкін. Баланы ұру, үйден қуып жіберу, тамақтандырмау, қамқорлық көрсетпеу және т. б. бала бойына жазылмас психикалық жарақат әкеледі. Баланы қабылдамау жасырын болуы да мүмкін: ата-ана мен балалар арасындағы қатынас бейтарап, эмоция жоқ, әркім өз бетімен өмір сүреді, өзгенің өмірімен қызықпайды да. Мұндай қатынастарды анықтау өте қиын, себебі оны ата-ана да, балалар да жасырады және оны өз еркінен тыс жасайды, әдейі жасамайды.

Кейде балалар егер ата-анасы жұмыстан қолдары тимей жатса, көп балалы үйде өз бетімен жүреді.

Нәтижесінде ата-аналарының баладан эмоциялық алыстауынан, оның ата-аналық мейірім мен қамқорлығын сезінбеуінен бала психикасында алаңдаушылық, сабырсыздық, өзін, өз «Менін», өмірдегі өз орнын жоғалтудан қорқу, жауласуды сезіну, қоршаған әлемге деген өшпенділік қалыптасады. Бұл ерекшеліктер қажетті тәрбиелік ықпалдың болмауынан, немесе, керісінше, теріс ықпалдың әсерінен мектепте, оқу және еңбек ұжымында, достарының арасында байқалады.

Жасөспірімнің жеке тұлғасының қалыптасуына бейресми әлеуметтік орта, құрбылары да үлкен ықпал етеді. Қоғамға жат әрекеттегі жастардың бейресми топтары бұрындары отбасында қабылданбаған балалар — жігіттер мен қыздардан тұратын бірлестік. Әдетте, олардың осындай топта бірігуі тез жүзеге асады, себебі олар бір-бірі үшін әлеуметтік және психологиялық құндылыққа ие. Топтық бірігу мен үнемі қарым-қатынаста болуы олар үшін бөтен және жау болып қабылданатын қоғам алдында қарсы тұруға көмектеседі.

Осылайша, қылмыстық топтарды немесе артта қалған, теріс көзқарастар мен дәстүрлер, қоғамға жат мінез-құлық нормалары басымдықта болатын топтардың болуы ең бірінші жеке тұлғаға теріс әсер етеді және ол әлеуметтік себептерге де негізделеді. Кейбір адамдардың қоғамдық құрылымнан алшақтап, жат болып кетуінен осындай топтар құрылады. Жат болып кеткен тұлғалар міндетті түрде өз қызығушылықтарын қорғау үшін және өзара қолдау көру үшін осындай топтарға бірігеді.

Топтың ықпалымен оның қатысушыларында туындаған өмірлік жағдайлар мен проблемаларды шешу тәсілдерінен тұратын ұстанымдар мен өмірлік бағдар қалыптасады. Топ оған отбасы бермегенді береді, сондықтан олар топқа және оның ұстанымдарына берік болады, сөзсіз орындайды. Басқаша айтқанда, отбасыдан теріс айналған балалар — көбіне болашақ қылмыскерлер. Әртүрлі себепке байланысты отбасы жатсынған балаларды одан да қиын тағдыр тосып тұр, бұл, мысалы, ақыл-есінің кемістігінен құрбыларының кіші бейресми тобына қосыла алмағандар. Мұндай адамдар, әдетте, ішіп кетеді, біртіндеп құлдырап, қаңғыбас пен қайыршы болып кетеді. Егер олар қылмыс жасаса да, ол қоғамға аса қауіп төндірмейді. Олардың бұл үшін күші де, іскерлігі де, қабілеті де жоқ.

Топтың ықпалы маңызды, себебі оған қатысқан адам өзінің оған қатысын бағалайды. Оның мүшелері күнделікті қарым-қатынаста болады, олардың арасында сезімдерге негізделген әртүрлі қарым-қатынас орнайды, ал олардың бір-біріне деген қатынасы мен әртүрлі әлеуметтік фактіні, оқиғаларды, өзге адамдарды бағалауы эмоциялық тұрғыда көрінеді. Топ кінәлай-

ды немесе қолдайды, қуанады немесе түсінбейді, міне, сондықтан ортақ көңіл-күй немесе пікір әлеуметтік-психологиялық және рухани факторлық мәнге ие болады.

Жеке тұлғаның жат болып кетуі оның қоғамның оң құндылықтарын қабылдауға кедергі жасайды, керісінше, қоғам ретіндегі отбасы бермегенді «іздейтін» адамдардың теріс қоғамға жат кіші топтардың нормалары мен түсініктерін тез қабылдауға ықпал етеді. Жалпы әлеуметтік-психологиялық жаттану жеке адамның жеке тұлғалық айқындамасы мен әлеуметтік орнының бейімсізденуін туғызады. Қажетті тәрбиелік ықпалдың болмауы үлкен криминогендік салдарға әкеп соғуы мүмкін. Бейімсіздену, көптеген құқық бұзушының жаттануы оларды заңды орындаушы азаматтардан ерекшелейді. Бұл жағдайды жан-жақты есепке алмай, олардың қылмыстық әрекетін алдын алу, түзету, қайта тәрбиелеу сияқты тиімсіз болады.

Жеке тұлға кіші ортаның, оның құрамдас бөліктері ықпалымен ғана емес, үлкен ортаның — жалпы қоғамның, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен де қалыптасады. Оның үстіне, үлкен орта жеке тұлғаға тікелей де, бөлек кіші орта салалары: отбасы, мектеп және т. б. арқылы да ықпал етеді.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘРЕКЕТ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘРЕКЕТКЕ ЖАЛПЫ КӨЗҚАРАС

Қылмыстық әрекеттің проблемасы ғылыми және практикалық аспектіде қылмыстылықты және оның себебін түсіну, сонымен қатар онымен күрес үшін аса маңызды.

Осы проблема шеңберінде келесі маңызды мәселелерге назар аудару керек. Біріншіден, қылмыстық әрекет — жалпы адамның әрекетінің бір түрі, осыған байланысты ол да жалпы әрекет заңдылықтарына бағынады. Жалпы әрекет — барлық жанды тіршілік иелерінің қозғалыс белсенділігі, оған қозғалмайтын сәттері де енеді. Ол бүтін ағзаның қоршаған ортамен ең жоғары өзара әрекеттестігі. Қылмыстық әрекетте жеке тұлғаның әрекетіне қатысты құбылыстар мен үдерістерді байқауға болады. Ендеше қылмыстық әрекет пен оның ішкі қозғалыс механизмін психология ғылымындағы әрекет туралы белгілінің барлығын пайдаланғанда ғана түсінуге болады.

Екіншіден, қылмыстық әрекет қылмыстық заңда қоғамдық қауіпті әрекет деп танылатын қылмыс түсінігіне ұқсас емес. Криминологияны қандай белгілер мен әрекеттер (әрекетсіздіктер) «жасайтыны» қызықтырмайды, оны анықтау қылмыстық құқықтың құзырында. Криминология Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленгеннің барлығын қылмыс деп таниды, оған қылмыстық әрекетті не тудырды, қандай жағдайлар оны жасауға ықпал етті, оның себебі мен мақсаты, шешім қабылдау механизмі және т. б. қандай деген мәселелер маңызды. Осыған байланысты, криминология қылмыскердің жеке тұлғасын, соның ішінде, қылмыс себебін, қылмыстық қылықтардың даму бірізділігін, адам мен нақты өмірлік жағдайдың қылмыс жасағанға дейін және жасаған кездегі өзара әрекеттестігін зерттейді.

Үшінші, қылмыстық әрекетке әсер ететін ешқандай да сыртқы, объектілік немесе ішкі, субъектілік себептер мен өзге де жағдайлар жеке адамның психологиясы арқылы өтпей жасалмайды. Тек психологияда ғана аталған жағдайлар «өңдеуден» өтеді, олардың ешқайсысы да тікелей әсер етпейді, белгілі бір қылықты тікелей тудырады.

Қылмыстық әрекеттің қылмыстық еместен айырмашылығы қандай? Құқықтық қатынаста олар үнемі ерекшеленетін сияқты, себебі заң оларға қылмыстық-құқықтық тыйым салып тастаған. Мұндай әрекеттің психологиялық мазмұнына келетін болсақ, ол барлық жағдайда да өзгелерінен ерекшелене бермейді, бірақ көбіне — өздерінің эмоциялылығымен, шиеленісуімен ерекшеленеді, себебі оны жүзеге асырып отырған адам осы қылығы үшін мемлекет пен қоғам алдында жауап беретінін біледі, өзінің адамгерші-

лік нормаларын бұзғаны үшін қылмыстық жаза, кейде қатал жаза күтіп тұрғанын да біледі.

Қылмыстық қасақана жасалған әрекетті оның генезисі (пайда болуы) жағынан қарайтын болсақ, келесі бөліктерден тұрады: себеп, дайындық (көп жағдайда жоспарлау) және қылмыстық әрекетті жасау. Мұнда да жеке тұлға үнемі сыртқы ортамен — нақты өмірлік жағдаймен өзара әрекеттестікте болады.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘРЕКЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қылмыс жасау жеке тұлға мен оның мотивациясына теріс ықпал етеді, ол оның мінезі мен өмір салтын бұзады, сөйтіп адамды, мысалы, қылмыстық заңды жүйелі түрде бұзуға итермелейді немесе ол бас бостандығынан айырылуға сотталған болса, оның қарым-қатынасқа түсу ортасын өзгертеді. Қылмыстық әрекет кінәлінің өмірін, егер ол ұсталмай, сот үкімінен тығылып жүрсе де, түбегейлі өзгертеді.

Қылмыстардың барлығы алдын ала дайындалмайтынын ескеру керек, оған, мысалы, аффект жағдайында, қылмыскерлерді ұстау кезінде және кейбір жағдайларда жасалатын қылмыстарды жатқызуға болады. Абайсызда жасалған қылмыстар жасаған кезде оның себебі маңызды, бірақ оған кінәлі ондай жағдай болмайды деп өз немқұрайлығымен немесе өзінше оны болдырмаймын деген ойымен жасаған әрекеттер жатады. Абайсызда жасалған қылмыстарды жасаған кезде қылмыскердің жеке тұлғасы нақты өмірлік жағдайлармен белсенді түрде өзара әрекетке түседі.

Осылайша, «қылмыстық әрекет» термині бірнеше қылықтардың әрекеті ғана емес, бір ғана қылық, бір актілі әрекет немесе әрекетсіздік дегенді білдіреді.

Жеке тұлға қылмыстық әрекеттің себебін тасушы ғана деп тану жеткіліксіз, оның себебі неден тұратынын білген де дұрыс. Қылмыс себебі мен жеке қылмыстық, яғни жаза әрекетін тудыратын субъектілік факторлардың айырмашылығын да білген жөн. Олардың арасындағы айырмашылық теориялық тұрғыда ғана емес, практикалық тұрғыда да бар, ол алдын алу жұмысын нақты және мақсатты қылады. Қылмыс себебі жалпы субъект психологиясы арқылы өтіп, қылмыстық әрекеттің факторына айналады. Соңғысы, бірігіп, типтеліп қылмыс себептері арасынан орын табады.

Криминологияда жеке қылмыстық әрекеттің себептеріне қатысты келесі ережелер бар: оны қоғамға жат түсініктері мен ұстанымдары бар, соған сәйкес құндылықтарға бағытталған, психологиясында адами қасиеттері жоқ адамдар жүзеге асырады. Ал бұл кемшіліктер жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттері теріс қалыптасуы, дұрыс тәрбиенің берілмеуі нәтижесінде пайда

болады. Дегенмен аталған ойлар толықтырулар мен нақтылауды қажет етеді, оларсыз неге адамдардың қылмыстық-құқықтық тыйымдарды бұзатынын түсіну қиын.

Басқаша айтқанда, аса маңызды келесі сұрақтар жауапсыз қалады: неге қоғамға жат көзқарасы мен түсініктері бар, адамгершілік қасиеттері жоқ адам әрқашан қылмыс жасайды? Неге туындаған жағдайдан шығудың бірнеше нұсқасының ішінен қылмыстық заңмен тыйым салынғаны таңдалады? Бұл сұрақтардың жауабын білмей нақты қылмыстардың алдын алу, профилактикалық жұмысты жүргізу, қылмыскерлерді түзету мүмкін емес.

Қылмыстық әрекеттің себебін түсіну үшін оның өзгелері сияқты жеке тұлғаға тәуелсіз кездейсоқ емес екенін және сыртқы жағдайлармен ғана анықталатынын ескеру керек. Егер сондай болғанда, қылмысты бір мезгілде қолайсыз, теріс ықпалға ұшыраған кез келген адам жасар еді. Бірақ, бірдей бір жағдайға ұшыраған адамдар өздерін әртүрлі ұстайтыны барлығымызға белгілі. Сыртқы орта, жағдай қылмыс жасауға қолайлы жағдай туғызуы мүмкін, тіпті итермелеуі де мүмкін, бірақ ол оның себебі бола алмайды.

Аталған сыртқы өмірлік жағдай көбіне дұрыс және жеке тұлғаның ішкі психикасын жаралайтын қобалжуына сәйкес келеді. Олар қаншалықты ауыр және күшті болғанымен, егер жеке тұлғада оны тепе-теңдікте ұстайтын, ұстамды ететін өзге де күштер әсер етсе де, қылмысқа әкеп соқпайды.

Сондықтан қылмыскердің жеке тұлғасын жан-жақты, жүйелі талдау, оның қалыптасуын — неге, қалайша, қандай сыртқы әлеуметтік жағдайлар субъекті бойына оны қылмыстық әрекетке итермелейтін қасиеттер қалыптасатынын анықтаудың күрделі ғылыми міндеті пайда болады. Жеке тұлғаның қоғамға жат көзқарасы, ұмтылысы, бейімділігі және өзге де теріс қасиеттері сөз жоқ, оның қоршаған әлеуметтік ортасынан үйренгенінің, бағытталғанының нәтижесі. Олар өзге адамдармен үнемі және тікелей қарым-қатынас кезінде көптеген байланыс пен рөлдер ойнау кезінде беріледі. Сондықтан қылмыскердің жеке тұлғасы проблемасы — көбіне мұндай әрекеттің қалыптасуы — мұндай әрекеттің пайда болу проблемасы, жеке тұлға мен қоршаған әлем қатысатын қоғамдық байланыстармен негізделуі.

Қылмыстық әрекетке сыртқы жағдайлар ықпал етуі мүмкін, бірақ олар оның себебі емес. Егер бұл жағдайлар орын алған қоғамдық қауіпті салдардың себебі болса, онда қылмыс жасалмаған, себебі салдардың негізі, «залал келтіруші» ретінде жеке тұлға танылмайды. Бұл жағдайда сыртқы ықпалдар әсер етпейді. Мұнда адам психологиялық тұрғыда қандай да бір сыртқы факторларға, көбіне өзге адамдарға тәуелді болуы мүмкін. Бірақ, ол өзінің ішкі қобалжулары мен жағдайына да психологиялық тұрғыда тәуелді

болады, соған байланысты оның әрекеті туындаған жағдайларға қарай иілгіш болмауы да мүмкін.

Сыртқы ықпалдарға келетін болсақ, адам табиғатынан берілгенін де, өзінің өмірлік тәжірибесінен меңгергенін де қабылдайды («кездестіреді»).

Егер біз қылмыстық әрекеттің не екенін, қандай себептермен оның анықталатынын, оның мәні не екенін, қылмыс жасағанда адам қандай субъектілік мақсаттарды көздейтінін білмесек, әрине, қылмыспен күресудің тиімді жүйесін құра алмаймыз, себебі ол жалпы қылмыспен күресті ғана қарастырып қоймай, күрделі деңгей — қылмысты жеке алдын алуды да қарастырады.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘРЕКЕТТІҢ МОТИВИ (СЕБЕБІ) ЖӘНЕ ҚОЗҒАМЫ

Адам әрекетінің мотиві (себебі) психологияның басты проблемаларына жатады. Мотивация мен мотив (себеп) түсінігін психология түсіндіреді. Өзге ғылымдарға, соның ішінде заң ғылымына мотивация мен мотив мәселелері қаншалықты маңызды болса да, олар психология анықтаған түсініктерге жүгінеді, себебі бұл психологиялық сана саласына жатады.

Мотив — жеке тұлғаның маңызды құрамдас бөлігінің бірі. Бұл әрекеттің ішкі ынтасы, «Мотиві қандай, жеке тұлға да сондай» деп дұрыс айтылған. Мотивті зерттеудің маңыздылығын және бұл сұрақтың күрделігін көрсету үшін бірдей әрекеттің әртүрлі себеппен жасалатынын ескеру керек. Осыған байланысты бұрыннан келе жатқан мына бір әңгімені еске түсіруге болады.

Бір адам ғимарат салып жатқан жұмысшылардан «Не істеп жатырсындар?» деп сұрапты. Оның бірі: «Мен мына бір құрып кеткір тасты тасып жатырмын», — депті. Екіншісі: «Мен нан тауып жүрмін», — депті. Үшіншісі тамаша мұнара салып жатқанын айтады. Осылайша, сырттай ұқсас әрекет әртүрлі себептерге қарай жасалуы мүмкін, қылмыскердің жеке тұлғасын зерттегенде осыны ескеру керек.

Мотив — әрекеттің ішкі, субъектілік мәні, сол үшін ол жүзеге асырылады. Бұл адам алдына қоятын мақсат та, міндет те емес, бұл әрекеттің мәні. Мотивті мотивациядан айырып алу керек. Мотивация — мотивтердің (себептердің) дамуы, себептердің пайда болу, қалыптасу, даму, өзгеру, түзету, мақсат қою және шешім қабылдау процесі. Мотив пен мотивация бір-бірімен тығыз байланысты. Олардан басқа себептену (мотивировка) түсінігі бар. Бұл — себепті пайдалы түсіндірудің талабы, кейде оның шынайы себеппен еш ұқсастығы болмай жатады. Мақсатын былайша анықтауға болады, ол — әрекеттің нәтижесі туралы түсінігі, нәтиже емес, нәтиже туралы түсінік. Мақсаты мен оны қою мотивацияға жатады, бірақ мақсат онымен тығыз өзара әрекеттестікте болса да, себеп емес.

Егер мотивация себептердің пайда болуы, дамуы мен түзету процесі болса, маңызды мынадай мәселе туындайды: себептер қашан қалыптаса бастайды? Себептер жеке тұлға қалыптаса бастағанда пайда болады және дамиды, яғни олар бала кезде жеке тұлғаның негізі ретінде қалыптасады. Себептер өзгеруі, түзетілуі, толықтырылуы мүмкін, бірақ көбіне олар адам үшін тұрақты, бүкіл өмірінде жалғасады. Сондықтан кейде адам әрекетінде бірізділікті: жаман істе де, жақсылықта да, қылмыс жасауында да, игілікті ісінде де байқауға болады. Бұл жағдай нақты жеке тұлғаның тұрақты, өзгермелі немесе аздап өзгермелі, түзетілуі қиын субъектілік ынтасы болады дегенді білдіреді.

Басты, негізгі себептен басқа қосымша, екінші кезектегі себептер болатынын атап өткен дұрыс. Олардың алғашқысы қылықтарды анықтайды және ұзақ уақыт бойы, кейде өмір бойы, өзге қосымша себептерді бағындыра отырып сақталады. Мысалы, басты себепке өзін-өзі жүзеге асырудың тәсілін анықтайтын өзін-өзі таныту жатуы мүмкін, ол оның әрекеті мен өмір салтын реттейді.

Мотивацияның екі деңгейін атауға болады: тиімді, сыртқы және тереңдетілген, мәндік. Екінші деңгей жалпы әрекетті, соның ішінде қылмыстық әрекетті анықтайды. Мысалы, бөгде адамның мүлкін ұрлау сырттай пайда табу, өзінің материалдық жағдайын жақсарту себепті болуы мүмкін, ал іштей ол — материалдық жағдайы төмен, қамтылмаған субъектіге жан-жақтан туындайтын қауіптерден туындаған психиканы жарақаттайтын алаңдаушылықтың қажеттілігін төмендету.

Қылмыстық әрекеттің тиімді және мәндік деңгейлерін бөлу өте күрделі, әсіресе күрделі, түсіндіруге қиын қылмыстар жасалған кезде. Тек осындай тереңдетілген мәнді қылмыстарды түсінгенде ғана, тергеу нұсқауларын құрастырып, кінәлілерді табуға болады. Өкінішке қарай, құқық қорғау органының практик қызметкерлері мұндай білімді меңгере бермейді. Мысалы, кейбір қылмыскерлердің балаға қатысты аяусыз қылмыстарды жасайтынын түсіну қиын. Әдетте, оны психикалық ауытқулармен, кейде сексуалдық саламен байланыстырып түсіндіруге тырысады. Бірақ, мұндай ауытқулар балаларды өте жақсы көретін, оларды саусағының ұшымен де тиіспейтін адамдарда да болады. Ендеше неге осы адам осындай қылмыс жасады деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап беру үшін, әрине, осы адамдарды зерттеу керек. Зерттеулер көрсетіп отырғандай, мұндай адамдарға бала кезінде аяусыз қараған. Олардың әрекеттерінің ішкі мәніне, олардың өз балалық шағындағы психикасын жарақаттайтын естеліктерді жою жатады; ол өзін-өзі өлтіру сипатында болады, бірақ тек психологиялық тұрғыда ғана. Осы бір еске түсіргісі келмейтін балалық шақтағы жарақат, әдетте, әрекетті іштей бақылауды жоятын мас кезінде кенеттен өзекті болады.

Қылмыстық әрекеттің мотивациясын көз алдымызға елестету үшін санасыздық психологиясына жүгіну керек. Санасыздық — санамен бірге жүретін психиканың ерекше саласы. Психиканың бұл екі саласы бір-бірімен аса күрделі қарым-қатынаста болады, кейде бақталас болып келеді, бірақ көбіне ынтымақтастықта болады, бір-бірін толықтырады, түзетеді. Бүгіндері санасыздық — аксиома ретінде мойындалған құбылыс. Адам жүрексіз немесе өзге де өмірлік маңызды мүшесіз өмір сүре алмайтыны сияқты, әрекетте маңызды рөл атқаратын санасыздық саласы да өмір сүру мүмкін емес.

Бұл саланың бар екенін адамдар бұрыннан білген, бірақ санасыздық теориясын нақты көрсетіп, негіздеп, дамытқан — әлемге белгілі ғалым Зигмунд Фрейд. Ол бұл құбылысты ашып, осы саладағы барлық зерттеуді жалпылады және жаңа сапалы деңгейге көтерді. Оның бұл жаңалығы адамтанудағы жаңа тарихи оқиға деп танылды. Фрейдтен кейін көптеген ғалым психиканың санасыздық саласын зерттеді. Әрине, осы уақытқа дейін бұл түсінікке көптеген жаңалық қосылды. Фрейд жасағандардың кейбірі шығармашылық сынға ұшырады, санасыздықтың адам өміріндегі рөліне деген көзқарас нақтыланды, жетілдірілді. Санасыздық қылмыстық әрекетте де бар, себебі онда жеке тұлға бар. Ал қылмыстық әрекетте ол ең бастысы себепте де, мотивацияда да көрсетілген.

Бүгіндері санасыздықтың бар екені барлығына айқын, бірақ Фрейд неге оны сенімсіздікпен байқақтап айтты деп таң қаласың. Ал ерте заманнан бері діни, сиқырлы және мистикалық практиктер күнделікті тұрмыс шегінен шығып, өмірде маңызды орын алатын, бірақ адамның санасы жете бермейтін салаға баруға шақыратын. Қазір, сана бар жерде санасыздықтың да бар екені туралы ойлану керектігі түсінікті болып отыр, себебі өмірде барлығы қарама-қарсылыққа ие.

Санасыздық — санадан тыс құбылыс. Санасыздық жарақаттайтын, көкейкесті еместігімен, адамгершілік жағынан қабылданбайтын, соның ішінде балалық шақтың тәжірибесінен, сондай-ақ автоматты түрде және инстинкт тұрғысынан санадан шығарылған, еске түсірілмейтін жеке тәжірибеден тұрады. Санасыздық себебі — санадан шығып кететін, онымен қамтылмайтын әрекеттің мәні.

Осыны түсіндіріп көрейік.

Біріншіден, санасыздық кезінде естеліктер келмейді. Естеліктер саналы түрде келетіндіктен, олар естеліктер. Санасыздық қобалжулар, сезімдер, әуестіктер туралы ақпараттарды сақтайды, олар көптеген себеп бойынша, мысалы, адамгершілік жағынан санада жоқ. Сондықтан адам үшін өзін-өзі тереңірек түсіну ең қорқынышты, себебі онда оған ғана белгілі эзәзіл мен «құбыжық» күтіп тұр. Бұл — қылмыскерлерге себебін мойындауға кедергі келтіретін ең басты себептердің бірі, себебі ол үшін оның жанын жеген

құбыжықтармен кездесуді білдіреді. Бірақ, санасыздық тек жамандық пен жиіркеніштілікті ғана сақтап қоймайды. Онан қажеттілігі болмағандықтан санадан шығып қалған, жарқын, қуанышты қобалжуларды да табуға болады.

Екіншіден, түсінік санасыздыққа жатпайды, себебі ол үнемі саналы. Санасыздықта түсініктерді әрекетке әкелетін, олардың әрекетін жүзеге асыратын қандай да бір механизмдер мен себептер болады.

Сонымен, санасыз психикалық әрекет — адам еміс-еміс санадан өткізетін немесе мүлдем санасынан өткізбейтін адамның әрекеті. Бірақ, бұл — жеке адам санамен сезіне алмайды деген сөз емес. Санада санасыздықты қайта таныстыру адам әрекетінің, оның сыртқы әлемге және өзіне қатысын өзгертуге әкеп соғады. Санасыздықты өзге адам, мысалы, субъектінің өзіне көріне бермейтін психикалық құбылыстар мен процестерді анықтаудың арнаулы әдістемесін меңгерген зерттеуші адаммен анықталуы мүмкін.

Санасыздық жеке тұлғаның өмір салты мен әрекетіне үлкен әсер етеді, себептерінің қалыптасуына белсенді қатысады. Әрекеттің себептерін жеке тұлға сезінбеуі мүмкін, яғни санасыз болады. Саналылық деңгейі төмен және тежелу үдерісі әлсіз адамдарда итермелеуші жағдайларда эмоциялық тұрғыда санада сезілмейтін қобалжулар, күйзелістер субъектінің өзіне күтпеген жерде орын алған импульсті әрекетке, мысалы, кісі өлтіруге әкеп соғады. Өзге жағдайларда аталған күйзелістер саналы ұстанымдар үшін қабылданбайтын сипатта бола отырып, сананы өзгертеді, субъектілік жағынан адам үшін оң бағаланатын және тиімді өзге себеп ретінде көріне отырып, объектілік тұрғысынан оны заңға қайшы әрекеттерге итермелейді.

Санасыздық құбылыстары мен процестерін жоққа шығара отырып, қылмыскерлердің психикасына тереңінен үңілу және оның психикалық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие жұмысын құру мүмкін емес. Бұл жерде оларға тәрбиенің, көмектің әртүрлі шарасын қолданғанына қарамастан, қылмыстық әрекетін жалғастыра беретін, сотталған рецидивистерді мысалға келтіруге болады. Олардың түзелуіне санасыздық тұрғыда психикасына бекип қалған өмір салты мен әрекетінің таптаурыны кедергі келтіреді. Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, ұзақ уақыт бойы қоғамға жат өмір салтын кешкен қылмыскер-рецидивистердің көп бөлігі ондай тіршіліктерінің себебін сезіне алмайды.

Санасыз күйзелістер ауытқыған әрі эмоциялы болып, ал оларды басатын сана күші әлсіз болса, жеке тұлғаның саналы ұстанымдарында кереғарлық туындауы мүмкін. Мұндай санасыздық пен саналылық арасындағы кереғарлық субъектілік ауыр сезімдер мен күйзелістермен көрініс табатын невродан туындайды, ол емдеуді қажет етеді.

Криминологиядағы санасыздық проблемасы — кейбір қылмыстарды, ішкі, жеке механизмдер мен себептерді, қылмыстық әрекеттердің жеке мәнін түсіндіру проблемасы. Санасыздық ең басты деген мәселелерді түсінуге мүмкіндік береді: 1) себебі түсініксіз немесе анық емес қылмыстар неге және не үшін жасалады; 2) неге нақты жағдайда осы адам неге өзге емес, дәл осы қылмыстық әрекетке барды, яғни санасыздықты зерттеу қылмыстық жазаланатын әрекет себебінің пайда болуын анықтауға көмектеседі; 3) санасыздықтың қылмыстық әрекеттің саналы себептерін қалыптастыруға ықпалы қандай; 4) абайсызда жасалатын қылмыстарда автоматтану немесе өзге де осыған ұқсас санасыздық элементтерінің рөлі қандай.

Кейбір қылмыстардың шынайы себептерін анықтау үшін санасыздыққа жүгіну көптеген қылмыстың, әсіресе зорлық-зомбылықпен жасалған қылмыстардың себебін түсіндіру көбіне үстірт болып келеді де, қылмыспен күрес теориясы мен практикасындағы көкейкесті проблемаларды шешуге ықпал етпейді. Кейде себеп жеке тұлға мен оның әрекетінен алынбайды, қылмыстық әрекетке сырттай баға беріп, қалыптасқан дәстүр мен стандарт бойынша «пайдакүнемдік қылмыстың себебі — пайда табу», «махаббаттық үштікте жасалған кісі өлтірудің себебі — қызғаныш» және т. б. бекітіледі.

Тәжірибеде және кейбір теориялық әдебиеттерде барлық түсініксіз әрекетті бұзақылықпен түсіндіру бекіп қалған. Ал нақты қылмыстарды психологиялық тұрғыда тереңінен зерттеу басқаша көрсетіп отыр. Кейбір қылмыстардың, соның ішінде кісі өлтірудің себептері адам психикасының тереңінде жатыр, оны қылмыскердің өзі де сезіне бермейді. Бұған, ең алдымен, сексуалдық себеппен кісі өлтіру жатады, ол сырттай қарағанда бұзақылық жасаумен жасалғандай көрінеді.

Анықталмаған себептерге байланысты көптеген қылмыстық іс бойынша, әсіресе қасақана кісі өлтіру немесе денсаулыққа ауыр залал тигізу істерінде тергеушіде де, прокурорда да, сотта да жасалған қылмыстың шынайы себептері туралы дұрыс түсінік жоқ болады. Кейде өздерінің әрекетін зорлықпен қылмыс жасаған қылмыскерлердің өзі де түсінбейді, соның кесірінен олар өз-өзіне талдау жасау, өзін-өзі бағалау мүмкіндіктерінен айырылады, нәтижесінде, өз әрекетіне бақылау жасай алмай қалады. Жеке ықпал ету нәтижесінде олардың қылмыста ешбір маңызы жоқ немесе қосымша маңызға ие, жеке бас факторларына бағытталады. Көбіне онсыз да белгілі, кінәлі мен сотталушы маскүнемдіктің салдарын алға тартады.

Кейбір қылмыстардың себебі субъектінің санасынан жасырын болуы қылмыс жасағандар өз себептерін білмегендіктен, санасыздықтан қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды деген сөз емес. Кісі өлтіре отырып, мысалы, жеке тұлға өзінің тереңде жатқан себептерін сезінбеуі мүмкін, бірақ оның әрекетінің қылмыс екенін ол әрқашан түсінеді. Осылайша, өз әрекеті-

нің себебін білмеу қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды. Адам қылмыстық тыйымды бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Егер ол психикалық ауытқуы негізінде оны түсінбесе, оны ақыл-есі дұрыс емес деп тану керек.

Қылмыстық әрекеттің санасыз себептерінің келесі топтарын атап өтуге болады.

Шынайы және ойдан шығарылған қауіптен қорғану себептері. Көптеген адамда өмірі мен денсаулығына шынайы қауіптен, отбасылық және өмірлік мәртебеге қауіп төндіретін, онша сезіле қоймайтын, қауіптерден қорғануға деген ықылас пайда болады. Кейбір жеке тұлғаларда осы бір жан-жақтан келетін қауіпті сезіну барынша үлкен ауқымдық сипат алады. Осы бір сезімнен қорғана отырып, субъект пайдакүнемдік қана емес, агрессивті қылмыстар жасауға қабілетті, себебі шабуылдау — көп жағдайда қорғанудың ең ұтымды тәсілі.

Өз үстемдігін орнату және өздігінен үстемдік орнату себептері. Жақын адамдарының, тіпті бүкіл әлемнің алдында өз үстемдігін орнатуға деген тілек кейде себептердің ішінде басты рөл ойнайды. Мұндай ұмтылыстар, мысалы, террористердің басшылары мен қылмыстық тоталитарлық басқарушыларға тән, олар өркениетті әлем қылмыс деп санайтын әрекеттерін оның жақтаушылары мен қолдаушылары өзгеше бағалайды дегенді есепке алады. Мысалыға, 2001 жылы 11 қыркүйекте АҚШ-да болған қайғылы оқиғаны айтуға болады. Көпшілігі террористерді сынап жатқанда, көптеген ел оларға қарсы қолданылған шараларға наразылығын білдіріп, Бен Ладенді ақтап жатты.

Қылмыстық әрекет жасай отырып, адам өзін-өзі танытады, себебі адамдар өздерін сондай қасиетім бар деп қабылдауға бейім, болмаса олар өздерін ыңғайсыз сезінеді. Өз-өзін танытуға деген қажеттілік кең көлемді, онда әлеуметтік қатынастар, қоғамдық қатынастар мен олардың пікірі жеке тұлға үшін маңызды, кіші әлеуметтік құрбылары немесе қатысушылардың топтары, әйелдермен қатынасы да қамтылады. Мысалы, әйелдермен дұрыс қарым-қатынас болмағанда, тіпті олардың тарапынан қабыл алмау орын алғанда оларға зорлау мақсатында шабуыл жасау себеп болады. Шабуыл жасаушы осылайша өзін-өзі еркек ретінде, өзінің биологиялық (физиологиялық) рөлін танытады, сөйтіп әйелдермен болған сәтсіздіктерінің өшін алады.

Ойындық себептер. Ойындық себепсіз қылмыстардың көптеген түрін түсіну өте қиын. Ол пәтерді тонаушылар, қалта ұрылары, талан-таражға салушылар мен паракорлардың әрекеттерінде болады. Жоғары технология көмегімен компьютерлік жүйені бұзып, күрделі техникалық проблемаларды шешушілер де ойынға елігеді, олары табысты аяқталса, оған қатысқаны

үшін үлкен психологиялық рақатқа бөленеді. Ойыннан тыс оларға қиын соғады, олар ойында өздерінің күштерін жүзеге асырады. Тонаушылар ұрлағандарын ешқайда жұмсамаған, еңбекақысын ғана алғандар да сирек те болса кездескен, бірақ осы ойынға қатысу олар үшін маңызды болған.

Қорғануға тікелей қатысы болуы мүмкін алаңдаушылық пен қорқынышты жеңу себебі. Мұндай қорқыныш әлеуметтік қамсыздану, экономикалық дағдарыс, сондай-ақ жеке өміріндегі келеңсіздіктерден туындауы мүмкін. Олар ойластырылған, қосымша, аяқ астынан болуы мүмкін. Қылмыскерлердің әртүрлі категориясында алаңдаушылық пен қорқыныш әртүрлі көрінеді. Ең жоғары деңгей кісі өлтірген адамдарда анықталған. Аз дәрежеде анықталғаны — тонау, шабуыл, алаяқтық жасағандарда болса, ең төменгісі — ұрлық жасағандарда, ең азы — мүлкіті ұрлаушылар мен экономикалық әрекет саласындағы қылмыстар мен қарақорлық жасағандарда. Олардың алаңдаушылық пен қорқыныш деңгейі қарапайым халықтікіндей.

Алаңдаушылық деңгейі өз сипатына қарай ерекшеленеді. Ұрлықшыларда алаңдаушылық деңгейі анықталғандай, үнемі болады екен. Сондықтан мұндай қылмыскерлер айналадағы жағдайды үнемі бақылап отырады, қажет болған жағдайда, қауіп төнген кезде, қорғану шарасын қолданады. Кісі өлтірушілерге келетін болсақ, алаңдаушылықтары олардың секірмелі, бұл секірмелі түрдегі деңгей белгілі бір жағдайға деген эмоциялық жауапта көрінеді және оны олар аса ауыр қабылдайды. Бұл кісі өлтірулердің, мысалы, тонаумен салыстырғанда, айқын жағдайда жасалу себебінің бірі, оны ашу және кінәлілерді анықтауы жеңілдеу болады.

Жоғарыда ұсынылған себептердің түрлері барлығы емес, басты назар олардың мотивацияның санасыздық аспектілеріне аударыла алынды. Атап өткеніміздей, мотивацияның әртүрлі деңгейін айтып беруге болады: ішкі, мәндік және сыртқы, тиімді. Мысалы, пайдакүнемдікпен жасалған қылмыс біремізгілде сыртқы экономикалық қауіптерден қорғану себебі бойынша және пайда табу, ашкөздіктен қорғану себепті жасалуы мүмкін. Олар бір-бірін толықтырады, күшейтеді. Бірақ, бөтеннің мүлкі немесе ақшасы өзге де себептерден: аса материалдық қажеттіліктен, аштықтан да ұрлануы мүмкін. Қылмыстық зорлық көрсетуі зорлық көрсету үшін жасалуы мүмкін, қылмыскер өзінің садистік қанағаттануын кісі өлтіру, қорлау, қайғыртуға барады. Мұндай қылмыстар жиі кездеседі.

ҚЫЛМЫС ЖАСАУДАҒЫ НАҚТЫ ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ РӨЛІ

«Жағдай» (ситуация) сөзі латынның «situs» (жағдай) сөзінен шыққан және қандай да бір қатынастарды құратын, белгілі бір жағдайды тудыратын

жағдайлар мен мән-жайдың үйлесуін, жиынтығын білдіреді. Жағдайды тағы да орналастыру мен күштердің арақатынасы деуге де болады.

Криминология үшін психология және заң ғылымдары жасаған нақты өмірлік жағдай түсінігі аса қызығушылық тудырып отыр. Ол — оның нақты осы сәттегі әрекетіне ықпал ететін, адам өмірінің жағдайларының белгілі бір үйлесуі. Мұндай жағдайларға жағдай, өмір жағдайы және осы субъектінің қатынасы жатады. Олар нақты өмірлік жағдайдан ерекшеленеді, мысалы, экономика мен саясаттағы жағдайлар. Нақты өмірлік жағдай адам мен әлем арасындағы көпір іспеттес.

Аталғандарды қорыға келе, нақты өмірлік жағдайлар нақты тұлға өміріндегі осындай жағдайлардың жиынтығын құрайды. Кез келген өмірлік жағдайда объектілік мазмұнын ажыратып алу керек. Бірдей объектілік оқиға, мысалы, қандай да бір қажеттілікті қанағаттандыра алмау, бір адам үшін әртүрлі кезеңінде маңызды болуы мүмкін. Объектілік мазмұн мен субъектілік маңызы бір-біріне ұқсамай жатады, ал адам өзінің жағдайы туралы түсінігіне қарай әрекет етеді. Субъектілік жағынан түсіндіру жеке тұлғаның мотивациялық саласымен және олардың әрекет етудегі мақсаты бір-бірімен тығыз байланысты.

Жағдайлар әрекетте уақытша өзгерістер енгізіп қана қоймай, жеке тұлғаның өзгеруіне ықпал етеді. Мұндай жағдайларға, мысалы, жеке тұлғаның қызығушылығы немесе ар-ұятын қозғайтын эмоциялық тұрғыдағы оқиғалар жатады. Оған тағы да жеке тұлғаның қызығушылығы немесе ар-ұятын ықпал ететін эмоцияға толы оқиғалар, ашу, жек көру, таң қалу сияқты сезімдерден тұратын қоғамдық жағдайлар, өмірге қауіпті жағдайлар, үміттің үзілгеніне байланысты немесе, керісінше, алда тосып тұратын бақытқа сенімге байланысты жағдайлар және т. б. жатқызуға болады.

Адам күнделікті жағдайда, экстремалды, ерекше жағдайларда әртүрлі әрекет жасайды. Сондықтан оның қылмыстық нәтижеге әкеп соққан әрекетін бағалай отырып, ол әрекетінің неге әкеп соғатынын алдын ала білді ме немесе ол үшін күтпеген жағдай болды ма, соны анықтап алу керек. Бұл, ең алдымен, жеке тұлғаның адами бейнесін дұрыс түсінуге, оның моральдық және эмоциялық тұрақтылығын айқындау үшін керек. Заңға қайшы әрекеттерге баға бере отырып, адамның әрекеті жалпы және күрделі жағдайларда жүйке жүйесінің ерекшелігіне байланысты ғана емес, адамгершілік қасиеттеріне, ұстанымдарына, қабілеттеріне, жеке тәжірибесіне, қиындықты жеңудегі машығына, әлеуметтік мақсаттардың қоғамдық пікірдің ықпалына байланысты болатынын ескеру керек. Топтар, әсіресе, кәмілетке толмағандарға, қылмыстық ұйымдар — оның мүшелерінің әрекетіне үлкен ықпал етуі мүмкін.

Шынайы мазмұнына қарай қылмыстық нәтижеге қолайлы болатын, қылмыстық ойдың, қылмыстық мақсаттың қалыптасуына оң ықпал ететін жағдайлар криминогендік деп есептеледі. Мұндай жағдайлар көбіне себептік болып келеді және «арандату» сәттерінен тұрады. Олар қылмыс «тудыратындықтан» криминогендік болып табылады. Криминогендік жағдайлардың қалыптасуына қарай оларды 3 топқа бөлуге болады: 1) субъектінің жеке тұлғасы мен оның әрекетімен байланысты; 2) субъектіге қатыссыз қалыптасқан және қылмыстық қол сұғу затымен байланысты; 3) аралас, яғни тұлға әрекетінің нәтижесінен және тағы басқа жағдайлардан пайда болған.

Бірінші топтың жағдайы көбіне оның қылмыстық пиғылын жүзеге асыру үшін барынша қолайлы жағдай жасауға арнайы бағытталған, субъектінің мақсатты әрекеттері салдарынан орындалады. Олар бастапқыда басқа қылмысты жасауға немесе басқа мақсатқа қол жеткізуге бағытталған, сондай-ақ қоғамға жат, аморальдық, бірақ қылмыстық емес әрекетке бағытталған адамдар әрекетімен де жасалуы мүмкін.

Екінші топтың жағдайы кәсіпорын, мемлекеттік органдар, шаруашылық, қоғамдық және меншіктік ұйымдардың, жеке лауазымды тұлғалардың әрекеттеріндегі салғырттық пен кемшіліктерінен пайда болады. Олар жәбірленушілер мен куәгерлердің аморальдық, заңға қайшы немесе абайсызда жасалған әрекеттерінен, кейбір микротоптар немесе қоғамдастықтар арасында кездесетін нанымдарға сену, ескіні ұстану, дәстүрлер мен түсініктер әсерінен пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайлардың болуы бақытсыз жағдаймен немесе табиғат апатының әрекетімен де байланысты болады.

Ең көп тарағаны — үшінші топтағы жағдайлар. Әрбір нақты жағдайда қандай да бір жағдайлар тобы басым болуы мүмкін.

Криминогендік жағдайлар «таза» күйінде болмайды, яғни тек криминогендік факторлардан ғана тұрмайды. Олардың әрқайсысында әртүрлі түрде, әртүрлі формада және үлесте антикриминогендік факторлар болады, себебі қоғамда жеке тұлғалар, ұжымдар, кіші орта, жалпы қоғам, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар тарапынан ықпал ету түрінде оң бастама болады. Мысалы, кіші ортаның теріс ықпалына жалпы адамзаттық құндылықтар кедергі болуы мүмкін; жеке, қоғамға қарсы бір адамның немесе топтың талпынысына өзге адамдардың жоғарғы саналылығы, олардың өзге адамдардың және қоғамның мүдделеріне деген құрметі және т. б. қарсы тұра алады.

Криминогендік емес жағдайларға қылмыс жасауға кедергі келтіретін немесе осы қылмысты жасауға мүлдем жол бермейтін жағдайлар жатады. Қылмыс жасауды ойлаған субъект үшін көп жағдайда проблемалы болып табылады, себебі олар оның мақсатына қол жеткізуге кедергі келтіреді. Кедергі өзге адамдардың, соның ішінде лауазымдық тұлғалардың әрекетін-

де де болуы мүмкін, олар физикалық кедергі түрінде, сондай-ақ ұйымдас-тырылған кедергі түрінде, мысалы, қылмыстық қол сұғу объектісін қорғау-шы арнаулы ережелер түрінде де болады. Мақсатқа қол жеткізуге кедергі келтіруге субъектінің кедергілерді жеңу жолдарын білмеуі, мақсатқа қол жеткізу тәсілдерін таңдай алмауы, сондай-ақ қылмыстық қол сұғу затымен байланысты фактілер немесе құбылыстар туралы толық ақпараттың жеткі-ліксіздігі де кедергі болады. Криминогендік еместердің қатарына бейтарап жағдайлар, яғни қылмыс жасауға кедергі де келтірмейтін, жағдай да туғыз-байтын жағдайларды жатқызуға болады.

Қылмыс жасаудағы жағдайдың рөліне криминологиялық талдау жеке тұлға мен жағдайдың психологиялық қана емес этикалық өзара әрекеттесті-гін зерттеуден тұруы керек. Қылмыс жасау алдындағы жағдай — адам шешімінің көзқарасы, моральдық айқындығымен тікелей байланысты мо-ральдық таңдау жағдайы. Моральдық таңдау жағдайы көлемі, сипаты және маңызына байланысты адамнан адамгершілік және адамгершіліксіздік тура-лы оның моральдық міндеті, сенімі, түсінігі жүзеге асатын, жауапты және дербес шешімі мен әрекетін талап етеді. Көп жағдайда, мысалы, қылмыс-кер-рецидивистерде моральдық таңдау мәселесі туындамайды: олар қалай дағдыланған солай әрекет жасайды. Өз-өздерін мінеу оларда жоқ.

Жалпы объектілік шындық қылмыстық әрекетке тікелей (әлеуметтік ор-таның нақ осы шақта, әрекет жасар алдындағы жағдай түрінде) және жана-ма (әлеуметтік ортаның жеке тұлғаның қалыптасуында бұрындары ықпал етуі) әсер етеді. Егер бір адам әлеуметтік және психофизикалық ерекшелік-терімен бұрындары басынан кешірген дәл сондай жағдайға тап болса, оның әрекеті дәл бірінші рет жасағандай болатынын болжауға болады. Адам бас-қаша әрекет етуі үшін ішкі және сыртқы детерминантты, соның ішінде өмірлік жағдайды өзгерту қажет.

Жағдай үнемі жеке тұлғаға ықпал етеді, оған әрекеттің қандай да бір нұсқаларын «ұсынады». Бірақ адамдар әрекеті жағдайдың әсеріне деген жауап қана емес. Сыртқы ортаның, оның ішінде жағдайдың ықпалына үздіксіз жауап бере отырып, ол ортаға белсенді әсер етеді, өзі үшін қолайлы жағдайлар жасайды, өзіне пайдалы немесе өзі үшін дұрыс, пайдалы немесе міндетті әрекеттерге барады. Адамдар — сыртқы ынталандырулар билігінде болатын, пассивті тіршілік иесі емес, олар өздері өмір сүретін, әрекет ететін әлемді жасаушылар.

Заңға қарсы әрекет сыртқы факторлар мен ішкі, адамның жеке қасиет-тері мен мінездерінің нәтижесі. Қылмыс жасауға итермелеген сыртқы фак-торларға қылмыскердің жеке тұлғасының адами қалыптасуындағы қолай-сыз жағдайлар, сондай-ақ қылмыс жасау үшін объектілік мүмкіндіктерден тұратын қылмыстық ойдың пайда болуына ықпал ететін, ерекше жағдайлар

жатады. Ішкі факторларға қоғамға жат көзқарастар, бағыттар, қажеттіліктер жатады.

Әрине, адамдар қылмыс жасала бастағаннан кейін де, қоршаған ортамен (жағдайлармен) өзара әрекеттестігін жалғастырады. Бұл, әсіресе, ұзақ уақыт бойы созылатын және жалғасы бар қылмыстарда көрінеді, адам қайта-қайта әртүрлі сыртқы жағдаймен өзара әрекеттеседі де, басталған қылмыстың жалғасуына жағдай жасайды, кездескен кедергілерді жеңеді, алдына жаңа міндеттер қоя отырып, ойша өз әрекетінің салдарын ой елегінен өткізеді және т. б. Оның әрекетінің өзге де себебі пайда болуы мүмкін.

Егер қылмыс жасау алдындағы жағдай мен қылмыскер жеке тұлғасының өзара әрекеттестігін жүйе түрінде қарастырғымыз келсе, онда оның элементтерін анықтауға болады. Біздің ойымызша, мұндай элементтер алтау: 1) әрекет етуші субъект, қылмыскер (қылмыс жасар алдында жағдаймен өзара әрекеттестікке түсетін жеке тұлға ғана емес, адамдар тобы); 2) нақты жағдайда сыртқы әлемнің материалдық объектісі ретіндегі қылмыстық қол сұғу заты (мүлік, адам және т. б.); 3) қылмыс орны; 4) тәулік; 5) жыл мезгілі; 6) климаттық жағдай.

Осындағы әрбір элемент тұрақты болып табылады, себебі бұлар осы сияқты кез келген жүйеге тиесілі, олардың кейбірі бөлек жағдайда аса маңызды болмаса да (мысалы, тонау пәтерде жасалса, климаттық жағдай маңызды емес), оның бірін осы жүйеден алып тастай алмаймыз. Әрбір элемент әртүрлі жағдайда аса маңызды болады, мысалы, дүкенді бұзып кіру арқылы тонау кезінде тәулік мезгілі аса маңызды.

Жоғарыда аталған тізім тұрақты. Бірақ «жеке тұлға — жағдай» жүйесі тұрақсыз (міндетті емес) элементтерден тұруы мүмкін және олар кейде маңызды рөл атқарып жатады. Мұндай элементке, мысалы, куәгерлер (көзімен көргендер) жатады, олардың сол жерде болуы қылмыстың жасалуына ықпал етеді. Бірақ, әрекет етуші субъектінің қасында аталған элементтердің ешқайсысы да басты бола алмайды. Тек қана қылмыскердің жеке тұлғасы кез келген жағдайда қасиеті мен рөліне қарай маңызды орын алады. Әрине, әрекет етуші субъект оның жеке-тұлғалық қасиеттеріне қарай және өзге де жүйені құраушы элементтерге (мысалы, қылмыс құрбаны) байланысты онда үлкен немесе аз орын алуы мүмкін.

Қылмыс — адамның аса қоғамдық қауіпті кінәлі әрекеті екені ешқандай да жағдай өздігінен қылмыс себебі бола алмайтынын білдіреді. Егер адам кінәлі болса, онда қолайсыз жағдай оған әрекет етуді таңдауға мүмкіндік береді, бірақ ол өзінің әлеуметтік қасиеттеріне қарай осы мүмкіндіктердің ішінен қылмыстық жолды таңдап алды. Нақты өмірлік жағдай қылмыс жасауға ықпал еткен жағдай болып табылады.

Өртүрлі жағдайда жағдайдың рөлі әрқалай. Кейде қылмыстық әрекетке өмірлік жағдай күшті әсер етсе, кейде оның маңызы жоқ. Осы бір қарама-қайшылық арасында жеке тұлғаның қоғамға жат қасиеттерінің дамуына қарай болатын өтпелі жағдайлар орналасқан.

Көптеген қылмыстар алдын ала келісу және қатысушылар арасында рөлдерді бөліп алғаннан кейін, «пайдасыз», «ыңғайсыз» жағдайларда кездейсоқ кездескен, соның ішінде қылмыс орнында табылған құралдарды қолдана отырып жасалады. Кейде, керісінше, қылмыскер аяқ астынан туындаған жағдайды пайдалана отырып, қылмыс жасайды, ол оны алдын ала ойлаған да жоқ. Мұндай алдын ала ойластырылмаған қылмыстар жағдаяттық сипатта бола отырып, қылмыстық ойдың пайда болуымен байланысты болады.

Қылмысты жасаудағы жағдайды қылмыс ұзақ уақыттық әрекет немесе жеке әрекеттік акт екендігіне қарай, рөлін анықтап алу керек. Соңғысы, әдетте, уақыт жағынан шектеулі болады және осы жеке тұлғаға сәйкес болмай жатады. Ұзақ уақыттық, соның ішінде қылмыстық әрекет жеке адамның ішкі жан дүниесін, құндылықтарын және қажеттіліктерін білдіреді. Дау-жанжалдық, экстремалды жағдайлар көбіне әрекеттің (қылықтың) жеке актілер генезисінде криминогендік рөл атқарады.

ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫН ЖІКТЕУ

ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫН ТОПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ТИПТЕУ МӘСЕЛЕРІ

Бір жағынан, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған барлық адам бір-бірінен демографиялық, құқықтық, психологиялық және өзге де белгілері бойынша ерекшеленеді, екінші жағынан, олар сол белгілерімен бір-біріне ұқсас, тұрақты топтар құрайды. Сондықтан қылмыскерлерді жіктеу және типтеу қажеттілігі туындайды.

Кеңестік заң ғылымында бұл мәселелер қылмыстық және түзетуі еңбек құқығы тұрғысынан шешілді. Осыған байланысты жіктеуге негіз ретінде әлеуметтік-демографиялық (жынысы, жасы, әрекет түрі және т. б.) және құқықтық критерийлері алынды. Соңғысы жасалған қылмыстың сипаты мен ауырлық дәрежесін, қылмыстық әрекеттің ұзақтығын, қылмыс жасаудың қайталанбалығын, қылмыстық қол сұғу объектісін, кінәнің түрін және т. б. қамтиды. Криминологтер ұсынған жіктеу қылмыскердің жеке тұлғасының адамгершілік және психологиялық белгілерінен, құқық бұзушылардың қоғамдық қауіптілік деңгейінен, тереңдігі, тұрақтылығы, мазмұнына негізделеді.

Ғылыми және тәжірибелік тұрғыда маңызды болып келетін, қылмыскерлерді жіктеу мен типтеу мәселесін дұрыс шешу үшін ғылыми танымның қағидалық әдістемелік тәсілдерді анықтап алу қажет. Ең алдымен, жіктеу мен типтеудің екі түрлі екенін атап кеткіміз келеді.

Жіктеу жинақтаудың аса төменгі деңгейі бола тұра, жеке белгілері бойынша зерттеліп отырған объектілерді тұрақты топтау болып табылады және әрбірі нақты белгіленген орынға ие топтар мен жартылай топтардың аса қатал талаптары негізінде құрылады. Типтеуде мұндай қатал бөлу жоқ.

Жіктеу — түсініктердің, объектілер санатының білімнің қандай да бір саласының немесе адам әрекетінің бірге бағыну жүйесі, ол осы түсініктер мен объектілер санаты арасындағы байланысты орнататын құрал ретінде қолданылады. Жіктеу типологиялық талдау көмегімен ғылымды жиналған эмпирикалық білімнен оны теориялық тұрғыда саналауға дейін қозғауға ықпал етеді. Жіктеу кезінде объектілер үнемі бірдей негіз бойынша бөлінеді. Мысалы, бір жіктеуде қылмыскерлердің бір бөлігін жасы бойынша, екінші жартысын қылмыс жасаудың қайталанбалығына қарай бөлуге болмайды. Сондай-ақ, жіктеуде жіктеуге жататын объектілерінің жартысы емес, барлық тобы болуы керек. Мысалы, жасына қарай қылмыскерлерді жіктеу кезінде жасөспірімдер мен 25-30 жастағылар ғана назарға алынуы мүмкін емес. Бұл белгі бойынша жіктеу келесідей жүзеге асады: 18 жасқа дейінгі, 19 жастан 25 жасқа дейін, 26 жастан 30 жасқа дейін, 31 жастан 40 жасқа

дейін, 41 жастан жоғары, сөйтіп барлық жас тобы камтылады. Әрине, негіз ретінде өзге де жасқа бөлу де қолданылуы мүмкін: 18 жасқа дейін, 19 жас-тан 30 жасқа дейін және т. б.

Типтеу — ғылыми таным әдісі, оның негізіне объектілер жүйесін жеке бөліктерге бөлу және жинақталған, дәріптелген модель немесе тип көмегі-мен топтау. Типтеу зерттелген объектілердің анықталған ұқсастықтары мен айырмашылықтарына сүйенеді, оның құрылымын бейнелеп, заңдылығын анықтауға ұмтылады. Теория жағынан типтеу жіктеуге қарағанда, танудың аса жоғары деңгейі. Типтеу жіктеуге қарағанда, танудағы объектінің құрамдас бөлігін құрайтын түрлердің барлығын жеке бөліктерге бөлуді қажет етпейді. Мысалы, зорлап қылмыс жасайтын жеке тұлғаны бөліп алу және зерттеу сияқты қылмыскерлердің бір түрін алып қарауға болады. Қылмыскердің жеке тұлғасына типтік талдау жасауда жалпы оған жалғыз және дербес тип ретінде қарауды талап етеді. Ол өзге әлеуметтік типтер арасы-нан бөлініп алуы керек және ол қоғамда бар барлық әлеуметтік типтің типо-логиясын жасауға болады дегенді білдірмейді. Жіктеудің типтеуден басты айырмашылығы: біріншісі — зерттеліп отырған объектіні сипаттап береді, ал екіншісі (өзге әдістермен бірге) — оны түсіндіреді, яғни оның табиға-тын, себебін, туу заңдылығын және дамуын дұрыс ашып береді, болжам жасайды. Естеріңізге сала кетейік, кез келген ғылымның басты қызметі — түсіндіру.

Қылмыскерлерді жіктеу әртүрлі критерийге негізделуі мүмкін, олардың арасынан екі үлкен топқа бөлінеді: әлеуметтік, соның ішінде әлеуметтік-де-мографиялық және құқықтық. Біріншісіне — жынысы, жасы, білім деңгейі, материалдық қамсыздандырылу деңгейі, әлеуметтік жағдайы, отбасының болуы, әлеуметтік шығу тегі, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысуы, әрекет түрі, мамандығының болуы, мекен-жайы; құқықтыққа — мінезі, жасаған қылмысының ауырлық деңгейі, қылмысты бірінші рет жасап отыр ма әлде қайталады ма, топпен жасады ма әлде жалғыз ба, қылмыстық әре-кетінің ұзақтығы, қылмыстық қол сұғудың объектісі, кінә түрі жатады.

Аталған критерийлердің негізінде жеке типтер де бөлінуі мүмкін, мыса-лы, жасөспірім қылмыскерлер, қылмыскер-әйелдер, қорлап қылмыс жасай-тындар, қылмыскерлер — қала тұрғындары және т. б. Типтеу бүтінді аса маңызды және мәнді белгілеріне қарай жеке топтарға бөлуден тұрады.

Отандық криминологияда жасаған қылмыс себептеріне қарай қылмыс-керлер типіне бөлу тәжірибесі болған. Неге типтеу негізіне дәл осы себеп алынған?

Себеп (мотив) — іштей әрекетке итермелеу, бұл не үшін ол жасады, оның субъектілік мәні неден тұрады дегенді білдіреді. Сондықтан себеп адамды барынша айқын сипаттайды, оның себебі қандай болса, жеке тұлға да сондай.

Қылмыстық әрекеттің себебіне сәйкес мынадай типтерді бөлуге болады:

- «пайдақұмар»: пайда үшін, дүниеқоңыздықтан, сарандықтан қылмыс жасаған тұлғалар;

- «беделді»: өмірде жоғары әлеуметтік орын иемдену үшін, беделін арттыру үшін және үнемі ел көзіне түсу үшін қылмыс жасайтын тұлғалар;

- «ойыншыл»: қылмысты ең алдымен ойын, құмарлық деп танитын, қатты әсер алу үшін қылмыс жасайтын тұлғалар;

- «қорғанушы»: өмірге, денсаулыққа, ар-намысқа, әлеуметтік жағдайына, материалдық қамтамасыз етуге қауіп төнетін шынайы немесе ойлап тапқан қатерден қылмыс арқылы қорғануға тырысатын тұлғалар;

- «зорлық көрсетушілер»: өзгені азапқа салудан, күйзелтуден, ауыртудан, өлім әкелуден ләззат алатын тұлғалар, яғни зорлықты зорлық жасау үшін жасайтындар;

- «сексуалдық»: сексуалдық қажеттілігін қанағаттандыру үшін, өзінің биологиялық және физиологиялық үстемдігін дәлелдеу үшін қылмыс жасайтын тұлғалар.

Пайдакүнемдік үшін жасалған қылмысқа кінәлілер арасында беделін өсіру үшін қылмысқа баратындары да кездеседі, олар өмірде аса жоғары әлеуметтік жағынан өсу үшін, ең алдымен, лауазымдық қызметке қол жеткізу үшін, қоршағандардың ішінде беделге ие болу үшін, көптің көзіне түсіп жүру үшін және т. б. қылмысқа баратындар ерекшеленеді. Мұндай ұмтылыс көбіне өз кәсіпорны немесе мекемесінің өндірістік және өзге де қажеттіліктерін теріс түсінуден туындайды. Осыған орай, аталған қылмыскерлерді «беделді» типке біріктіруге болады.

Бірақ, беделді ұстап тұруға ұмтылыс мақсатында жасалған қылмысты пайдакүнемдік қылмысқа ғана жатқызуға болмайды. Кейде ұрлау, тонау, қарақшылық, бұзақылық, сондай-ақ кісі өлтіру мен зорлау сияқты қылмыстар топтағы беделін жинау үшін жасалатын қылмыс екенін баяғыда-ақ дәлелденген. Зорлық көрсету арқылы әрекет ету өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу, өзінің маңыздылығын көрсетуге деген талаптан да туындайды. Мұндай себептер әсіресе жас қылмыскерлерге тән және жеке баюды мақсат ету көбіне материалдық құндылықтарды меншіктеп алумен жасалады. Ендеше мұндай қылмыстарды «беделді» немесе «өз ісінің дұрыстығын дәлелдеуші» типіне жатқызған дұрысырақ.

Жалпы пайдакүнемдік — зорлау қылмысын (қарақшылық, тонау, бопсалау) жасаған қылмыскердің жеке тұлғасының типін анықтау туралы мәселесі аса күрделі. Оны шешу үшін басты себептерін анықтап алу керек. Мысалы, егер қарақшылық баю мақсатында жасалса, субъект «пайдакүнем» типіне жатқызылуы керек. Жасөспірімдер арасында қылмыс жасау «Қарақшы казактар» ойынын еске түсіретін ойын ретінде

қабылдайтындар аз емес. Мұндай тұлғаларды «ойыншыл» типіне жатқызу керек.

Пайдакүнемдік себептер ұрлау немесе кәсіпкерлік (қаржылық) әрекетпен байланысты қылмыстық әрекеттерді, соның ішінде зорлық көрсету арқылы жасайтын адамдарда басым болады. Гангстерлік ұйымдардың мүшелеріне психолого-типтік сипаттама беру аса қиын емес сияқты көрінеді, себебі олардың әрекеттерінен беделділік (өз ісінің дұрыстығын дәлелдеушіні де қосуға болады), ойыншыл, пайдакүнемдік және зорлық көрсету себептерін де көруге болады.

Зорлық көрсету арқылы жасалатын қылмыстардың (кісі өлтіру, денсаулыққа залал тигізу, зорлау, бұзақылық және т. б.) себептері әр алуан. Жалпы зорлық көрсету барлық зорлық көрсету арқылы жасалатын қылмыстың себебіне жатқызу қателік болады, себебі зорлық көрсету арқылы әрекетке баруды үнемі бақылай бермейміз. Көбіне зорлық көрсету түсінігі әрекеттің мәнін, ішкі мазмұнын көрсетпей, тек сыртқы сипатын ғана білдіреді. Жеке тұлғаға қарсы қылмыс жеке бау мақсатында жасалуы мүмкін, мұндай жағдайда қылмыскерді «пайдакүнем» типіне жатқызу керек. Кейбір кісі өлтірулер, денсаулыққа зиян тигізу, зорлау бұзақылық себептермен немесе өш алу, қызғану себептеріне байланысты жасалып жатады. Мұндай әрекетке барған тұлғаларды «зорлықшы» типіне, ал зорлағанға кінәліні «сексуалдық» типке жатқызуға болады.

Қоғамға қауіптілік дәрежесі бойынша типтеу де аса күрделі тұр.

ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПТІЛІГІ БОЙЫНША ТИПТЕУ

Аса қауіпті қылмысқа топталып адам өлтірулер жасайтындар, соның ішінде жалдамалы және сексуалдық, бір мезгілде бірнеше адамды, әдетте таныс емес адамдарды өлтірушілер; террорлық актілер жасау барысында адам өлтірушілер жатады.

Аса қауіпті тұлғаларға жанжал кезінде кісі өлтіргендер, үлкен материалдық залал келтіре отырып пайдакүнемдік мақсатта қылмыс жасағандар, пайдакүнемдік-зорлау қылмысын жасағандар жатады. Бұған қылмыстық ұйымдардың жетекшілерін жатқызуға болады.

Қауіпті тұлғаларға, жеке тұлғаға қарсы қылмыс жасағандар, қоғамдық тәртіпті бұзушылар және т. б., бірақ өмірге қол сұқпайтындар жатады.

Аса маңызды емес қауіп тудыратындарға өзге қылмыскерлер жатады, соның ішінде адам өміріне қарсы емес, абайсызда немесе жеке жағдайлардың қолайсыз өрбуінен туындаған қылмыс жасағандар бар.

Осыған ұқсас кесте пайдакүнемдік қылмыскерлерді типтеуге негіз бола алады, бірақ әр типті анықтайтын критерий өзгеше болуы мүмкін.

Өзге де типтер бар. Мысалы, «Кеңестік криминология курсы» («Курс советской криминологии», 1985 ж.) қылмыс жасағандарды үлкен екі топқа бөлді: «криминогендік тип» және «кездейсоқ қылмыскер»: біріншісі, ең алдымен, «дәйекті — криминогенді», «жағдайлық — криминогенді» және «жағдайлық» сияқты түрлерден тұрады.

Бірақ, мұндай типтеу проблеманы біраз жеңілдетеді. Кездейсоқ және жағдайлық қылмыскерлердің болуы жалпы күмән туғызады, себебі арнаулы зерттеу көрсеткендей, әдетте, бұл өзінің субъектілік ерекшеліктеріне қарай, сыртқы жағдайларға қатаң тәуелді жағдайға ұшыраған адамдар. Ал оның туындаған жағдайда құқыққа қарсы әрекетті таңдауы оның осы қылмыстық әрекетке бейімдігін көрсетеді.

Қылмыскерді топтастыру көбінесе топтау және типтеу жолымен жүргізіледі. Топтау ретінде белгілі бір статистикалық жиынтықты белгілі бір топтарға, категорияларға бір немесе бірнеше белгінің статистикалық тарауын критерий көмегімен бөлу түсіндіріледі.

Біршама көп таралған топтастырулар келесілерге негіделген:

- жас және жыныс сияқты демографиялық мәліметтерге;
- кейбір әлеуметтік-экономикалық критерийлерге: білім, кәсіп түрі, ауылдық немесе қалалық жерде тұру;
- азаматтық;
- қылмыс жасаған кездегі тұлғаның жағдайына (мас күйі, есірткіге қозу кезі);
- қылмыстық мінез-құлық сипатына: қасақана немесе абайсызда.

Қылмыскерлердің түрлерін типтеу біршама терең және күрделі болып табылады. Ол қылмыстық мінез-құлықпен себептік байланысты мәнді белгілерге негізделеді. «Типология» термині топқа бөлудің жоғары деңгейде анықталған мазмұнды сипатымен тығыз байланысты. Бұл жағдайда бөлудің мазмұнды сипатын қамтамасыз ететін көрініс табу белгілері және себеп белгілері шартты түрде ерекшеленеді.

Бір тип шеңберінде көрініс табу белгілері және себеп белгілері біртектес болуы қажет; олар криминологияда бекітілген белгілі бір динамикалық заңдылықты, анықтау сызықтарын көрсетуі керек. Мысалы, ұрлық жасау (жасау көрініс табу белгісі) адамның өз-өзін қамтамасыз ету бағытының нәтижесі, оның жоғары қылмыстық кәсіптігінің (себеп белгілері) алдыңғы қылмыстары үшін жауапсыздығы.

XIX ғасырдың аяғынан бастап әртүрлі автор төрт қылмыскер тұлғасының типін, бірақ оларды әртүрлі атай отырып, шын мәнінде, әлеуметтік ортамен тұрақты және жекелеген қылмыстық мінез-құлық дәрежесін алдына қоя отырып бөліп көрсетеді. Қылмыстық тұлғаның әлеуметтік типі тұл-

ғалық сипаттаманың белгілі бір біртұтастығын көрсетеді. Оған келесілер тән:

- тұлғаның белсенді аморальды және құқыққа қарсы орта (отбасы, достары) жағдайында қалыптасуы;
- бұрынғы аморальды және әртүрлі құқыққа қарсы мінез-құлықтары заңмен белгіленген шаралар қолданылса да жалғаса беруі;
- қоғамның және мемлекеттің құндылықты нормативті жүйесінен қол үзуі;
- өзінің мінез-құлқына беретін теріс бағаға үйреніп қалуы, өзін-өзі қорғаудың әлеуметтік-психологиялық механизмдерін пайдалану;
- қылмыс жасау ситуациясындағы белсенділік, әдетте, қылмысты ешқандай сыртқы негіздерсіз жасауы.

Қылмыстық тұлға типінің ішінде өз алдына тип ішіндегілерге бөлінеді: жалғаспалы — криминогенді, жағдайлық криминогенді, жағдайлық.

Жалғаспалы — криминогенді тип ішілік — өнеге және құқық нормалары жүйелі түрде бұзылатын микро ортада қалыптасады; қылмыс бастапқы мінез-құлық стилінен шығады және субъектінің тұрақты қоғамға қарсы көзқарастық әлеуметтік бағыттары мен ұстанымдарымен негізделеді. Әдетте, қылмыс жасау ситуациясы мұндай адамдармен белсенді жасалады. Бұл тип өкілдері қажетті жағдайда нақты ортаны өз мүддесіне икемдеп алуы мүмкін және олардың қылмыстық мінез-құлқы салыстырмалы түрде дербес.

Жағдайлық криминогенді тип — қылмыстық емес сипаттағы құқық бұзушылықтар мен өнеге нормаларын бұзумен сипатталады — қоғамдық қалыптасқан әлеуметтік рөлдерді тиісті талаптар бойынша орындамау; қарама-қайшы микро ортада қалыптасып әрекет етеді; қылмыс жасау көбінесе жағымсыз әлеуметтік-экономикалық, өнегелік және құқықтық көзқарас тұрғысынан басым бөлігінде негізделген (қылмыстық ұйымда болу, басқа адамдармен қақтығыс). Қылмысқа мұндай адамды оның микро ортасы және алдыңғы өмір сүру түрі, нәтижесінде ол қылмыстылық жағдайына әкеледі.

Жағдайлық типшілік: мұндай тұлғаның және оның микро ортасы өнгесіздік элементі немесе мінез-құлқы егер бар болса да аз көрініс тапқан. Қиын жағдайларда, тұлғаның және әлеуметтік ортаның оған дайын еместігі нәтижесін қоса алғанда, әсер ету механизмнің кемшіліктері біршама мәнді.

Ғылым саласында және тәжірибеде үлкен мәнге ие болатын қылмыскерлерді жіктеудің және типологиялаудың күрделі сұрақтарын дұрыс шешу үшін ғылыми тану мен зерттеудің принципіалды әдіснамалық жолдарын анықтап алу қажет. Ең алдымен, топтастыру және типтеу олардың ұқсастығына қарамастан, бір категория емес. Топтастыру жалпылаудың біршама төмен деңгейі болып табылады, ол зерттелетін объектілерді олардың жеке

белгілері бойынша тұрақты топтауды білдіреді және өте қатаң критерий бойынша топ және топ асты бұлардың әрқайсысы нақты бекітілген орны негізінде құрылады. Типтеу мұндай қатаң деференцияны иеленбейді. Қылмыскерлерді жіктеу әртүрлі негіз бойынша құрылуы мүмкін, олардың ішінде ең үлкен топты бөліп көрсетуге болады:

- 1) социологиялық,
- 2) құқықтық.

Оның біріншісіне: жынысы, жасы, білім деңгейі, материалдық қамтамасыз етілу деңгейі, әлеуметтік дәрежесі, отбасының болуы, әлеуметтік шығу тегі, қоғамға пайдалы еңбекпен шұғылдануы, кәсіп түрі, мамандығының болуы, тұрғылықты жері сияқты белгілер кіреді.

Екіншісіне: жасалған қылмыстың сипаты, ауырлық дәрежесі, қылмысты алғаш жасауы немесе қайталауы, топ болып немесе жеке жасауы, қылмыстық әрекетінің ұзақтығы, қылмыстық қол сұғу объектісі, кінә нысаны кіреді.

Қылмыскердің денсаулық жағдайын сипаттайтын белгілер бөлек топ құрайды. Осыған байланысты дені сау адамдар және соматикалық аурулармен ауыратындар және психикалық ауытқулары бар ашық көрсетілуі мүмкін. Әрине, аталған белгілер (критерийлер) қылмыскерлерді топтастыруда да соңғы емес, бұл басқалармен толықтырылуы мүмкін. Мұнда ең алдымен топтастыру не үшін жасалып жатқаны және қандай нақты мақсатты көздейтініне байланысты. Қылмыскер тұлғасын типтеу мәселесі тек берік әдіснамалық негізінде шешілуі мүмкін.

Қылмыскер тұлғасының әлеуметтік типі туралы, тек ол басқа әлеуметтік тип өкілдерінен қандай да бір белгілермен ажыратылса ғана айтуға болады. Мұндай қасиет, белгіге оның мемлекетпен қорғалатын қатынастарға зиян келтіруі мүмкін қоғамға қауіптілігі жатады. Типтеулік тәртіп құбылысы ретінде қылмыскер тұлғасы біршама жалпы, тұрақты, маңызды әлеуметтік-психологиялық сипаттарды және қасиеттерді иеленуші ретінде болады.

Тип ретіндегі тұлғаның ерекшелігі ондағы қылмыстың ішкі психологиялық себептері ретінде көрінетін ерекшелігінде жатыр. Себебі, кез келген қылмыс ол қандай нысанда жасалсын, тұлғаға қатысы кездейсоқ емес. Өзінің негізінде ол оның әлеуметтік, өнегелік, әлеуметтік-психологиялық қасиеттерінің дамуымен дайындалған. Аталған ретінде әлеуметтік мазмұнға, сондай-ақ рухани өмір сипатпен толы жанжал жағдайларында қоғамға қауіпті мінез-құлық жолын таңдауды анықтайтын адамның өмірлік тәжірибесі жатыр.

Қылмыскер тұлғасы нақты қоғам үшін дәл сол кездегі қоғам дамуы кезеңінің заңдылығына сай қылмыстылықтың өмір сүретін заңды әлеуметтік фигурасы болып табылады. Сондықтан қылмыскер тұлғасы туралы тек осы өтпелі кезең кезіндегі қылмыстықпен байланысты уақытша әлеуметтік тип деп айтуға болады. Бұл жалпы қылмыстылық сияқты уақытша тип,

бірақ оны жеке-дара етіп бөліп көрсету мүмкіндік беретін тұрақты сипаттары мен қасиеттерді иеленеді.

Қылмыскер тұлғасының типтеулігі жалпы криминологиялық міндетке сай болуы керек, яғни ол қылмыстық мінез-құлықты ескерту мақсатында оның себептері мен механизмдерін білу үшін зерттелуі керек. Тұлғаның криминологиялық типтеу негізіне қылмыстықтың субъективті ішкі себептерін жатқызуға болады. Бұл айтқанымыз, қылмыс жасауға себеп болатын сыртқы факторларды ескермеу емес. Бірақ әңгіме қылмыскер тұлғасы туралы болғандықтан, типтеу жоғарыда аталған факторлардікі емес, тұлғанікі болуы керек.

Қазіргі психологияның соңғы зерттеулері адам қызметінің негізгі стимулы ниет (мотив) болып табылады. Дәл осында не үшін әрекет жасалатыны және оның субъект үшін тұлғалық мәні жатыр. Адамның әрекеті көбінесе полиниетті, яғни бірқатар ниетпен анықталады, бірақ бір мәнді емес. Олардың біреуі жетекші, негізгі болса, ал екіншісі қосымша ретінде болады. Ниет — индивидуалды ерекшеліктерімен және адам ұстанымдарымен байланысты субъективті құбылыс, бірақ, сонымен қатар оның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін қамтиды^{10, 213}.

Қазіргі криминологиялық зерттеулер нәтижелері қылмыстық мінез-құлықтың өзіне тән ниетін бекітуге мүмкіндік бермейді. Қылмыстық ниеттердің барлығы ондай әрекетке итермелемеуі мүмкін. Оның бәрі мақсатқа жету жолы мен құралын таңдауын алдын ала анықтайтын тұлғаның өнегелік сипатына байланысты.

Қылмыскер типінің жеке түрлерін, мысалы, жеке басының баюы ниетіндегіні жіктеп көрсету маңызды. Алайда, материалдық жетістігін көтеру құқыққа қайшы емес. Бұл жерде бастысы, оның бұл мақсат үшін қандай жол таңдауында жатыр. Тұлғаның мұндай типі пайдакүнемдік деп аталады, бірақ бұл — өнегелік баға.

Осылайша, қылмыскерлер арасында мотивациялық критерий бойынша келесі типтер бөлініп көрсетіледі: пайдакүнемдік, престиждік, күштеу және сексуалды тип.

Мұндай жіктеу шартты сипатқа ие. Бұлардан басқа типтер де жіктелуі мүмкін. Қылмыскерлердің мұндай типологиясында қылмыс жасау ниеті маңызды болып табылады. Бірақ, жалғыз ғана белгі емес. Бұлардың типологиясы қоғамға бағытталуына да негізделуі мүмкін. Осыған байланысты типтеудегі топтарды ашып көрсетеміз:

- әлеуметтік және қоғамдық, отбасылық, қызметтік нұсқаулар мен нормаларға жеке көзқарас; әскери қылмыстар, әділеттікке қарсы қылмыстар;

¹⁰ Антонян Ю. М. Изучение личности преступника. — М., 1986.

- пайдакүнемдік және меншіктік тенденциялы, заттық және меншік құқықтың барлық түрін мойындамау; ұрлық, тонау, алаяқтық;

- тұлғаға және оның маңызды құндылықтарына: өміріне, денсаулығына, ар-ожданына теріс ат-үсті қарау; адам өлтіру, дене жарақаты, зорлау, бұзақылық қылмыстары;

- орныққан әлеуметтік құндылықтарға және қарым-қатынастарға жауапсыз мән бермей қарау;

- абайсызда жасалған қылмыстары.

Қылмыскерлердің қоғамға қауіптілігіне байланысты типтеу:

- аса қауіпті қылмыскерлер (белсенді қоғамға қарсы);

- әлеуметке қарсы қауіпті қылмыскерлер (бәсең ассоциалды);

- тұрақсыз қылмыскерлер — тұрақты қоғамға қайшы ұстанымдарының әсерінен қылмыс жасаушылар; егер тәрбие жұмыстарын жүргізсе, өз-өздерін ондай әрекеттен алшақ ұстаулары мүмкін адамдар;

- жағдайлық қылмыскерлер — қоғамға қауіптілігі мінез-құлқында аз мөлшерде көрініс тапқандар, бірақ нақты жағдайға байланысты қылмыс жасауы мүмкін адамдар.

Расында, бұл типтеу шартты түрге ие. Себебі, белгілі бір қылмыскерді осы топтардың біреуіне ойланбай жатқыза салу мүмкін емес. Сондай-ақ, аралас типтер болуы мүмкін.

Соған қарамастан, мұндай қылмыскер тұлғасының типтеулігі қылмыстарды ескерту және алдын алу шараларын жүргізуде өте қажетті болып табылады.

Қылмыскер тұлғасын, жалпы қылмыскерлерді әртүрлі критерий бойынша жіктеуге болады.

а) жүргізілетін статистикалық есеп бойынша олар:

1) *әлеуметтік-демографиялық белгілеріне байланысты:* жынысына, жасына, біліміне қарай бөледі.

2) *әлеуметтік жағдайы мен айналысатын ісіне қарай:* жұмысшы, қызметкер, оқушы, жұмыссыз, зейнеткер, жеке кәсіпкерлер т. б.

3) *тұрғылықты жері мен тұратын уақытына қарай:* ауыл, қала тұрғыны, босқын, мигрант, оралман т. б.

4) *қылмыстық әрекетінің қарқындылығы мен сипатына қарай:* қайталанған (арнайы, аса қауіпті); топта, ұйымдасқан топта қылмыс жасаушы.

5) *қылмыс жасау кезінде қылмыскердің болған жай-күйіне қарай:* мас күйінде, есірткі қабылдап қылмыс жасаушылар деп бөлуге болады.

ә) тұлғалық-мотивациялық қасиеттеріне қарай:

1) аса қауіпті қылмыскерлер;

2) зорлықшыл қылмыскерлер;

3) пайдакүнем қылмыскерлер;

- 4) нәпсіқұмар қылмыскерлер;
- 5) қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыскерлер;
- 6) абайсызда қылмыс жасаушылар.

б) Жасаған қылмысының түріне қарай: 1) ұрылар; 2) қарақшылар; 3) адам өлтірушілер; 4) алаяқтар т. б. деп топтауға болады. Ал олардың өзі де ары қарай бөлшектене алады. Мысалыға, ұрылардың өзін де жеке қасиеттері мен «мамандығына» қарай былай деп бөледі:

1. «Медвежатниктер» — сейфті не өзге құлыпты ашып ақша ұрлайтындар;
2. «Қалташылар» — қалтаға, сөмкеге т. б. түсіп мүлік ұрлайтындар;
3. «Үйшілер» — пәтерлерге, үйлерге заңсыз кіре отырып ұрлайтындар;
4. «Дүкеншілер» — дүкендерге түсетіндер;
5. «Айдаушылар» немесе «Қуып кетушілер» — автокөлікті талан-тараж-дау мақсатында айдап кетумен айналысатындар;
6. «Клюквеншілер» — антиквариат болып табылатын құнды заттарды ұрлаушылар және т. б.
7. Осыларға біздің «Барымташыларды» да (мал айдап кетушілер) қосуға болады.

Мал ұрлаудың да «өнері» сан қилы. Мысалыға, сиырды жеңіл автокөлікке мінгізіп те ұрлайтындар бар. Жигулидің ішінде сиыр кетіп бара жатыр деп ешкім де ойламайды. Оны жасау жолы — сиырдың тілінен қысқашпен қысып қайда жетектесе де жүре береді екен. Не болмаса, кез келген мүйіз ыстыққа балқығыш болатыны айқын. Осыны пайдаланып ұрлап әкелген сиырдың мүйіздеріне жаңа піскен ыстық нанды «кигізіп», біраздан соң, мүйіздің өсу бағытын өзгертіп тастай алатындар бар деген сөз бар. Иесі қанша қуып келсе де, сиырының мүйізінің мезетте «прическасы» өзгеріп кете қояды дегенге сенбейді. Осы жерде ұрылардың мықты психолог болатынын да ескерген жөн. Мысалыға, бір ұры арбаның бетін жауып алып құрылыс ауласынан шығып бара жатқан жерінен ұсталыпты, жапқышын ашып қараса, ештеңе жоқ. Келесіде де тағы осылай ұсталыпты, ұры екенін білетін адамдар арбаның бетін ашып көрсе, тағы да ештеңе жоқ. Тағы да бір рет осылай қайталаныпты, сөйтсе, ол арба ұрлап жүр екен. Арбаның бетін жауып бара жатқан соң, адамның назары арбаға емес, оның ішіндегі затқа ауады. Не болмаса, дәл осындай психологиялық трюк ертеректегі ет комбинаттарынан қой ұрлағанда болған. Мысалыға, түнгілік ет комбинатына сойылуға келіп тұрған қойлардың бірінің аяғын байлап, үш аяқты мотоциклдің жапсарындағы арбасына салып, басын ғана шығарады да, қалған бөлшегін орап тастайды. Жай ғана басын шығармай, оған каска кигізіп қояды. Ешқандай да МАИ қызметкері қойды каска киіп бара жатыр деп ойламайды және түнгі жарық алдамшы екенін ескеру керек.

Қылмыскердің тұлғасын анықтауда, топтауда ескертуге тұрарлық жайт, ол — оның ұрлыққа әуестігінен туындаған психологиялық тәуелділігі. Ондай тәуелділікті — клептомания деп атайды, яғни ұрламаса, тұра алмайтын жағдай. Оған ұрлаған заты қажет емес, тек ұрлау процесі ләззат береді. Ел арасында өмір бойы барымтамен айналысып, қолдан күші кетіп, жүруден қалған ұрының, өзіне қажет емес кемпірінің пышағын, сарайдағы етті «ұрлап» алып кемпірін зар қақсататын шалдар туралы да аңыз іспеттес оқиғалар кездеседі.

«Қалташылар» қылмыс жасау тәсіліне қарай былайша топтастырылады:

а) «технарлар» — арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып, киімді, сөмкелерді, портфельдерді кесу арқылы ұрлық жасайтындар;

ә) «ширмачтар» немесе «қалқаншылар» — әртүрлі затпен (сөмке, гүл шоғы, киім) қолды көрсетпей қалқалап тұрып ұрлық жасайтындар;

б) «балықшылар» — ұрлықты арнайы дайындалған ілгешектердің көмегімен жасайтындар,

в) «хирургтар» — пинцеттің көмегімен, әсіресе қол жетпейтін қиын жерлерде ұрлық жасайтындар;

г) «шымшуырлар» — арнайы егілген монетаның көмегімен сөмкелерді тіліп ұрлайтындар;

д) «сілкушілер» немесе «сырғытушылар» — мылқаулардың арасында көп тараған бір затты нақты дәл қимылымен итеріп жіберу арқылы ұрлайтындар. Мысалыға, кеңестік мемлекетте ет комбинаттарында бақылаушының көзін ала беріп, тез ет кесіп алып, басқа жерде арнайы дайындалып қойған полиэтилен пакетіне не қапшыққа дәл лақтыру жолымен ет ұрлайтындар болған.

ж) «сөмкешілер» — арнайы құралдарсыз-ақ сөмкелерден зат ұрлайтындар.

в) тұлғаның криминогендік асқыну дәрежесіне қарай:

1) «кездейсоқ қылмыскерлер» — алғаш рет кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасағандар;

2) «жағдайлық қылмыскерлер» — сыртқы жағымсыз жағдайлардың ықпалымен алғаш рет ауыр қылмыс жасағандар;

3) «тұрақсыз қылмыскерлер» — алғаш рет қылмыс, бірақ бұған дейін өзге құқық бұзушылық жасағандар;

4) «кәдімгі қылмыскерлер» — бұған дейін бірнеше мәрте қылмыс жасап, бұрын сотталғандар;

5) «аса қауіпті қылмыскерлер» — бірнеше рет қасақана ауыр қылмыс жасағандар.

з) тұлғаның әлеуметтік бағытына қарай:

1. *Кәсіпқой тип* — өте қауіпті, қоғамға кері бағытта. Ерекшеліктері: құқықтық нигилизм, мәдениеттің төмендігі, қоғамға қарсы бағыты және

криминогендік жағдайды өзі жасайтындығы (кәсіпқой қылмыскерлер, аса қауіпті қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайталап жасайтындар).

2. *Әдеттегі тип* — әлеуметтік-психологиялық қасиеттері тұрақсыз және қайшылыққа толы, жақсы мен жаманның, болатын мен болмайтынның арасын толық ажыратпаған, криминогендік жағдайды өзі жасамайды, тек нақты өмірдегі жағдайды пайдаланады.

3. *Тұрақсыз тип* — негативтік және позитивтік қасиеттері текетірес келетін қылмыскер.

4. *Салақ тип* — позитивтік бағыты басым, қоғамдық қатынастарды реттейтін нормаларға салақтықпен қарайды. Қауіпті емес қасақана немесе абайсызда қылмыстар жасайды.

5. *Кездейсоқ тип* — позитивтік бағытта, негативтігі жоқ, құқықтық санасы тұрақты, тек қана нақты өмірлік жағдайға байланысты қылмыс жасайды: аффект, қажетті қорғану шегінен асып кісі өлтіру т. б.

д) қоғамға қауіптілік деңгейіне қарай:

1) *абсолютті қауіпті* — бірнеше рет адам өлтіруші, соның ішінде, жалданып немесе жыныстық, не бірнеше адамды қатар өлтіруші.

2) *аса қауіпті* — конфликтілік жағдайларда адам өлтіруші, көп уақыт пайдакүнемдікпен қылмыс жасаушы. Бұған қылмыстық ұйымдардың басшылары да кіреді.

3) *қауіпті* — жеке адамға не қоғамдық тәртіпті бұза отырып, меншікке қарсы қылмыстар жасаушы, бірақ адам өміріне қарсы қылмыстарды емес.

4) *қауіптілігі болымсыз* — басқа қылмыскерлер^{9, 48–51}.

Адамның мұқтаждық-сылтаулық өрісін және санасының құндылық-нормативтік сипаттамаларын зерделеу.

Қажеттілік — адамның ойлау және іс-қимыл белсенділігінің көзі, ол оның табиғи қасиеттерін де көрсетеді (тағамға, киімге, ұйқыға, және т. б. мұқтаждық), кейде олар «әлеуметтік рен» алады немесе оларда қоғамда қалыптасқан таза әлеуметтік сипаттамалар болады.

Қажеттіліктің бұл жүйесінде адамның өзін-өзі аяққа тұрғызуға, өзін көрсетуге, білімге және шығармашылық қызметке ұмтылуын есептен шығаруға болмайды, себебі олар қылмыстық іс-қимылда жиі көрініс табады.

Мүдделер немесе қажеттіліктің эмоционалдық бояуы көбіне адамның құндылық бағдарлар жүйесіне, оның санасының өзге де мазмұндық сипаттамаларына байланысты.

«Адамның жеке басының сылтаулық өрісі» дегеніміз — «оның өмір бойы қалыптасып дамыған сылтауларының жиынтығы». Кейбір авторлар сылтаулар мен мақсаттардың жиынтығы туралы айтуға болады дейді.

Қылмыстық іс-қимылдар мен қылмыскерліктің негізінде жатқан мына негізгі сылтаулар бөлініп алынады:

1) қоғамдық-саяси: мемлекет пен қоғамды басқару тетігі, сол басқаруға қатысу, оған ықпал ету және т. б.;

2) әлеуметтік-экономикалық: а) «абсолюттік», яғни өмір үшін ең қажетті қажеттіліктерді қанағаттандыру; ә) халықтың әлеуметтік-экономикалық дифференциясынан және адамдардың өз жағдайын төңірегіндегілердің жағдайымен салыстырудан туындайтын «салыстырмалы» қажеттіліктерді қанағаттандыру; б) сол адамның өзі не басқа адам бағдар алған өз «идеалына» пәлендей «материалдық стандартқа» (аса байлыққа) немесе «әлеуметтік стандартқа» (қоғамның «жоғарғы табына» өту) қол жеткізу;

3) зорлық-эгоистік (күш көрсету немесе психологиялық тұрғыдан агрессивтік): а) өзін таныту идеясын абсолюттендіру, бар қажеттіліктер мен мүдделерді кез келген нысанда іске асыру; ә) нақты жағдайларда сол адам үшін мүмкін болатын нысанда өзін көрсету (тәрбиесіз, мәдениетсіз адам өзіне жасаған ескертуге балағатпен жауап береді); «адам төзгісіз жағдайдағы» бұйығы адамның «адам төзгісіз» жолмен өзін көрсетуі осыған жатады;

4) ұшқалақ — жауапсыз: а) өз іс-әрекетінің іс-қимыл нормаларына, заңға парапар болуына қажеттілік пен мүдделілік жоқ; ә) ондай пара-парлықты кейде ғана сақтау (қатаң сыртқы бақылау жағдайында, не бағыныштылықта емес билікті адамдармен араласқанда және т. б.).

Қылмыстық іс-қимылда және қылмыскерлікте көрсетілген сылтаулар әртүрлі үйлестікте көрініс табады. Қылмыскерлердің жекелеген топтарында (кәмелетке толмағандар, әйелдер және т. б.) не жағдайлардың әртүрлі типінде криминалдық сылтауламалардың өзіндік ерекшеліктері байқалады.

Құндылық бағдарлар — адамның, ол үшін аса маңызды болып табылатын объектілерді көрсететін оның жеке басының тереңде жатқан сипаттамасы. Әдетте, құндылық бағдарлар иерархиясы жайында айтады, бұл жағдайда адам бір құндылықты басқалардан артық санайды. Бағдардың тұрақтылығының да, оның өсу қарқынының да маңыздылығы зор.

Қылмыскерлердің құндылық бағдар жүйесінде жеке даралық не кландық — эгоистік бағдарлар басты орын алады. Мұндай жағдайларда «жеке материалдық молшылық», «өзін ең жоғары сатыда көрсету», ол үшін ең қолайлы жағдай тудыру немесе жалаң кландық, топтық «эгоистік» мүдде бірінші орынға қойылады.

Бақылау топтарымен салыстырғанда, қылмыскерлер өздерінің бағдар құралдарының ішінде жеке басының оң қасиеттеріне (қабілетіне, еңбекқорлығына, мақсатқа, ұмтылуына және т. б.) артықшылық бермейді, олар материалдық қолдау көрсетуге, «керек адамдармен арадағы байланысқа», «қалауын тапсақ қар жанады» деген қағидаға жүгінеді. Содан барып олар мемлекеттік қызметкерлерді, емтихан алушыларды сатып алуға ынта қояды, біреулерден қорқытып талап етеді және т. б.

Мораль, өнегелік санаттарының да, олардың туындысы болып табылатын «жақсылық», «жамандық», «парасаттық» және «жауыздық», «берілгендік» және «опасыздық», «адамгершілік» және «қатыгездік» сияқты ұғымдардың да криминологиялық маңыздылығы бар.

Қылмыскерлерде мыналар бекіп қалған: а) өнегелік санадағы елеулі кемістіктер, мысалы, криминалдық және биоморальдық ортада қалыптасқан жасөспірім, шындығында, іс-әрекетте — өнегелік нормаларының жұртшылық қолдайтын жүйесімен таныс емес, ол «кім кінәлі — соны ұру керек», «өзің бірдемені алып қалмасаң, саған ешкім қол ұшын бермейді» деп санайды; ә) жалпы қоғамда қабылданған мораль нормаларымен, әртүрлі топтың мораль нормаларымен, «қосарланған моральмен» арадағы өнегелік қақтығысқа әкелетін қателік. Қоғамдағы моральдың біртекті еместігін, оның әлеуметтік топтарға, сословиелерге бөлінетінін естен шығармау керек. Ал халықтың әртүрлі әлеуметтік топтың моралі мен қылмыстылық арасындағы өзара байланыстарды айқындаудың да бұл тұрғыдан алғанда криминологиялық маңызы бар.

Қылмыскерлерді зерттеген барлық жағдайда мынадай сұрақ туындайды: мұқтаждығы, мүдделері, құндылық бағдарлары, өнегелік ұғымдары бұрмаланған адамды заң, оның ішінде қатаң санкциялары бар қылмыстық заң неге тоқтатпаған. Бұл сұрақтың жауабы адамның құқықтық санасына талдау жасауды керек етеді.

Көптеген қылмыскерлердің құқықтық санасы ерекше, ол бақылау тобындағылардың құқықтық санасынан едәуір өзгеше.

Егер қылмыскерлердің жалпы заңға қатынасы жайында айтсақ, қылмыскерлердің айқын, нақты позиция ұстанатындығын көреміз. Негізінен, олар заңның болуы керек екендігін мойындайды, заң қорғайтын көптеген жағдайдың әділдігін және ізгілікті екендігін ұғынады. Бірақ, қылмыскерлер заңның жасампаздық рөлін, оның әлеуметтік реттегіш ретіндегі функциясын, бақылау тобындағы адамдарға қарағанда сирек айтады, қоғам құрылысының мемлекеттік-құқықтық принциптері жайында, заңның әлеуметтік рөлі, құқықтық әртүрлі саласының нормалары жайында жақсы хабардар емес (мемлекеттік, лауазымдық, экономикалық қылмыскерлерден басқалары). Құқық бұзушылардың басқа азаматтарға қарағанда, қылмыстық заңды жетік білетіндігі туралы пікір қате: біріншіден, бірінші қылмыс жасап, ол ашылғанға дейінгі олардың құқықтық хабардарлығы басқа адамдардікінен артық емес; екіншіден, олардың қылмыс жасағанға дейін және одан кейін алған білімі кездейсоқ және жүйесіз, ол білімі өздері алған тәжірибемен немесе араласып жүрген адамдардың тәжірибесімен шектелген. Қылмыстық заң, бұл жағдайда, құқықтық білімге аса мұқтаж адамдар үшін тиісті сақтандыру рөлін атқара алмайды.

Бақылау тобындағы адамдарға қарағанда қылмыскерлер санкциялардың тежеушілік рөліне көп мән береді.

Сотталғандар заңда көзделген санкцияларды жұмсарту керек деп әрдайым санамайды. Себебі сотталғандардың өздері жәбір шеккен іс-әрекеттер жазаланады ғой. Бұл ретте сотталғандардың әртүрлі санатының, атап айтқанда, қандай қылмысты қатаң, қайсысын жеңіл жазалау керектігі жөніндегі түсініктері әртүрлі болып келеді. Пайдакүнемдік және зорлық қылмыстарды жасаушы адамдардың құқықтық талаптары өзіндік ерекше.

Көптеген қылмысты қайталап жасағандардың, әсіресе бас бостандығынан айыру орындарында ұзақ отырғандардың құқықтық көзқарастарының бұрмаланғаны соншалық, олар өз көзқарастарының заңда көрініс тапқан, көпшілік мойындаған көзқарстан қаншалықты өзгеше екендігін ұғынбайды. Олардың қалыптасқан пікірлерінің «табиғилығына» келеңсіз әрі тұйық микроорта себепкер болып отыр. Сондықтан да олар небір ұнамсыз, жөнсіз сөздерді денесіне татуировка арқылы жазып алып, оны көрсетіп жүргенге ұялмайды.

Қылмыскерлер қоғамдық және топтық психологияда кең таралған пікірлерді едәуір шамада қайта елестетеді. Ал қылмыс жасаушы адамдардың бұл көзқарастарды қылмыстық іс-қимылға айналдыру мүмкіндігі басқа азаматтарға қарағанда едәуір жоғары, себебі көзқарастардың, мақсаттардың, бағдарлардың тиісті деформациялары олардың ортасында: а) кең таралған; ә) тереңірек сипат бар нанымға айналады, сол бағыттағы іс-қимылға дайын тұру, іс-қимыл дағдылары, кейбір жағдайларда, бақылау тобында мүлде байқалмайтын дәрежеде көрініс табады; б) құндылық бағдарлардың, өнегелік, құқықтық және басқадай көзқарастар мен мақсаттардың өзара байланысты деформацияларының кешенін көрсетеді. Мұндай деформациялары бар субъектілері өздері сияқты, қоғам моралі мен заңнан туындайтын жеке қарама-қарсы ұстанымдар ұстанған адамдармен араласып, проблемалық және қақтығысты жағдайларда жиі қалады^{11, 232}.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған, қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысқан адамдар тобын, яғни қылмыстық құқықтағы қылмысқа қатысушылық мәселелерін, олардың қоғамға қарсы бағыттылықтың пісіп жетілуіне жағдай жасайтын ішкі және сыртқы жағдайларды, әлеуметтік және психологиялық факторларды зерттеу — жеке қылмыстық қатысу әрекеттің себебін едәуір толық ашуға апаратын жолы деуге де болады. Қылмыстық құқықта қылмысқа қатысушылары орындаушылар, ұйымдастырушылар, айдап салушылар және көмектесушілер деп бөлінеді. Оларды бұлай бөлуге қылмысқа қатысудағы

¹¹ Алауханов Е. О. Криминология (Қылмыстану): Оқулық. — Алматы, 2005.

атқаратын іс-әрекетінің мәнісі мен дәрежесі негіз бола алады. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушыларды осылай бөлудің олардың жауаптылығын негіздеу, іс-әрекеттерін дұрыс саралау және жаза тағайындағанда әрқайсысының ерекшеліктерін еске алу үшін маңызы өте зор.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың түрлері және олардың әрқайсысына заңдылық сипаттама ҚК-тің 28-бабында көрсетілген.

Орындаушы. Қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей жасаған не оны жасауға басқа адамдармен (бірге орындаушылармен) бірлесіп тікелей қатысқан адам, сондай-ақ жасына, есінің дұрыс еместігіне немесе осы Кодексте көзделген басқа да мән-жайларға байланысты қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын басқа адамдарды пайдалану арқылы, сол сияқты іс-әрекетті абайсызда жасаған адамдарды пайдалану арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам орындаушы деп танылады.

Қылмысты орындаушы қылмысты жеке өзі немесе оны бірнеше басқа адаммен қоса орындап, тікелей жүзеге асыруы мүмкін, мысалы, топ болып әйелді зорлау. Қайсыбір жағдайларда қылмыстың субъектісі болып танылатын жасқа толмаған адамдарды пайдалану арқылы қылмыс жасаған адам қылмыстың тікелей орындаушысы болады. Немесе есі дұрыс емес адамды кісі өлтіруге пайдаланса, онда оны пайдаланған адамның өзі қылмысты орындаушы, ал есі дұрыс емес адам қылмыс істеудің құралы болып табылады. Егер абайсыздықпен әрекеттенген адамды пайдалану арқылы қылмыс жасалса да, қылмысты орындаушы болып соны пайдаланған адамның өзі танылады.

Ұйымдастырушы. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам, сол сияқты қылмыстық топты құрған не оған басшылық еткен адам ұйымдастырушы деп танылады. Ұйымдастырушы қылмысқа қатысушылардың ішіндегі ең қауіптісі болып табылады. Оның әрекеті Қылмыстық кодекстің 29-бабына сілтеме жасала отырып сараланады. Қылмысты ұйымдастырушылардың әрекеті көбінесе тұрақты қылмыстық топ, қылмысты ұйым құруға байланысты болады. Ұйымдастырушылар объективтік жағынан алғанда, қызметі қылмысқа қатысушыларды табу, оның дайындығына, жүзеге асырылуына жоспар жасау, қылмысқа қатысушылардың арасында берік тәртіп орнату, олардың өзара міндеттерін бөлу, сондай-ақ қылмысты істеу барысында оған тікелей басшылық жасау жағынан көрінеді. Барлық жағдайда да ұйымдастырушы, қылмысты істеуді дайындағанда немесе басқарғанда олардың қатысушыларын біріктіріп, басшылық жасайды, көп жағдайда қылмыс істеудің бастамашысы болады. Кейбір ретте қылмысты ұйымдастырушы өзі-

нің ұйымдастырушылық қызметін істелген қылмыстың тікелей орындаушылық қызметімен қоса атқаруы да мүмкін. Бірақ та мұндай жағдайда оның ұйымдастырушылық қызметін қылмысты орындаушылық қызметімен алмастыруға болмайды. Өйткені, қылмысты ұйымдастырушының зияндылығы орындаушыға қарағанда жоғары және қауіпті болып табылады. Ұйымдастырушы тек қана тікелей қасақаналықпен әрекет жасайды. Ол өзінің әрекетінің қоғамға қауіпті екенін біле тұра, содан туындайтын зардаптардың болуын болжай тұра, сол зардаптың болуын тілеп істейді. Яғни, ұйымдастырушы қылмысқа қатысушылардың барлығының қылмысты әрекетінің біріктірушілері болады және сол үшін де өзі ұйымдастырған нақты қылмыс құрамының санкциясына сәйкес жазаға тартылады.

Айдап салушы. Басқа адамды азғыру, параға сатып алу, қорқыту жолымен немесе басқа да тәсілмен қылмыстық құқық бұзушылық жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады.

Айдап салушы болашақ қылмысты орындаушыны әртүрлі әдіспен қылмыс істеуге азғырып, көндіріп, оның батылдығына жігер береді. Айдап салушы (азғырушы) қылмысты істеушінің сана-сезіміне, еркіне тікелей әсер етіп, оны қылмыс жасауға тікелей жігерлендіреді. Айдап салушының өзі қылмыс істеуге көндірген адаммен қатынас жасауы ауызша, жазбаша, қимыл көрсету және т. б. сан түрлі болуы мүмкін.

Қылмыс істеуге біреуді көндірудің тәсілі, құралы да сан түрлі болуы мүмкін. Мұнда қорқыту, өтіну, сатып алу, сый-сияпат жасау, өз өкілдігі мен беделін пайдалану сияқты сан алуан әдістер пайдаланылуы мүмкін. Кейбір жағдайларда айдап салушы біреу емес, бірнеше болуы да ықтимал. Айдап салудың барлық тәсілі мен әдістері азғыруға көнушінің еркін басуға немесе оны шатасуға әкеліп соқтырмауы керек, қайта оның белгілі бір қылмысты жасауға қоздырып, соны істеуге деген бел байлағандыққа итермелеуі керек. Айдап салушы барлық уақытта да белсенді әрекет күйінде жүзеге асырылады. Айдап салушыны интеллектуалдық көмек берудің түрінен ажырата білу керек. Интеллектуалдық көмек беруде адам қылмысты орындаушының ниетін құптайды, ал айдап салушылықта қылмыс істеуге біреуді белсенді түрде көндіреді. Яғни, бұл екі ұғымның айырмашылығы осында. Айдап салушылық өзінің істеген іс-әрекетінің мәнін сезуге қабілеті нақты бір шешім жасайтын адам жөнінде ғана орын алады. Сондықтан да есі дұрыс емес адамды, қылмыстық жасқа толмаған жасөспірімді айдап салушылықта қылмысқа қатысу тәртібі қолданылмайды, бұл жерде айдап салушының әрекеті біреу арқылы зиян келтіру ретінде бағаланады. Сол сияқты біреуді әдейілеп қасақана теріс бағытқа салып, оның қатесін пайдаланып, сол арқылы қылмысты жүзеге асыру да қылмысқа қатысудағы айдап салушылық болмайды.

Мұндай ретте ондай әрекеттерді істеген адамның өздері қылмыстың тікелей орындаушысына айналып кетеді.

Субъективтік жағынан алғанда, айдап салушылық әрекеті тікелей қасақаналық арқылы сипатталады. Өйткені, айдап салушының арам ниеті, біріншіден, орын алатын нақты қылмыс құрамының объективтік жағынан туындайтын барлық мән-жайды, екіншіден, өзінің әрекетімен қылмыс нәтижесінің себепті байланысының жалпы дамуын болжайды. Демек, айдап салушы қылмыс істеуге басқа біреуді көндіріп, оны нақты бір қылмысты орындауға көндіреді. Егер адам қылмыс жасауға азғырмайтын өзінің теріс көзқарасымен көңіл-күйін білдірсе, онда ондай адамның әрекетінде айдап салушылық болмайды.

Кейбір жағдайларда мұндай іс-әрекет нақты бір жағдайларға байланысты жеке қылмыс құрамын түзуі мүмкін.

Көмектесуші. Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат, осы іс-әрекетті жасайтын қару немесе құралдар беруімен не оны жасауға кедергілерді жоюымен қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына жәрдемдескен адам, сондай-ақ орындаушыны, қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруын немесе өзге де құралдарын, осы іс-әрекеттің ізін не құқыққа қарсы жолмен қол жеткізілген заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай заттарды иемденуге немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам көмектесуші деп танылады.

Әрине, қылмыскер тұлғасын, оның қоғамға қауіптілігін, тұлғаның өзгерістерінің деңгейін дұрыс сипаттау және бағалау үшін, ең алдымен, жағымды және жағымсыз әрекеттерінің жасалуына жол ашатын барлық қасиетін, тұлғалық ерекшеліктерін объективті түрде ескеруіміз қажет. Ендеше, біз қылмыс жасаған адамның бойынан жеке және жалпы белгілерге ие индивидті, қоғамның толық құқылы өкілін, біздің болмысымыздың, өкінішке қарай, көлеңке жағын ашатын адамды көруіміз қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, қылмыскер тұлғасының мәнін қоғамдық қатынастар құрайды. Сондықтан қылмыскер тұлғасын сипаттау үшін, ең алдымен, оны тұлға ретінде қалыптастырған қоғамдық қатынастарды және ол субъектісі болып табылатын қоғамдық қатынастарды айқындау қажет. Олай болса, қылмыс биологиялық анықталған әрекет емес, керісінше, әлеуметтік әрекет, сондықтан да заң шығарушылар ол үшін жауаптылық пен жаза белгілейді. Егер бұл олай болмаса, заң адамдардың әрекеттерін реттей алмаған болар еді.

Қылмыскер тұлғасының мәні қоғамдық өмір жағдайының әсерімен қалыптасқан қасиеттермен, сол адамның өмірлік тарихымен, ол кішкентайынан өмір сүрген микроортасы арқылы анықталады. Қылмыскер тұлғасы кез келген өзге адам тұрғысы сияқты табиғи, психофизиологиялық қасиеттермен, яғни жүйке жүйесінің түрімен, оның негізінде қалыптасатын темпераменттермен, жас және жыныс ерекшеліктермен сипатталады. Бұл ерекшеліктер адамның динамикасына, байланыстылығына, реакцияның жылдамдылығына, жүйке процестерінің құбылмалылығы, тұлға әрекетінде олардың байқаулы, қозуы және тежелу сияқты қоғамдық функцияны орындау қабілеттігіне әсер етеді. Алайда, бұл белгілер барлық қылмыскерді айқындайтын, не болмаса, қандай да бір адамды қылмыскер қатарына жатқызуға көмектесетін белгілердің жиынтығы деп есептеу үлкен қателік болып табылады. Неге десеңіз, адам тұлғасының деформациялануы бірыңғай түрде жүрмейді. Оның үстіне әрбір қылмыскер — кез келген ақыл есі дұрыс адам сияқты өзіндік қайталанбастыққа ие тұлға.

Қазіргі таңда осы қылмыскер тұлғасын әрі қарай дамыту, оның төңірегінде жатқан мәселелерді көтеріп зерттеу үшін, қандай да бір институтты құру арқылы келесідей ахуалдарды шешуге мүмкіншілік тудырады: қылмыстардың пайда болуына жағдай туғызу, қолайлы болу себептерін және жағдайларын оқып білу; жекелеген қылмыстардың себептері мен жағдайлары; қылмыспен күресудегі әдістер мен әлеуметтік қорғау шараларының тиімділігін зерттеу; қамалған тұлғалардың пенитенциарлық ықпалын, сондай-ақ оны зерттеуде әдістермен жүйесін жетілдіру; жазаны атқарудағы шаралар қамалған тұлғаларға әсер етуі, пенитенциарлық жүйесін қоса қылмыстық саясаттың қарастырылатын сұрақтарын дамыту.

Қылмыскер тұлғасына жүргізілген психологиялық және әлеуметтік зерттеулер тынымсыз жүру үстінде. Әрине, қылмыскер тұлғасын, оның қоғамға қауіптілігін, тұлғаның деформациялануы деңгейін дұрыс сипаттау және бағалау үшін, ең алдымен, жағымды және жағымсыз әрекеттерінің жасалуына жол ашатын барлық қасиетін, тұлғалық ерекшеліктерін объективті түрде ескеруіміз қажет. Ендеше, біз қылмыс жасаған адамның бойынан

жеке және жалпы белгілерге ие индивидті, қоғамның толық құқылы өкілін, біздің болмысымыздың, өкінішке қарай, көлеңке жағын ашатын адамды көруіміз қажет.

Қылмыс жасаған адамды, оның тұлғасының қалыптасу процесін, оның әрекетіндегі қоғамға қарсы бағыттылықтың пісіп-жетілуіне жағдай жасайтын ішкі және сыртқы жағдайларды, әлеуметтік және психологиялық факторларды зерттеу — жеке қылмыстық әрекеттің себебін едәуір толық ашуға апаратын жолдардың бірі ғана емес, сонымен бірге жалпы қылмыстылықпен күрес жүргізудің бірден-бір тиімді жолы болып табылады.

Қылмыскер тұлғасы қылмыс субъектісінің әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-рөлдік, әлеуметтік-психологиялық қасиеттерінің жүйесі ретінде зерттеледі. Қылмыскер тұлғасына қатысты оның бойындағы әлеуметтік және биологиялық арақатынас қарастырылады.

Біздің ойымызша, Н. С. Лейкинаның қылмыскер жеке тұлғасына берген анықтамасы біршама тереңірек және нақтырақ болып табылады. Ол жерде «қылмыскер тұлғасының» түсінігі қасақана қылмыс жасаған адамдарды да, сонымен қатар ситуациялық алдын ала ойластырмаған адамдарды да және абайсызда қылмыс жасаған адамдарды да қамтиды.

Қылмыскер тұлғасын қалған басқа адамдар көпшілігінен ажыратып көрсету құқықтық және әлеуметтік (әлеуметтік-психологиялық) критерийлер негізінде жүзеге асырылады. Қылмыскер тұлғасын тек құқықтық критерий тұрғысынан анықтау, оны қылмыс жасаған адам ретінде қарастырады. Бірақ мұндай тұрғыдан қарау қайталау элементтерін көрсетеді. Қылмыскер тұлғасының мұндай түсінігі «формальды сипатқа ие».

Нақты бір қылмыскерге тән қасиеттер мен сипаттарын зерттеп, оған байланысты оның қылмыстық әрекетінің себебін айтуға болады. Алайда, бұл тұрғыдан қылмыстың жалпы себептерін анықтау мүмкін емес. Сондықтан қылмыскердің тұлғасын топ деңгейінде және «қылмыс субъектісінің» жиынтығы ретінде біртұтастай, яғни типологияны пайдалана отырып зерттеу қажет. Мұндай зерттеуде жасаған қылмысының ұқсастығына және қылмыстық әрекет субъектісінің жеке қасиеттерінің мазмұнына байланысты қылмыскерлердің категориялары мен типтері зерттеледі.

Қылмыскер тұлғасын зерттеуде бірден-бір күрделі де түбірлі мәселелердің бірі қылмыскер тұлғасындағы әлеуметтіктің және биологиялықтың арақатынасы болып табылады.

Осылайша, қылмыскердің тұлғасы — бұл адам және оның қоғамдық өмірдің әртүрлі жағы мен көріністеріндегі әлеуметтік маңызды және индивидуалды белгілердің және басқа да көрсеткіштердің белгілі бір жиынтығы немесе олардың жүйесі болып табылады.

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Сабақтың жоспары:

1. Қылмыскердің жеке тұлғасы түсінігі
2. Қылмыскер жеке тұлғасының құрылымы. Қылмыскердің криминологиялық сипаттамасын құраушы оның жеке тұлғасының негізгі қасиеттері
3. Қылмыскердің жеке тұлғасында әлеуметтік және биологиялық қасиеттердің арақатынасы

Сабақтың мақсаты:

Тақырыпты терең оқып-білу және меңгеру үшін келесідей сұрақтарды қарастыру ұсынылады: Қылмыскердің жеке тұлғасы түсінігі. Қылмыскердің жеке тұлғасының әлеуметтік және құқықтық сипаттамасы. Қылмыскердің жеке тұлғасы және аралас ұғымдар.

Қылмыскердің жеке тұлғасында әлеуметтік және биологиялық қасиеттердің арақатынасы. Қылмыскердің жеке тұлғасы мен әлеуметтік орта. Жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызы мен рөлі. Қоғамға қарсы көзқарас және түсініктерді жеке тұлғаның меңгеру механизмі.

Қылмыскердің жеке тұлғасы сипаттамасының негізгі белгілері. Әлеуметтік-демографиялық, қылмыстық-құқықтық белгілер, әлеуметтік мәртебе және рухани-психологиялық қасиеттер. Қылмыскердің жеке тұлғасын құрайтын белгілер жиынтығы.

Қылмыскер жеке тұлғасының кейіптері және саралануы. Қылмыскерлерді саралау нышандары және оның криминологиялық ескерту үшін маңызы. Қылмыскер жеке тұлғасының негізгі кейіптерінің криминологиялық сипаттамасы.

Құқық қорғау органдарының жедел-іздістіру қызметінде қылмыскер жеке тұлғасын зерттеудің негізгі бағыттары, көлемі мен тәсілдері.

Курсанттардың білімін бақылауға арналған жаттығулар

1-жаттығу

Жалпы жеке адам және жекелей алғанда қылмыскердің жеке басы түсінігін анықтаңыз. Осы түсініктер арасындағы өзгешелікті қандай өлшемдер (белгілер) бойынша жүргізген дұрыс?

2-жаттығу

Қылмыскердің жеке басы құрылымы дегенді түсіндіріңіз. Оның элементтерін құрайтын сипаттамаларды атап өтіңіз.

3-жаттығу

Қоғамға қауіптілігі, оның көрініс берушілігі мен белсенділік дәрежесі бойынша қылмыскердің жеке басының жіктеуін беріңіз.

4-жаттығу

Егіздердің келісілген немесе келісілмеген мінез-құлықтары, тұқым қуалаушылық, организм конституциясы, хромосомы акоманиясы және т. б. с. сияқты жеке бастық осындай сипаттамаларын заң бұзушылар мен заң тыңдайтын халық арасындағы өзгешеліктерін іздеу үшін зерттеп үйренудің маңызы бар ма, соны түсіндіріңіз.

Тұқым қуалаушылыққа басым түрде жеке бастың қандай қасиеттері қатысты болады, тәрбиенің әлеуметтік жағдайларына жеке бастың қандай қажеттері қатысты болады, атап көрсетіңіз. Көрсетілген қасиеттерге тұқым қуалаушылықтың қатыстылығын түсіндіру үшін, егіздердің қандай жұбын салыстыру керек?

5-жаттығу

Төменде келтірілген тізімдерден жеке адамның қандай белгілері мен қасиеттері, аталмыш адамның қылмыс жасауға потенциалды дайындығы бар екендігін растай алады, соны атап көрсетіңіз:

- жоғары қозушылық, ұшқалақтық; сергек көңіл-күй, эмоционалды әлсіз қызушылық; желігушілік жағдай; өзіне сенімсіздік; сәтсіздіктер кезінде өзінің есесін басушылық, төзімділік; анық сөйлемеушілік; салақтық, менмендік; сараңдық; ұжымшылдық, өтірік айтушылық; қаталдық; мәдениетсіздік; интеллектуалдық.

6-жаттығу

Нақты қылмыстық іс бойынша қылмыскердің жеке басы қандай шекке дейін зерттелетіндігін түсіндіріңіз. Олар қандай нормалармен регламенттеледі?

Қылмыстық құқық бұзушылыққа криминологиялық зерттеулер жүргізу кезінде нақты қылмыстық іс бойынша қылмыскердің жеке басын зерттеудің шегі ажыратыла ма?

Курсанттардың өзіндік дайындығына арналған сұрақтар

1. Қылмыскердің жеке тұлғасына анықтама беріңіз. Бұл ұғымның негізгі белгілерін атаңыз.
2. «Қылмыскердің тұлғасы» ұғымы мен «қылмыстың субъектісі» ұғымы сәйкесе ме?
3. «Қылмыскердің жеке басы» ұғымының шектік белгісін атаңыз.

4. «Қылмыскердің тұлғасы» мен «заңға бағынышты азаматтың» ұғымдарын немен ажыратуға болады?

5. Адамның адамгершіліктік мінез-құлқының қалыптасуына биологиялық факторлардың әсерін атаңыз.

6. Адам қылмыскер болып туа ма әлде қалыптаса ма?

7. Қоғамға жат бағыт ұстанған қылмыскерлердің типтерін атаңыз?

8. Кездейсоқ, тұрақты, тұрақсыз, қауіпті және аса қауіпті қылмыскерлерге сипаттама беріңіз.

9. Жеке адамның қалыптасуында теріс әсер ететін әлеуметтік шағын орталардың түрлерін атаңыз.

10. Жеке адамның адами-психологиялық құрылымын сипаттап, оның жүйесін ашыңыз.

11. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлығын зерделеп, криминология ғылымының одан әрі дамуының негізгі бағыттарын анықтаңыз.

Рефераттар тақырыбы

1. Қылмыстық заңнама үшін қылмыскердің жеке тұлғасын криминологиялық сипаттаудың мәні.

2. Жазаны жекелеуде қылмыскердің жеке тұлғасын криминологиялық зерттеудің мәні.

3. Жаза өтеп шыққан адамдарды криминогендік субъекті ретінде қылмыскердің жеке тұлғасын криминологиялық сипаттаудың мәні.

Тыңдаушылардың білімін бағалауға арналған тест сұрақтары

Қылмыскердің жеке тұлғасына криминологиялық түсінік беріңіз:

- қылмыстың жасалуына кінәлі;
- есі дұрыс;
- жауаптылық жасқа толған адам;
- соттың үкімімен жазасын өтеуші адам;
- қылмыстың жасалуына күдікті адам.

Қылмыскердің жеке тұлғасының құрылымына не кіреді?

- әлеуметтік-демографиялық;
- есі дұрыстық, кінәлілік, жас ерекшелігі;
- қылмыстық-құқықтық белгілері;
- адамгершілік сипаты;

- психологиялық ерекшелігі, әлеуметтік рөлі және мәртебесі.

Әлеуметке қарсы бағыттылығының тұрақтылығына қарай қылмыскерлердің типтері:

- кездейсоқ;
- жағдайлық;
- тұрақты;
- мейірімді;
- аса қауіпті.

Кінәліге әсер ету сипаты бойынша криминологиялық жағдайлардың түрлері:

- экстремалдық;
- азғырушы немесе арандатушы;
- қолдаушы;
- жеке, аралас;
- виктимологиялық, созылмалы.

Қылмыскердің белгілері бойынша қылмыстылық құрылымы:

- жынысы;
- жасы;
- қайталама белгілері;
- қатысушылар саны;
- әлеуметтік жағдайы және шұғылданатын кәсібі.

Қылмыскер тұлғасының деңгейлік сипаты:

- ұйымдасқан;
- қатысушы;
- жалпы;
- топтық;
- жеке.

Адамның криминологиялық тұрпаты:

- қылмыс жасауға бейім адам;
- қылмыстың құрбаны;
- қылмыс жасаған адам;
- қылмыстық өмір салтын ұстанушы адам;
- азғырушы адам.

Қылмыскер тұлғасының құрылымын анықтаушы белгілер:

- әлеуметтік-демографиялық белгі;
- қылмыстық құқықтық белгі;
- әлеуметтік мәдени белгі;
- психологиялық ерекшелік белгісі;
- қоғамдық өмір саласындағы әлеуметтік белгісі.

Қылмыскер тұлғасына тән қасиеттер:

- адамның қылмысқа дейінгі қасиеттері;
- адамның қылмыстан кейінгі қасиеттері;
- кәмелетке толмаған кезіндегі қасиеттері;
- зейнеткерлік кезіндегі қасиеттері;
- кәсіби білім алу кезіндегі қасиеттері.

Қылмыскердің ниетіне қарай келесі типтерге бөлінеді:

- беделдік;
- пайдакүнемдік;
- күш қолданушылық;
- қорқытушылық;
- тәртіп қорғаушылық.

Қылмыскердің жеке тұлғасының қалыптасуына қандай факторлар басым болады?

- әлеуметтік факторлар;
- биологиялық факторлар;
- биологиялық және әлеуметтік факторлардың бірдей рөлі;
- медициналық-биологиялық ерекшеліктері;
- отбасылық жағдайы.

Криминологияда қылмыскердің жеке тұлғасын зерттеудің ерекшелігі қандай?

- қылмыскердің жеке басын зерттейді;
- қоғамға қарсы теріс қылық жасаған тұлғаның жеке басын зерттейді;
- қылмыскердің жеке тұлғасын және қылмыстық жолға түсуі мүмкін басқа тұлғаларды зерттейді;
- адамдардың білім сапасының сипатын зерттейді;
- адамдардың кәсібінің түріне қарай зерттейді.

Кінәлінің өкінуіне байланысты психикалық қатынасының құрылымдық элементі:

- қасақана және ауыр;
- абайсызда және ойластырылған;
- қасақана және абайсызда;
- қауіпті және жай;
- пенитенциарлық және аса қауіпті.

Қылмыскердің жеке тұлғасы деп танылады:

- қоғамға қарсы мінез-құлықтың тұлғалық емес жағдайда үйлесуі;
- әлеуметтік маңызды қасиеттің жиынтығы, қылмыстық заңды бұзған кінәлі адамды сипаттайтын белгілері, байланысы, қарым-қатынасы;
- кінәлі адамды сипаттайтын әлеуметтік маңызды қасиеттердің жиынтығы;
- кінәліні сипаттайтын байланыс және қарым-қатынас жиынтығы;
- қоғамға қарсы мінез-құлыққа әсер ететін жағдайлардың жиынтығы.

Қылмыскердің жеке тұлғасының құрылымдық белгілері:

- әлеуметтік-демографиялық, қылмыстық-ққықтық белгілері, адами қасиеттері, психологиялық ерекшеліктері, түрлі өмір саласындағы әлеуметтік көріністер;
- әлеуметтік-демографиялық белгілер, адами қасиеттері, әлеуметтік көріністер;
- қылмыстық-ққықтық белгілері, психологиялық ерекшеліктері, түрлі өмір саласындағы әлеуметтік көріністер;
- әлеуметтік-демографиялық белгілер, адами-психологиялық ерекшеліктері;
- адами қасиеттері, психологиялық ерекшеліктері, түрлі өмір саласындағы әлеуметтік көріністер.

Себеп өшімдері бойынша қылмыскердің жеке тұлғасы типтерін көрсетіңіз:

- кездейсоқтық, өзімшілдік, сексуалдық, негативті;
- жеңілтектік, жекеменшіктік, менсінбеушілік, беделдік;
- аса қауіпті, тұрақсыз, негативті, пайдакүнемдік;
- әлеуметке кері, тұрақсыз, беделдік, өзімшілдік;
- пайдакүнемдік, беделдік, зорлаушылық, сексуалдық.

Қылмыскердің жеке тұлғасының құрылымы нені білдіреді?

- қоғамдық қатынастарды талдау;
- қызмет және қатынастың субъектісі;

- басқа адамдармен қалыптасқан түрлі әрекеттестік барысында әлеуметтік мәнді қасиеттердің жиынтығы;
- басқа адамдармен әртүрлі әрекеттестіктің процесі;
- таным субъектісі қасиеттерінің әлеуметтік мәнді жиынтығы.

Қоғамдық қауіптілік дәрежесімен қылмыскерлердің типін ерекшелеңіз:

- кездейсоқ, өзімшілдік, жыныстық, негативтік;
- аса қауіптілер, әлеуметке жат, тұрақсыз, жағдайлық;
- жеңіл ойлы, мүлікке құмарлық, менсінбеушілік, мәртебелі;
- әлеуметке жат, тұрақсыз, мәртебелі, өзімшілдік;
- пайдақор, мәртебелі, зорлық көрсету, жыныстық.

Қылмыскер мен құқық бұзушылық ұғымы сәйкесе ме?

- толықтай сәйкеседі;
- қылмыскер ұғымы құқық бұзушылық ұғымынан көлемді;
- жартылай сәйкеседі;
- құқық бұзушылық ұғымы қылмыскер ұғымынан көлемді;
- толықтай сәйкеспейді.

Қылмыскердің жеке тұлғасындағы материалдық жағдайы:

- әлеуметтік-демографиялық қасиет;
- қылмыстық-құқықтық қасиет;
- әлеуметтік-биологиялық қасиет;
- әлеуметтік-психологиялық қасиет;
- адами-психологиялық қасиет.

Бұрын құқық бұзушылық және адамгершілікке жат қылық көрсеткен адам бірінісі рет қылмыс жасаса, ол:

- қылмысты қайталап жасаған адам;
- кездейсоқ тип;
- жағдайлық тип;
- ашулы тип;
- тұрақсыз тип.

Қылмыскердің жеке тұлғасы қалай сипатталады:

- саяси мүддемен;
- криминогендік бағытпен;
- экономикалық мүддемен;
- идеологиялық бағытпен;
- мәдени бағытпен.

Қылмыскердің жасы сипаттамаға қатысты:

- құқықтық;
- психологиялық;
- демографиялық;
- әлеуметтік;
- адамгершіліктік.

Қылмыскер ұмтылатын нәтиже аталады:

- қызығушылық;
- қылмыс жасау шарты;
- мақсаты;
- ұғынуы;
- ниеті.

ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алауханов Е. О. Криминология (Қылмыстану): Оқулық. — Алматы, 2005.
2. Антонян Ю. М. Жестокость в нашей жизни. — М., 1995.
3. Антонян Ю. М. Изучение личности преступника. — М., 1986.
4. Ведерников Н. Т. Изучение личности преступника в процессе расследования: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1965.
5. Ерінбетова Л. Қылмыскер тұлғасы // Заң. — 2000. — № 5.
6. Жұмағали А. Криминология (жалпы бөлім): Дәрістер. — Алматы, 2004.
7. Каиржанов Е. Криминология (общая часть). — Алматы, 1995.
8. Криминология / Под ред. А. И. Долговой. — М., 1996.
9. Криминология / Под ред. Н. А. Беляева. — СПб., 1992.
10. Криминология және қылмыстың алдын алу [Электрондық ресурс]: сызбалар альбомы / Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Б. Бейсенов ат. Қарағанды академиясы. Кұраст.: М. Қ. Ынтықбаев, С. Қ. Алтайбаев. — Қарағанды: ҚР ПМ ҚА, 2010.
11. Криминология: Альбом схем / С. К. Алтайбаев, М. К. Интықбаев, Г. Х. Феткулов. — Караганда, 2014.
12. Криминология: Дәрістер курсы / Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Б. Бейсенов атынд. Қарағанды заң институты, Дәнекер халықаралық құқық және халықаралық бизнес институты; жауапты ред. И. Ш. Борчашвили; авт. ұжым: М. Қ. Ынтықбаев, З. С. Токубаев, Н. Д. Мұхамедьянов. — Астана, 2005.
13. Криминология: Учебн. / Под ред. В. Н. Кудрявцева и В. Э. Эминова. — М., 2000.
14. Кудрявцев В. И. Право и поведение. — М., 1978.
15. Личность и общество в правовом государстве: материалы международной научно-теоретической конференции / Гл. ред. А. Х. Миндагулов; ред. кол. А. К. Касабек [и др.]. — Алматы, 2002.
16. Мотивация преступления и уголовная ответственность / У. С. Джекебаев, Т. Г. Рахимов, Р. Н. Судакова. — Алма-Ата, 1987.
17. Мотивы преступлений: уголовно-правовое и социально-психологическое исследование / Б. С. Волков. — Казань, 1982.
18. Уличная преступность: монография / Е. И. Каиржанов, Г. М. Мукашев. — Караганда, 1998.

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. Автокөлік қылмысын жасаған қылмыскер тұлғасының ерекшеліктері / С. Берглеуов // Предупреждение преступности. — 2012. — № 1. — Б. 49—50.

2. Влияние криминогенных личностных факторов на преступную деятельность серийных сексуальных убийц / О. А. Логунова, Н. В. Дворянчиков // Юридическая психология. — 2015. — № 1. — С. 32—36.

3. Значение исследования личности организатора преступного сообщества (преступной организации) в процессе расследования / А. В. Бутырская // Российский следователь. — 2013. — № 10. — С. 38—40.

4. Использование психолого-криминалистического портрета мошенника, посягающего на материальные интересы страховых компаний, при производстве допросов в условиях конфликтной ситуации / О. В. Трубкина // Российский следователь. — 2015. — № 15. — С. 21—23.

5. Криминалистическая характеристика лиц, совершающих хищения с незаконным проникновением в жилище в условиях мегаполиса / С. И. Худиева // Российский следователь. — 2015. — № 5. — С. 12—15.

6. Криминалистическая характеристика убийств, совершаемых по найму / А. Копешбаев // Ғылымның дамуындағы жастардың рөлі мен орны (Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының негізгі ережелері аясында): Жас ғалымдардың халықар. ғыл.-теор. конф. матер. = Роль и место молодежи в развитии науки (в свете основных Положений Послания Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева «Қазақстанский путь — 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее»). — Караганда, 2014. — С. 112—114.

7. Криминалистическое учение о личности: постановка проблемы / А. В. Брылевский // Ғылым = Наука. — 2012. — № 3. — С. 39—41.

8. Криминологическая характеристика этнических организованных преступных групп / О. П. Грибунов, Е. И. Баских // Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды академиясының хабаршысы = Вестник Карагандинской академии Министерства внутренних дел Республики Казахстан. — Караганда, 2013. — № 4. — С. 52—54.

9. Қылмыскер тұлғасының мінездемесі / М. Нұржанов, Р. Б. Қалиярова // Заң және қоғамдық ғылымдардың өзекті проблемалары: Халықар. ғыл.-тәжіриб. конф. матер. 2015 жылғы 24 сәуір = Актуальные проблемы юридических и общественных наук: Матер. междунар. науч.-теор. конф. 24 апр. 2015 г. — Караганда, 2015. — Б. 103—104.

10. Личность террористов и экстремистов, основывающих свою деятельность на идеях радикального ислама / Э. Ф. Нарусланов // Юридическая психология. — 2015. — № 2. — С. 38—40.

11. Некоторые вопросы структуры женской преступности в Азербайджанской Республике / А. М. Гумбатова // Закон и право = Law & legislation. — 2013. — № 8. — С. 53—56.

12. Некоторые криминогенные детерминанты совершения общественно опасных деяний лиц, страдающих психическими расстройствами / А. Исмагулова // Фемида. — 2014. — № 1. — С. 6—8.

13. Некоторые особенности личности несовершеннолетних соучастников преступления / А. В. Аносов // Российский следователь. — 2014. — № 21. — С. 32—34.

14. Необходимость повышения эффективности исправления преступников / Ю. М. Антонян // Заң және заман = Закон и время. — 2014. — № 3/4. — С. 104—108.

15. Общий взгляд на проблему убийств детей [Электронный ресурс] / Ю. М. Антонян, Ю. С. Дрожжа // Научный портал МВД России. — М.: ООО «Типография МВ», 2014. — № 1 (25). — С. 46—53.

16. Особенности детерминации преступлений против участников уголовного судопроизводства / А. В. Яшин // Закон и право = Law & legislation. — 2015. — № 3. — С. 94—97.

17. Особенности криминологической характеристики лиц, совершивших коррупционные преступления / А. М. Нурахметова // Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды академиясының хабаршысы = Вестник Карагандинской академии Министерства внутренних дел Республики Казахстан. — Караганда, 2014. — № 2. — С. 67—69.

18. Особенности личности преступниц / Д. С. Фомин // Қайнар университетінің хабаршысы = Вестник университета Кайнар. — 2015. — № 1. — С. 124—129.

19. Особенности личности сотрудника Государственной инспекции безопасности дорожного движения МВД России, совершившего преступление / С. А. Новоселов // Российский следователь. — 2014. — № 21. — С. 50—52.

20. Отдельные аспекты криминологической характеристики личности сотрудников органов внутренних дел, совершивших коррупционные преступления [Эл. ресурс] / С. Н. Баймагамбетов // Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды академиясының хабаршысы = Вестник Карагандинской академии Министерства внутренних дел Республики Казахстан. — Караганда, 2011. — № 3. — С. 6—11.

21. Понятие и содержание криминалистической характеристики преступлений о неисполнении обязанностей по воспитанию несовершеннолетнего / С. Д. Шестакова, Е. Л. Козлова // Российский следователь. — 2012. — № 10. — С. 11—13.

22. Психологический портрет террориста / С. Д. Джупказиев, С. С. Дидковский // Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы орталығы Ақпараттық бюллетені. — 2013. — № 2. — С. 21—25.

23. Социально-демографические характеристики несовершеннолетних преступников / Б. Б. Кошегулов // Ғылымның дамуындағы жастардың рөлі мен орны («Қазақстан — 2050» Стратегиясының негізгі ережелерінің аясында): Жас ғалымдардың халықар. ғыл.-теор. конф. матер. = Роль и место молодежи в развитии науки (в свете основных положений Стратегии «Казахстан — 2050»). — Караганда, 2013. — С. 102—105.

24. Типология и криминологическая характеристика личности рецидивиста / М. С. Боранбаев // Ғылымның дамуындағы жастардың рөлі мен орны («Қазақстан — 2050» Стратегиясының негізгі ережелерінің аясында): Жас ғалымдардың халықар. ғыл.-теор. конф. матер. = Роль и место молодежи в развитии науки (в свете основных положений Стратегии «Казахстан — 2050»). — Караганда, 2013. — С. 43—46.

25. Тұлғаның психологиялық ерекшеліктері / М. Қ. Бисенова // Предупреждение преступности. — 2012. — № 1. — Б. 54—55.

26. Фармазоны и кукольники: комментарий / Ж. Мырзахметова // Юридическая газета. — 2013. — № 106 (19 июля). — С. 4.

27. Характеристика личности преступницы по делам об убийстве матерью новорожденного ребенка / Т. А. Капица // Закон и право = Law & legislation. — 2014. — № 4. — С. 119—120.

28. Экстремист қылмыскердің криминологиялық сипаттамасы / Д. Қ. Райбаев // ҚазҰУ Хабаршы. Заң сериясы = Вестник КазНУ. Сер. юридическая. — 2015. — № 1. — Б. 488—496.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫ	6
<i>Қылмыскердің жеке тұлғасын зерттеудегі негізгі тәсілдер.....</i>	<i>6</i>
<i>Қылмыскер тұлғасының түсінігі, криминологиялық зерттеу деңгейі және қылмыскерлер тұлғасының жалпы сипаттамасы</i>	<i>10</i>
<i>Қылмыскердің жеке тұлғасының негізгі ерекшеліктері.....</i>	<i>24</i>
<i>Қылмыскер тұлғасының криминологиялық сипаттамасы.....</i>	<i>28</i>
<i>Қылмыскер тұлғасының құрылымы</i>	<i>30</i>
<i>Қылмыскер тұлғасындағы әлеуметтіктің және биологиялықтың арақатынасы.....</i>	<i>35</i>
<i>Қылмыскердің әлеуметтік позицияларын, рөлдерін және әрекетін зерделеу.....</i>	<i>41</i>
<i>Өмірлік тәжірибенің әлеуметтік және психологиялық аспектілері</i>	<i>42</i>
<i>Қылмыскердің жеке тұлғасын қалыптастыру</i>	<i>46</i>
ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘРЕКЕТ	51
<i>Қылмыстық әрекетке жалпы көзқарас.....</i>	<i>51</i>
<i>Қылмыстық әрекеттің қалыптасуы.....</i>	<i>52</i>
<i>Қылмыстық әрекеттің мотиві (себебі) және қозғамы.....</i>	<i>54</i>
<i>Қылмыс жасаудағы нақты өмірлік жағдайлардың рөлі</i>	<i>60</i>
ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫН ЖІКТЕУ	66
<i>Қылмыскер тұлғасын топтастыру және типтеу мәселелері</i>	<i>66</i>
<i>Қылмыскерлерді қоғамдық қауіптілігі бойынша типтеу.....</i>	<i>69</i>
ҚОРЫТЫНДЫ	84
ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	86
ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР	94
<i>Ғылыми мақалалар.....</i>	<i>94</i>

Алтайбаев Совет Қанаиұлы

ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ЖЕКЕ БАСЫ

Оқу құралы

Редактор: *Б. А. Қалиев*

Техникалық редактор: *Р. М. Стафеев*

Корректор: *Ж. Ш. Жалмаханова*

Тексеруге 02.09.2016 ж. 27.09.2016 ж. қол қойылды.

Қалабы 60×84¹/₁₆. Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа.

Шартты баспа табақ. 5,81. Есепті баспа табақ. 5,69.

Таралымы 100 экз. Тапсырыс № 1149.

Қазақстан Республикасы ҒИМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа
жұмысын ұйымдастыру бөлімі.

Қазақстан Республикасы ҒИМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының 2016 жылға арналған әдебиеттер
шығару жоспарының № 22.

Қазақстан Республикасы ҒИМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының баспаханасында басылды.

